

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

БАС РЕДАКТОР

Ж.О. Жылбаев - п.ғ.к., Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті, ҚР БҒМ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ

М.Е. Мұқатова - п.ғ.к., Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА вице-президенті

А.М. Мамырханова - т.ғ.к., доцент, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА ғалым-хатшысы

Ж.Ж. Наурызбай - п.ғ.д., профессор, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, Тәрбие және этномәдениет бөлімінің меңгерушісі

Д.П. Қожамжарова - п.ғ.д., профессор, Тараз педагогикалық институтының ректоры

Л.А. Худенко - п.ғ.д., доцент, «Ұлттық білім институты» ғылыми-әдістемелік мекемесінің ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары (Беларусь Республикасы)

В.Н. Скворцов - э.ғ.д., профессор, А.С. Пушкин атындағы Ленинград мемлекеттік университетінің ректоры (РФ)

Л.В. Моисеева - п.ғ.д., профессор, Орал мемлекеттік педагогикалық университетінің кафедра меңгерушісі, (Екатеринбург қ., РФ)

С.Ж. Пралиев - п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры

М.Н. Сарыбеков - п.ғ.д., профессор, М.Х. Дулати атындағы ТарМУ ректоры

Б.А. Жетпісбаева - п.ғ.д., профессор, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, шетел тілдері факультетінің деканы

С.В. Чернышенко - білім беру бағдарламаларының менеджері, Кобленц-Ландау университетінің профессоры (Германия)

Л.С. Сырымбетова - п.ғ.к., Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, Үштілді білім орталығының директоры

Корректор - Мұхатаева Б.М.

Корректор - Жакишева М.К.

МАЗМҰНЫ

**ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ҰЛЫ АҒАРТУШЫСЫ
Ы.АЛТЫНСАРИНГЕ – 175 ЖЫЛ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі
Е.К. Сағадиевтің құттықтау сөзі.....3

Қазан федералды университетінің ректоры
Ильшат Гафуровтың құттықтау сөзі.....5

Беларусь Республикасы Ұлттық білім институтының
директоры С.А. Важниктің құттықтау сөзі.....6

Ж.О. Жылбаев
Ұлы ұстаз тағылымы
(Ы. Алтынсариннің 175 жылдық мерейтойына орай).....7

А.Т. Миразова
Ыбырай ізімен.....11

С. Қалиұлы
Ы.Алтынсарин – Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің негізін
салушы, ұлы педагог, демократ, ағартушы.....15

Е.В. Бережнова
Жақсы мұғалімнің өмірлік құндылығы.....19

Р. Башарұлы
Ыбырай Алтынсарин өскен өнегелі орта:
ғибраты мен шапағаты және тарихи сабақтастық.....23

Н.А. Асипова
Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен
қызметінің өміршеңдігі.....27

Е.А. Әбіл
Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық идеяларының
Қазақстан Республикасы заманауи білім беру жүйесін
жаңарту үдерісімен үндестігі.....35

К.Р. Калкеева
Ыбырай Алтынсарин – білім берудің ұлттық
парадигмасының негізін қалаушы.....39

С. Оспанұлы
«Қазақ хрестоматиясы» қалай жазылды?».....41

С. Оспанұлы
Ыбырай мен Абай.....50

Е. Арыққара
Ыбырай танымындағы ислам құндылықтары.....56

С. Әмірғазин
Ұлт болашағын болжай білген.....60

Р.Қ. Қуанова
Ыбырай Алтынсариннің Ырғыздағы ізімен.....65

З.Қ. Балтабаева
Ыбырай Алтынсариннің шәкірттері мен
ізбасарлары.....69

ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

Ү.А. Baizhanov, S.A. Kadyrova
Инклюзивті аудиторияда тіл мәселелерін шешу.....83

Авторларға арналған ереже.....87

СОДЕРЖАНИЕ

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Ж.О. Жилбаев - к.п.н., президент НАО им. И.Алтынсарина, МОН РК

ЧЛЕНЫ РЕДАКЦИОННОЙ КОЛЛЕГИИ

М.Е. Мукатова - к.п.н., доцент, вице-президент НАО им. И.Алтынсарина

А.М. Мамырханова - к.и.н., доцент, ученый секретарь НАО им. И.Алтынсарина

Ж.Ж. Наурызбай - д.п.н., профессор, зав. отделом воспитания и этнокультуры НАО им. И.Алтынсарина

Д.П. Кожамжарова - д.п.н., профессор, ректор Таразского педагогического института

Л.А. Худенко - д.п.н., доцент, заместитель директора научно-исследовательского института «Национальный институт образования» Министерства образования Республики Беларусь

В.Н. Скворцов - д.э.н., профессор, ректор Ленинградского государственного университета имени А. С. Пушкина (РФ)

Л.В. Моисеева - д.п.н., профессор, зав. кафедрой Уральского государственного педагогического университета, г.Екатеринбург (РФ)

С.Ж. Пралиев - д.п.н., профессор, ректор КазНПУ им. Абая

М.Н. Сарыбеков - д.п.н., профессор, ректор ТарГУ им. М.Х. Дулати

Б.А. Жетписбаева - д. п. н., профессор, декан факультета иностранных языков КарГУ им.Е.А.Букетова

Л.С. Сырымбетова - к.п.н, директор центра научных исследований НАО им. И.Алтынсарина

Корректор - Мухатаева Б.М.

Корректор - Бекмурзина Т.Т.

**175 ЛЕТ ВЕЛИКОМУ ПРОСВЕТИТЕЛЮ
КАЗАХСКОГО НАРОДА И. АЛТЫНСАРИНУ**

Приветственное слово министра образования и науки Республики Казахстан Е.К. Сагадиева.....4

Приветственное слово ректора Казанского федерального университета Ильшата Гафурова.....5

Приветственное слово директора Национального института образования Республики Беларусь С.А. Важника.....6

Ж.О. Жилбаев
Пример великого учителя (К 175-летию И. Алтынсарина).....7

А.Т. Миразова
По заветам Ибрая.....11

С. Калиев
И. Алтынсарин – основатель просвещения в Казахстане, великий педагог, демократ, просветитель.....15

Е.В. Бережнова
Непреодолимая ценность хорошего учителя.....19

Р. Башарулы
Благодатная среда, вырастившая И. Алтынсарина: благочестивое влияние и историческая преемственность.....23

Н.А. Асипова
Жизнестойкость педагогических идей и деятельности И.Алтынсарина.....27

Е.А. Абыль
Созвучие просветительских идей Ибрая Алтынсарина современным тенденциям модернизации в системе образования Республики Казахстан.....35

К.Р. Калкеева
Ибрай Алтынсарин – основоположник национальной парадигмы образования.....39

С. Оспанулы
«Как писалась «Казахская хрестоматия».....45

С. Оспанулы
Ибрай и Абай.....50

Е. Арыккара
Исламские ценности в понимании Ибрая.....56

С. Амиргазин
Видение будущего нации.....60

Р.К. Куанова
По следам Ибрая в Иргизе.....65

З.К. Балтабаева
Ученики и последователи Ибрая Алтынсарина.....69

ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ОБУЧЕНИЯ

Е.А. Байжанов, С.А. Кадырова
Устранение языковых проблем в инклюзивной аудитории.....83

Правила для авторов.....88



Құрметті конференцияға қатысушылар!

Тәуелсіздіктің 25 жылдығын тойлау Ұлы даладағы әйгілі педагог-ағартушы Ы.Алтынсариннің мерейлі 175 жылдығымен сәйкес келіп отыр. Өз халқына шексіз қызмет еткені үшін Елбасы Н.Ә.Назарбаев Ыбырай Алтынсаринді Қазақстанның халық ағарту саласының тұңғыш ағартушысы деп атаған.

Бәрімізге мәлім, Ыбырай Алтынсарин сол алыс жылдары Торғай мектебінде мұғалім болып жұмыс істей отырып, оқу-тәрбие процесін жаңаша ұйымдастыра білді, сонымен қатар, ол «Қазақ хрестоматиясы» және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралының» авторы болып табылады. Ы.Алтынсарин жастарға кәсіптік білім берудің қажеттігін терең ұғынып, ол қазақ жастарын өнердің әр түрін меңгеруге шақырды, 1883 жылы Торғай қаласында тұңғыш қолданбалы өнер кәсіптік-техникалық оқу орнын, ал 1888 жылы Орскіде қазақ жастарының арасынан бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлайтын мектеп ашты. Ұлы Ыбырай – қазақ әдебиетіндегі тұңғыш аудармашы, ол бірінші болып Л. Толстойдың, И. Крыловтың шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Қазақ халқының ұлы перзентінің есімін мәңгі есте сақтау мақсатында «Ы.Алтынсарин» медалі белгіленді.

Ыбырай Алтынсариннің есімі Ұлттық білім академиясына, бірқатар елді мекендерге, Қазақстан қалаларының көптеген көшелеріне, республиканың елу мектебіне, Арқалық педагогикалық институтына, Рудныйдағы әлеуметтік-гуманитарлық колледжіне берілді. Оның туған жерінде мемориалдық мұражай ашылды.

Ыбырай Алтынсариннің 175 жылдық мерейтойына арналған «Ыбырай Алтынсарин және заманауи білім беру» конференциясы ұлы ағартушының педагогтік мұрасын зерделеу бойынша тәжірибе алмасуды және оның идеяларын қазіргі білім беру жүйесінде іске асыруды көздейді.

Бүгінгі күні отандық білім беру саласында көптеген жаңалықтар енгізілді, сондықтан тарихи сабақтастықтың маңызы зор.

Конференцияның қатысушыларына зор денсаулық, жемісті еңбек тілеймін!

Білім және ғылым министрі

Е. Сағадиев

Уважаемые участники конференции!

Празднование 25-летия Независимости Казахстана совпало со 175-летием выдающегося педагога-просветителя в Великой степи Ыбырая Алтынсарина.

Елбасы, Нурсултан Абишевич Назарбаев, назвал Ыбырая Алтынсарина «первым апостолом народного просвещения Казахстана» за беззаветное служение народу, которое заслуживает огромного восхищения.

Как известно, Ыбырай Алтынсарин, в те далекие годы по-новому организовал учебно-воспитательный процесс, также является автором Казахской хрестоматии и начального руководства к обучению казахов русскому языку. Он глубоко понимал важность профессионального обучения молодежи, призывал казахскую молодежь к овладению различными видами искусств, открыл первое профессионально-техническое учебное заведение прикладного искусства в г. Тургай в 1883 году, а в 1888 году в Орске - школу для подготовки учителей начальных классов из числа казахской молодежи. Великий Ыбырай – первый переводчик в казахской литературе, он первым перевел произведения Л. Толстого, И. Крылова на казахский язык.

С целью увековечения памяти великого сына казахского народа учреждена медаль «Ы.Алтынсарин».

Имя Ы. Алтынсарина присвоено Национальной академии образования, ряду населенных пунктов, улицам городов Казахстана, 50 школам республики, Аркалыкскому педагогическому институту, Рудненскому социально-гуманитарному колледжу. На родине великого ученого создан мемориальный музей.

Конференция «Ибрай Алтынсарин и современное образование», посвященная 175-летию Ы.Алтынсарина, предусматривает обмен опытом по изучению наследия великого педагога и реализации его идей в современной системе образования.

Сегодня происходит много нововведений в отечественной системе образования и значимость исторической преемственности обретает особенно большое значение.

Желаю всем участникам конференции плодотворной работы!

Министр образования и науки



Е. Сагадиев



**Уважаемые коллеги –
участники международной конференции
«Ибрай Алтынсарин и современное образование»!**

Очень рады приветствовать вас от имени ученых Казанского (Приволжского) федерального университета!

Конференция, посвященная 175-летию со дня рождения казахского педагога-просветителя Ибрая Алтынсарина, является знаковым событием для развития педагогической мысли народов Казахстана и России:

конференция является символом дружбы, сотрудничества между народами Казахстана и России, символом перспективного развития современного образования и науки.

Ибрай Алтынсарин, великий казахский просветитель, сыграл большую роль в становлении светского образования на территории современного Казахстана. Его деятельность оставила яркий след в становлении культуры и образования Казахстана во второй половине XIX века.

На территории современного Татарстана такую же миссию выполняли известный просветитель Каюм Насыри, поэт Габдулла Тукай и др.

Все вместе они заложили основы межкультурного диалога, добрососедства, сотрудничества и взаимопомощи между казахами, русскими, татарами и другими народами.

Казанская модель педагогического образования всегда строилась и обновлялась на основе учета великого наследия прошлого. Образование без опоры на национальные традиции и вне интеграции с мировыми достижениями не имеет будущего.

Поэтому передовой опыт построения педагогического образования в Казахстане, интегрирующий и национальные, и российские, и мировые достижения, всегда вызывал в России и Татарстане восхищение и горячую поддержку. Ученые Казахстана всегда были и остаются желанными гостями Казанского (Приволжского) федерального университета.

От души желаем нашим друзьям, коллегам, ученым и педагогам, творческих успехов в деле развития педагогического образования, повышения его качества и конкурентоспособности!

Ректор Казанского (Приволжского)
федерального университета

Ильшат Гафуров



**Глубокоуважаемый Жанбол Октябрович!
Уважаемые друзья!**

Национальный институт образования Республики Беларусь приветствует участников международной конференции, посвященной 175-летию со дня рождения великого педагога-просветителя Ибрая Алтынсарина.

Убеждены, что такой представительный форум станет заметным событием в научной жизни Казахстана, а также значимым мероприятием для зарубежных ученых и специалистов в области образования. Организация и проведение дискуссионных площадок столь высокого уровня является прекрасной возможностью для открытого и заинтересованного диалога, обмена опытом по наиболее актуальным проблемам современного образования. Символично, что проведение конференции ознаменовано юбилейной датой выдающегося ученого и общественного деятеля, оказавшего значительное влияние на становление образования казахского народа.

Национальная академия образования имени Ибрая Алтынсарина широко известна как уникальное научно-педагогическое учреждение, имеющее самое высокое признание в системе образования Республики Казахстан и в международном научном сообществе. Национальная академия вносит существенный вклад в развитие образования в стране, постоянно демонстрируя ответственный и творческий подход к решению актуальных образовательных задач, верность традициям и высокий профессионализм. Благодаря инновационной направленности своей деятельности, активному использованию современных технологий, постоянному творческому поиску коллектив Академии неизменно добивается успехов в выполнении своих задач и реализации новаторских проектов.

Пользуясь случаем, хотим поблагодарить Вас за конструктивное взаимодействие в вопросах научно-методического обеспечения общего среднего образования. Мы высоко ценим многолетнее плодотворное сотрудничество между нашими организациями и выражаем надежду на сохранение сложившихся партнерских отношений. Искренне желаем Вам дальнейшего процветания, неиссякаемого энтузиазма, вдохновения!

Плодотворной работы участникам конференции! Надеемся, что научный форум откроет перспективы развития инновационных проектов и совместных инициатив для повышения качества образования в наших странах!

*С уважением
от имени коллектива
директор Национального института образования*

С.А. Важник

ҰЛЫ ҰСТАЗ ТАҒЫЛЫМЫ (Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ 175 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ)

Ж.О. Жылбаев

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті

Елбасы – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның болашағын «Мәңгілік Ел» идеясымен байланыстырғанда, алдыңғы орындардың біріне ұлттың тарихи санасын қояды. Ұлттың тарихи жады неғұрлым терең, тарихи санасының тамыры неғұрлым берік болған сайын әрбір адамның да, қоғамның да рухани әлемі кең де таза болады.

Бүгінгіні танып, болашақты барлау үшін өткенді білу қажет. Әсіресе, халқының қамын жеп, ұлтының ертеңіне қалтқысыз қызмет еткен, ел тарихында аты мәңгі өшпейтін дара тұлғалардың тағылымға толы өмір жолынан үлгі-өнеге ала білу маңызды. Сондай ғұламалардың бірі әрі бірегейі қысқа да жарқын ғұмырын ағартушылық іске арнаған, қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туғанына үстіміздегі жылдың 2 қарашасында 175 жыл толады.

Ыбырай 1841 жылы қазан айының 20-сында (ескі стильмен) қазіргі Қостанай облысы, Қостанай ауданында дүниеге келді. Үш-төрт жасында әкесі Алтынсарықайтыс болып, атасы Балғожа бидің қолында өсіп, тәрбиеленді. Орынбор шекара комиссиясы қазақ балаларына арнап ашқан мектепті үздік бітірді. Дүниежүзі әдебиеті классиктері – У. Шекспирдің, И. Гетенің, Д. Байронның, А.С.Пушкиннің, М.Ю. Лермонтовтың, Н.В.Гогольдің, И.А.Крыловтың,

Ә. Фирдоусидің, Г. Низамидің, Ә. Науаидің т.б. шығармаларымен ерте таныс болды. Мектепті бітірген соң Орынбор облысы басқармасында аудармашы болып істеді.

1860 жылы Ыбырай Алтынсарин Торғай мектебіне мұғалім болып келді. Оқу-тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды. Баланың оқуға деген ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздеді, оқуды ана тілінде жүргізді, пән негіздерінен білім беруге тырысты. Балаларды оқытуда, әсіресе, ана тіліне үйретуде К.Д.Ушинскийдің ойларын басшылыққа алды. Ұлы ағартушы мұғалімнің атқаратын рөлін жоғары бағалады. «Халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да мұғалімге тең келе алмайды», - деп есептеді.

1876 жылы Ы. Алтынсарин Петербург, Қазан қалаларына барып орыстың ағартушылық жүйесін, ағартушыларының еңбектерін зерттеді.

1879 жылы Ыбырай Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалды. Бұл оның ағартушылық қызметінің кең өріс алуына мол мүмкіндік берді. 1879–1883 жылдар аралығында Торғай облысының төрт уезінде (Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе) жаңа мектептер ашты. 1887 жылы Елек уезіне қарасты Бөрте болысынан, Қостанай

уезінің Обаған және Жітіқара болыстарынан жанында қазақ балалары үшін 25 орындық интернаттары бар бір сыныптық мектептер ашты.

Ыбырай Алтынсарин оқулыққа мектепте білім мен тәрбие берудің басты құралы деп қарады, орыс-қазақ мектептері үшін арнайы оқу құралдарын шығару қажет деп санады, кітаптарды қазақтың өз тілінде басып шығару керек деп білді.

Ы. Алтынсарин – кириллица таңбалары негізінде қазақ әліпбиін құрастырушы. Оның 1879 жылы Орынбор қаласында жарық көрген кириллица әріптерімен жазылған «Қазақ хрестоматиясы» - зайырлы білім беру мектебінің алғашқы оқулығы. Сол жылы Орынборда шыққан «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» – зайырлы білім беру мектебінің мұғалімдерге арналған тұңғыш оқу құралы болды. Екі оқулық та К.Д.Ушинскийдің педагогикасы мен оның «Балалар әлемінің», Л.Н.Толстойдың, И.И.Паульсонның, Н.А.Корфтың және тағы басқалардың оқу құралдарын басшылыққа ала отырып, қазақ ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінің озық үлгісіне негізделген.

Бұл кітаптардағы өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, еңбекке, имандылыққа тәрбиелейтін үлгі-өнегеге, ғибратқа толы шығармалары ешқашан да өзінің маңызын жоймайды. Олар балалар мен жастарды талаптылыққа, сабырлылыққа, мейірімділікке, рахымды болуға, обал мен сауапты танып білуге, әлсіздерді ренжітпеуге тәрбиелейді, шешендікке, батырлыққа, халық қамын ойлап, қорғаны бола білуге баулиды. Сонымен қатар, оның шығармалары иманды, шыншыл, жомарт болуға шақыра отырып, ойланып сөйлеуге, кәсіпкерлікке, тазалыққа, әдептілікке, қанағат-

шылдыққа, әділдікке, жинақылыққа, өтірік айтпауға, надандықтан аулақ болуға, жамандықтың өзіне жақсылық жасауға, қонақжайлылыққа, тәкәппар болмауға, жан-жануарға қамқорлық көрсетуге үндейді және тәрбиелейді.

Ұлы ағартушы халықты білімге, ғылымға шақырды, оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына назар аударды. Автор «Қазақ хрестоматиясы» туралы: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім...» деп атап көрсеткені осы ойымыздың бір дәлелі болса керек.

Ы.Алтынсарин ескішіл әдет-ғұрыптармен күрестің бір жолы ретінде қазақ қыздарын оқыту ісін қолға алды. Бірақ, бұл маңызды бастаманы іске асыру кезінде ол патша үкіметі тарапынан жасалған кедергілерге тап болды. Табандылық, қажыр-қайрат көрсетіп, 1887 жылы Ырғызда арнайы құралдармен жабдықталған тұңғыш қыздар мектебін ұйымдастырды. Онда қазақ қыздары орыс тілін және арифметиканы оқыды, оқу пәндері тігіншілік өнерін меңгеруге арналды.

Ыбырай жастарға кәсіптік білім берудің маңыздылығын терең түсінді. Қазақ жастарын оқу, өнер, техниканы игеруге үндеді. 1883 жылы Торғай қаласында ол ашқан қолөнер мектебі қазақ даласындағы тұңғыш кәсіптік-техникалық оқу орны болды. 1888 жылы Орскіде бастауыш мектептер үшін қазақ жастарынан оқытушылар даярлайтын мұғалімдер мектебі ашылды. Өзінің мал-мүлкін Қостанайда ауылшаруашылық училищесін ашуға жұм-

сауға өсиет етуі де Ыбырайдың азаматтық-ағартушылық тұлғасын биіктете түседі.

Ы. Алтынсарин – жазушы, ғалым, этнограф, жазба қазақ әдебиетінің негізін қалаушы. Ыбырай өлеңдері мен әңгімелері – халықты білімге, ғылымға шақырған, жастарды еңбек сүйгіштікке, рухани-адамгершілік құндылықтарға үндеген, өз елі, жері, табиғатын жырлап, сол арқылы өскелең ұрпақ бойында табиғатты, Отанды сүю сезімдерін тәрбиелеуге бағытталған көркем әдебиет жаухарлары.

Ыбырай – қазақ әдебиетіндегі тұңғыш аудармашы. К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, И.А.Крылов, И.Паульсон шығармаларын қазақ тіліне тәржімалап, демократтық, гуманистік әдебиеттің үлгісін әкелді, оның дамуына жол ашты.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ баласына қара танытқан, ұлттық құндылықтар арқылы тәлімді тәрбие берген ұлы ұстаз.

Кеңес үкіметі тұсында Ы.Алтынсарин туралы кейбір тәрбиеге байланысты мақалаларда ол атеист, мұсылмандар дініне қарсы деген пікірлер айтылып қалып жүрді. Бұл не қара, немесе ақ деп түсіндіретін коммунистік идеологияға негізделген көзқарастар деп қарастыру қажет.

Медреселерде ислам дінін насихаттап сабақ беретін молдалардың заман талабына сәйкес зайырлы білім беруге қабілетсіздіктеріне көзі жеткен Ы.Алтынсарин қазақ-орыс мектептерін ашу арқылы қазақ жастарына білім беріп, кәсіпке үйретуді алдына мақсат етіп қойды. Сондықтан ол мұсылман дініне қарсы болды, христиан дінін таратуға күш салды деп қорытынды жасау шындыққа жанаспайтын, жаңсақ пікір.

Керісінше, ол өзін мұсылман санап өткен ұстаз екенінде дау жоқ. «Жаз» де-

ген өлеңінде «Құдайға шүкір етер жас пен кәрі, Бердің деп жаңға рахат мұндай дәрі» десе, атақты Сөз басы өлеңінде «Бір Құдайға сыйынып, Кел, балалар, оқылық», - дейді. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. 1884 жылы дін сабағын беретін мұғалімдерге арналған «Мұсылманшылықтың тұтқасы. Шариат-ул-ислам» оқулығын жазып, Қазан қаласында араб әрпімен бастырып шығаруы да сөзіміздің бір дәлелі.

Ы.Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінде дін сабағы оқылатын кезде қазақ балаларына жеке діни тәрбие берілуін талап етті. В.В.Катаринскийге жазған бір хатында: «Біздің Бессонов Александр Григорьевич, сірә, есінен айрылған болар деймін. Әйтпесе, оның өз оқушыларына істеген сорақылықтарын басқаша түсіне алатын емеспін. ...Бақсам, ол оқытушылар мектебінің 3-ші және 4-ші кластарында, оқытушылардың қарсы болуына қарамастан, бір ай бойы інжіл мен оның парыздарын уағыздай бастапты. Осының нәтижесінде, бір жағынан, ол оқушыларға өшігіп, қатал қарай бастайды да, екінші жағынан, оқушылар оқудан бас тарта бастапты...», - дейді.

Сондықтан да, ұлы халық ағартушысы Ы.Алтынсариннің еңбегіне баға бергенде, солардың ішіндегі еліміз үшін ең маңыздысы – оның халық ағарту жолындағы зайырлы мектептер ашу, ауыл балаларына білім беру, оларды кәсіпке үйрету, қазақ қыздарын білім жолына тарту болғанын естен шығармауымыз қажет.

Қазақ халқының ұлы перзенті, тұңғыш ағартушысы Ы. Алтынсаринді мәңгі есте қалдыру мақсатымен оның есімі 51 мектеп, 1 колледж, 1 педагогикалық институт пен Білім академиясына берілген. Ағартушы-педагог атымен бірқатар елді мекен, көптеген көше аталған, мұражайлар ашылған. Білім

беру саласының үздіктері үшін «Ы. Алтынсарин» медалі тағайындалған.

Бүгінгі күні Ы.Алтынсариннің 175 жылдығы қарсаңында, оның білім саласын дамытудағы тарихи рөлін сараптай отырып, дәстүр мен инновацияның сабақтастығының маңызын аса терең сезіммен түсінеміз. Осы сабақтастық әр уақытта Академияның қызметінің негізін құрап келді, ол ең алдымен білім жүйесін әдістемелік қамтамасыз етуге, барлық деңгейдегі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын жасауға және енгізуге бағытталған.

Академия шағын жинақты мектептерді (ШЖМ) қоса есептегенде жалпы білім беретін мектептердің педагогтеріне оқу-тәрбие ісінде көмектесетін оқу-әдістемелік материалдар әзірлейді. Жыл сайын «Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» нұсқаулық-әдістемелік хат дайындалады. Академия қызметкерлері Байқоңыр қаласының қазақстандық мектептері үшін өтпелі оқу бағдарламаларын әзірледі.

Академия өз сайтында барлық ғылыми-әдістемелік материалдарды орналастыра отырып еліміздің ұстаздар қауымдастығымен үнемі тығыз байланыста болады.

Академия қызметінің негізгі бағыттарының бірі – білім саласындағы ғылыми зерттеулер. Тек кейінгі үш жылда 9 ғылыми жоба орындалды, олардың барлығы Ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы тарапынан жоғары балл алды. Оның негізі зерттеу жұмыстарының өзектілігі және олардың нәтижелерін білім саласында практикаға енгізу болып табылады.

Ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ескере отырып, Академияда мынадай жобалар жасалды:

- «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері», «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдемелері», «Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру туралы ереже»;

- педагогикалық білім беруді жаңғырту және педагогтерді тәуелсіз сертификаттау жобалары;

- ШЖМ-де білім сапасын арттырудың Жол картасының жобасы;

- Білім саласындағы алғашқы кәсіптік стандарттар.

Бүгінгі күні Академия қызметкерлері білім саласындағы біліктіліктің салалық рамкасын және педагогтің кәсіптік стандартын жаңарту бағытында жұмыстар жүргізуде.

Білім берудің жаңартылған мазмұнын республиканың 30-ға жуық пилоттық және 41 мектепте деңгейлік оқулықтар мен қазақ тілі бойынша оқу-әдістемелік құралдарды апробациядан өткізудің басталуына байланысты (Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесін трансляциялау) Академия тиісті мониторингті зерттеу жүргізуде.

Жүйелі деңгейдегі жұмыстар Қазақстанның жоғары оқу орындарының ғалымдарын, мұғалім-практиктерді және халықаралық сарапшыларды шақыра отырып, халықаралық тәжірибенің негізінде жүргізіледі.

Академия 2013 жыл мен 2016 жыл аралығында 25 шетелдік университетпен (Англия, Германия, Ресей, т.б.) және халықаралық ұйымдармен (ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, т.б.) меморандум мен келісімдер жасады.

Ынтымақтастық шеңбер аясында соңғы 3 жылда 9 халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді; 400 жуық ғылыми жұмыстар жарияланды, оның ішінде 3 халықаралық ұжымдық монография (Ресей, Германия, Гонконг), импакт-фактор журнал-

дарында 6 мақала жарияланды. Тоқсан сайын үш ғылыми журнал басылып шығады.

Академияның мерейтойлық кітабы шығарылды. Ғылыми қызметкерлер Академияның бұрынғы басшыларының барлығымен дерлік сұхбат жүргізді, мұрағат материалдарын, ардагерлер естеліктерін жинады. Ардагерлермен Академия тығыз байланыс орнатқан, өз іс-шараларына шақыруды ұмытпайды, елеулі оқиғалармен құттықтап тұрады.

Ы.Алтынсариннің 175 жылдық мерейтой жылында Академия «Ы.Алтынсарин және заманауи білім» атты халықаралық конференция өткізуге дайындалуда.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы өзінің қызметін өткен жылдардағы тәжірибелерді ескере отырып жүргізеді. Оның тарихы 95 жылды құрайды.

Академия бастауын сонау 1921 жылы Орынбор қаласында қазақтың таным мен рухани күмбезінде Темірқазықтай орны бар ғұлама, ірі мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының басқаруымен Қазақ Халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтан (Ақорталық) алады.

1933 жылы Педагогикалық ғылыми-зерттеу институты құрылды,

1951 жылы ол Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтына айналды.

Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті мен Министрлер кеңесінің 1966 жылғы 7 қазандағы №722 «Ыбырай Алтынсариннің 125 жылдығын тойлау» туралы Қаулысы негізінде Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтына Ыбырай Алтынсарин есімі берілді.

1993 жылы Ғылыми-зерттеу институты базасында Ы.Алтынсарин атындағы білім мәселелері институты құрылды, ол 1998 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы деп аталды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 сәуірдегі №365 қаулысымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып құрылды.

Академия өзінің бүкіл тарихи жолында, оның ішінде ұлы ағартушы-педагог атын алған 50 жыл бойы, білім берудегі игілікті міндетін іргелі істер арқылы жүзеге асырып келеді.

Ұлттық білім академиясының Ыбырай Алтынсарин атында екендігін біз мақтан тұтамыз әрі зор жауапкершілікті сезінеміз.

ЫБЫРАЙ ІЗІМЕН

А.Т. Миразова

*Қазақстанның Еңбек Ері, «Алтын жұлдыз», «Отан» ордендерінің иегері,
Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер, Ы.Алтынсарин атындағы
№ 159 гимназиясы директоры, Алматы қ.*

Бүгіндері Қазақ Елі халық алдындағы өзінің тарихи миссиясын абыроймен орындап, күннен-күнге күш алып, алға даму үстінде. Қазақстан Республикасы өзінің Тәуелсіздігінің 25 жылдығын бұрын-соңды болмаған биікте қарсы алуда. Әрбір қазақстандықтың амандығы, қауіпсіздігі, еңбек ету мүмкіндігі, баспаналы болуы, білім алуы, денсаулығын сақтауы, тұрмыс сапасының артуы достық пен келісімде, бейбітшілікте өмірсүруі, ертеңгі күнге сенімділігі сияқты құндылықтарын қамтамасыз еткен Қазақстанның игілігін бәріміз де көріп отырмыз. Біз – қазір саяси тұрақты, әлеуметтік-экономикалық қуатты, әлем таныған елміз.

Қазақ Елі, Ұлы Дала Елі, осылайша бар әлемге танымал Мәңгілік Ел болып, өзінің торқалы, берекелі, бейбітшілік салтанат құрған 25 жылдығында үнемі алға ұмтылдыратын жаңа жолдар белгілеуде. «Қазақстан – 2050»: Нұрлы Жол» даму стратегиясы аясында білім беру саласында да озық мақсаттар қойылуда.

Біз мектеп тарихының жаңа кезеңіне қадам бастық. Дәлірек айтсақ, мектепте білім берудің философиясы, мақсаты, мазмұны, технологиясы жаңа бағыттарға бағдар алуда.

Жаңашылдық деген өзіне дейінгінің бәрін жоққа шығару емес, керісінше ол бар тәжірибенің озық үлгілерін, ақыл-ойын, идеяларын жаңа мақсаттар тұрғысынан жаңартуды да қарастыра-

ды. Міне, осы орайда, 175 жылдығын атап өтіп отырған ұлы ағартушымыз Ыбырай Алтынсариннің ізгілікті педагогикалық мұраларынан ақыл-ой, идеяларынан алатын нәріміз аз болмақ емес. Ы.Алтынсариннің «шапқан – озар, жатқан – қалар» дегеніндей, сол ұлы ағартушының мұраларын зерделеп, жасап, өзектілерін пайдаға асыруға қамдану жөн болмақ.

Ұлтымыздың ізгі мұраттарының өткенін, бүгінгісін және келешегін жалғастыруда Ыбырай үлгісі ерекше. Ол байырғы халық педагогикасын өз заманына сай етіп қолданып, оны келешек үшін қасиетті қазына етіп жол ашып берді. Осы киелі іске өз ғұмырын арнаудың өшпес өнегесін көрсетті. Оның: «Ал енді құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта да қайтпаймын», - деп жазғаны бүгінгі білімнің жаңа табалдырығын аттағалы тұрған әрбір мұғалімнің еңбек сертіндей естіледі.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық ісінде күні бүгін де жаңа мектеп тәжірибесінде қолдану үшін өзекті идеялар бар.

Біріншіден, Ыбырайдың мына сөзінің бүгінгі сыни ойлауға үйрету технологиясымен үндестігін аңғарамыз. Алтынсарин сол кездің өзінде былай деп жазды: «Мектептерде оқушыларды әр нәрсеге де ақыл-оймен қарай білетін

етіп шығаруымыз керек». Ұлы ағартушының бұл идеясы қазіргі мектепке қарқынды енгізіліп жүрген Кембридж технологиясының негізгі мәнімен сабақтасып жатыр.

Екіншіден, Ы.Алтынсарин ана тілін таза меңгергенде ғана, балаға басқа тілді үйретуді қолдаған. Басқа тілді еркін меңгерудің ең оңтайлы жолы – ауызекі сөйлеуді үйрету деген тұжырымға келген. Бұл қазіргі мектепте технологиялық басшылыққа алынып отырған Блум таксономиясының мазмұндық құрылымымен сәйкес. Яғни, Алтынсарин де диалогтің тұлға дамытудың ең басты құралы екенін танып, ұғына алған. Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі оқушы өз білгенін өзіне, құрбысына үйрету жолымен үлкен сапаға көтеріледі деген жетекші идеяны Ы.Алтынсарин де көре білген.

Үшіншіден, сыни ойлаудың бір көрінісі ретінде қазіргі мектепте эссе жазу алдыңғы орынға шығып жатқаны білгілі. Ал Ыбырай Алтынсарин де осы эссенің бір-үлгілерін өзінің шығармасы «Қазақ хрестоматиясында» жазып, жол салып кетті. Оның «Қазақ хрестоматиясы» деп аталатын оқулығындағы ұсынған әрбір әңгімесі ой толғау, пікір талқысы, өз көзқарасын білдіру сипатында жазылған. Олар оқушыларды ақылға салып, ойлау мәдениетіне үйретеді.

Төртіншіден, оқу үрдісінде, оқушы субъекттік рөлге ие болуы тиіс екенін ұлы ағартушы болжай білді.

Ы.Алтынсарин:

*«Кел балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар»,-*

деп, баланы өз бетінше оқитын тұлға санап, оны өз бетінше өзі еңбектеніп оқуға шақырады. Бұл сөздердің мәнін-

де оқушының өздігінен оқуы нәтижеге жеткізіп, жеміс беретіні айтылған. Ұлы ұстаздың бұл идеясы әлемдік маңызы бар «тұлғаға бағытталған оқу» деп аталатын педагогикалық озық бағыт болып өмірге енуде.

Ал енді Ыбырай Алтынсариннің педагог ретіндегі ең басты еңбегі – балаларды жақсылыққа, ізгілікке, рухани-адамгершілік биіктерге жетелейтін әңгімелері. Ол әңгімелер қазақ әдебиетінде ең алғашқы балалар көркем әдебиеті деп танылса, педагогикада аса үздік оқу-тәрбие құралы болып бағаланады. Олар күні бүгін де кең қолданыс табуда және таба беретін болады.

Ыбырай Алтынсариннің: «Халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім. Мен жақсы мұғалімді дүниедегінің бәрінен де қымбат көремін», - деген сөздері мұғалім рөліне берілген таптырмас баға екені қаншама уақыт өтсе де күнбе-күн дәйектеліп келеді. Қазіргі мектепке сол сападағы мұғалімнің зәрулігі бұрынғыдан да артып отыр. Ұлы ағартушының бұл өсиеті мұғалім кадрларын құрметтей білуге үндейді, бағалай білуге шақырады. Мұғалімді нағыз мұғалім ететін – ол жұмыс істейтін мектебі. Мектепте ұйымдастырушылық-әдістемелік іс дұрыс жолда болса – мұғалім қанаттанады, шығармашылық, новаторлық биіктерде самғайды. Креативті мектепте креативті мұғалімдер өсіп шығатын болады.

Қазіргі уақытта, жасыратыны жоқ, осы ағартушының халқы үшін атқарған ұлы істерін бұрмалап, тарихи теріс түсіндіруге тырысушылық кей жерлерде көрініс беруде. «Орысшылдық» деген жалған шекпен жабуға ниеттілікке айтар уәжіміз бар.

Мен Алтынсариннің 170 жылдығында ұлы педагогтің туған елінде конференцияға қатысу құрметіне ие болдым. Мысалы, Абай оқулары сияқты жыл

сайын мектептерде қазан айында Ыбырай оқулары республика бойынша өтіп отырса, оған бұқаралық ақпарат құралдары тартылса.

Мен өзім Қостанай педагогикалық университетінде конференцияда болғанда, риза болғаным, Ыбырай Алтынсаринге арналған әрбір қабаттағы аса мазмұнды стендтер, мұражайлық безендірулер, шіркін, әр мектепте насихатталар іс деп ойладым. Сонда өз мектебімнің Ыбырай атын иеленгені үшін мақтаныш сезімінде шек жоқ болды. Белгілі ақын Мәриям Хакімжанова 1993 жылы дүние салғанға дейін мектебімізге жиі келіп: «Қайран Жәкемнің мектебі ғой» деп көзіне жас алып толқитын. Ол кісі жас шағында Ыбырай шаңырағында өскенін ризалықпен айтып отыратын. Ал әйгілі ақын Ғафу Қайырбеков мектебіміздегі кездесулерде өзінің «Дала Қоңырауы» поэмасының идеяларын ашатын қызғылықты әңгімелер мен оқушылар жанын елжандылық сезімге бөлейтін еді.

Міне, осы сипаттас жұмыстар мектептерде көбірек болса деймін. Бұл орайда Ыбырай Алтынсарин атындағы №159 гимназияда Ыбырай факультативтік курстары, Ыбырай апталығы, Ыбырай шығармалары бойынша сахналық қойылымдар, Ыбырай тәрбие сағаттары, т.б. шаралар жүйелі түрде өткізіліп тұрады.

Мектебіміз ұлы ағартушы есіміне лайық болуына шәкірттер де, ұстаздар да, ата-аналар да ықыласпен тырысады. Атап айтсақ, №159 гимназия республика бойынша конкурста «Таңдаулы мектеп» атағын екідүркін жеңіп алды, Алматы қаласы бойынша «Үздік педагогикалық ұжым» атағына екі рет ие болды, соңғы алты жыл ішінде Алматы қаласы бойынша үш дүркін халықаралық және республикалық білім сайыстарының жеңімпаздарын ең көп

дайындаған мектеп ретінде осы мәртебедегі ауыспалы «Үркер» көшпелі статутіне ие болды. Бір биылғы жылдың өзінде тарих пәні мұғаліміміз Асанбекова Гүлмира республикадағы «Үздік педагог» болып, Білім министрлігінде марапатталды. Екі бірдей түлегіміз ҰБТ бойынша 125 балл жинап, мектеп бойынша ҰБТ бойынша орта балымыз 110 болды, 16 оқушымыз «Алтын белгімен» марапатталды. Жақында ғана мектебімізде республика бойынша тұңғыш рет оқушылардың роботтехникалық зертханасы ашылды. Оның ашылу салтанатына Білім және ғылым министрі Ерлан Кенжеғалиұлының өзі және 42 ЖОО ректорлары қатысты.

Қорыта айтқанда, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық үлгілері, ізгілікті тарихи ағартушылық іздері жас ұрпақтың сапалы өсуі үшін қолдануға қашан болса да өзекті екені сөзсіз. Оның бүгінгі мектеп тәрбиесімен үндес екенін, әрі оның ұлттық тәрбие негіздері бола алатынын зор қанағаттық сезіммен бағалау – азаматтық парызымыз болмақ. Елбасы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаевтың сөздерімен айтсақ, ондай ұлттық тәрбиенің жемісінде өскен ұрпақтар «бабаларының игі дәстүрлерін сақтайды, қазіргі заманға нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге дайын болады, өз елінің патриоттары болады; олар ұрпақ тәрбиесінде дана болады: денсаулығына, біліміне және дүниеге көзқарастарына өздері қамқорлық жасайды».

Міне, осындай тарихи ізгі тәжірибе мен қазіргі игілікті прогресс тоғысында Ыбырай Алтынсариндей ұлы ағартушыларымыздың ұлттық тәрбиедегі тарихи орны әрқашан жоғарыда болады және келешек ұрпақтар үшін өзектілікті өнеге ретінде өмір сүре береді деп білеміз.

Ы.АЛТЫНСАРИН – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ ІСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ, ҰЛЫ ПЕДАГОГ, ДЕМОКРАТ, АҒАРТУШЫ

С. Қалиұлы

п.ғ.д., профессор, Қазақстан педагогика ғылымдарының академигі, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

XX ғасырдың заңғар жазушысы, академик М.О.Әуезов: «Қазақстан тарихына көз жіберсек, көңілге медеу, көзге толық үш алып тұлғаны еске аламыз. Олар – үшеуі үш мұнара болған: Шоқан, Ыбырай, Абай. Бұлардың өмірі, еңбек еткен ортасы үш алуан болғанымен үшеуін бір туғандай етіп тұрған ұқсастық та бар. Ол ұқсастық олардың нәр алған тамырының бір болуы. Туған халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтауында. Қараңғы қазақ елін алдыңғы қатардағы мәдениетті елдер қатарына жеткізбек болуында», - деген болатын.

Ыбырай өз замандас отандастарының ағартушылық ой-пікірлерін қуаттап, қазақ жерінде оқу-білімнің шам-шырағын жақты, педагогтік-демократиялық көзқарастың негізін салды. Өз заманының озық ойлы азаматы болды. Бір жағынан, феодалдық-патриархалды тұрмыс билеген, екінші жағынан, патша үкіметінің отарлау саясаты езген қараңғы ортада Ыбырай ашқан мектептердің қоңырауы сыңғырлап, ұлы ағартушы-педагогтің ой-пікірлері, өлең-жырлары мен әңгімелері халық санасына жаңалық болып сіңді.

1857 жылы Орынбордағы қазақ балалары үшін ашылған жеті жылдық мектепті бітіріп келген Ыбырай, өзінің бар саналы өмірін туған халқын алдыңғы қатарлы білімді елдердің қатарына қосуға арнады.

XIX ғасырдың орта шегінде қазақ даласында мектеп ашу ісі қиынның

қиыны еді. Осындай игілікті іске қожа, молда, бай, болыстар мен патша чиновниктері барынша салқын қарады. Патша үкіметі отар халықтарды қараңғылықта ұстауды қолайлы санады. Оған қоса оқудың, білімнің мәнісін түсінуге халық санасындағы ескі стереотиптік көзқарас та кесірін тигізіп келді. Бірақ осы айтылғандардың бәрі Ы.Алтынсариннің таудай талабына бөгет бола алмады. «Мектеп – білім берудің басты құралы, халықтың келешегі тек осы метептерде» деп түсінген ұлы педагог Ы.Алтынсарин осы мақсатпен қысы-жазы ел-елді аралап, халықты өнер-білімге шақырып қана қоймай, мектеп ашуға қаржы жинау ісімен айналысты. Бұқара халық Ыбырайдың игілікті ісін ықыласпен қолдап біраз қаржы жинап берді.

1864 жылы қаңтарда Торғайда қазақ балалары үшін тұңғыш мектеп ашып, 14 баланы мектепке қабылдады. Балалар интернатта жатып оқитын болды. Мұндағы тәлім-тәрбие ісіне Ыбырайдың өзі тікелей басшылық етті. Өзінің осы игілікті ісі жайында Қазан университетінің профессоры Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Осы жылы қаңтардың 8-і күні менің көптен күткен арманым орындалды, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де жақсы, есті балалар ... Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім. Кейін парақор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге бар күшімді салып

отырмын» деп жазып, өзінің сүйікті ісіне белсене кіріскенін зор қуанышпен хабарлайды.

Оның ағартушылық, педагогтік көзқарасы негізінен, орыс педагогтерінің ықпалымен қалыптасты және қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің негізіне сүйеніп жүргізді. Халық педагогикасының адамгершілікті, үлкенді сыйлауды, еңбекке, өнерге үйретуді уағыздаған негізгі қағидаларын жақсы біліп, оны басқа халықтардың озат ой-пікірлерімен толықтырып дамытты.

Ол елін надандыққа қамап отырған феодалдық-патриархалдық, рушылдық қоғамның кертартпа жақтары мен патша үкіметінің отаршылдық саясатын сынай отырып, туған халқының келешегіне зор сеніммен қарады. «Өнер-білім бар жұрттар» атты өлеңінде «тастан сарай салғызған, айшылық алыс жерлерден, жылдам хабар алғызған», алдыңғы қатарлы өнерлі жұрттардың ғылыми-техникалық табыстарын сөз ете келіп:

Үміт еткен достарым,

Сіздерге бердім батамды, - деп жастарды өнер-білімді меңгеруге, оқуға үндейді.

Ы.Алтынсарин өзі ашқан орыс-қазақ мектептерін миссионерлік бағыттағы жат пікірден де, шығыстың жаттамалы діни оқуынан да қорғап бақты. Жастарға шынайы білім беретін дүниаяуи пәндерді (жаратылыстану, география, тарих, есеп т.б.) оқытуды іске асырды.

Ы.Алтынсариннің ағартушылық ой-пікірлерінің біртіндеп іске асуына оның Торғайда облыстық мектеп инспекторы болып тағайындалуы (1879) және бұл қызметте өмірінің соңғы минутына дейін үздіксіз он жыл табандылықпен еңбек етуі көп пайдасын тигізді. Инспекторлық қызметке кіріскеннен-ақ Ы.Алтынсарин дүниаяуи

мектептер ашуды қолға алды. Алдымен ол облыстық, уездік қалаларда орталық училищелер ашуды ойластырды. Елек, Николаевск (Қостанай), Торғай, Ырғыз уездерінде бір-бірден екі класстық орыс-қазақ мектептерін ашып, олардың жанынан кітапхана ұйымдастыруға, монша салуға зор күш жұмсады. Ол кейін әр болыс сайын бастауыш мектептер ашуды қолға алды.

Ыбырайдың оқу-ағарту ісіндегі тағы бір жаңалығы – қазақ жастарына кәсіби мамандық беру мәселесін қолға алуы болады. Ол Торғайда, Қарабұтақта қолөнер училищесін, Қостанайда ауыл шаруашылығы училищесін ашып, қазақ жастарынан қажетті маман кадрлар даярлау ісіне зор мән берді.

Қазақ қыздарына тұңғыш дүниаяуи білім беру ісіне жол ашқан да Ы.Алтынсарин болды. Ол Ырғызда қазақ қыздарына арнап интернаты бар мектеп аштырды. Ы.Алтынсарин патша әкімшілігінен Торғай облысының барлық уездерінде қыздар училищесін ашуды өтінді. Соның нәтижесінде Торғайда (1891), Қостанайда (1893), Ақтөбеде (1896) қыздар училищелері ашылды.

Ы.Алтынсарин қазақ шәкірттерінің таным-түсінігіне лайықты оқу-әдістемелік құралдар жазу мәселесімен де жемісті шұғылданды. Ол орыс-қазақ училищелеріне К.Д.Ушинскийдің «Балалар дүниесі», Л.Н.Толстойдың «Әліппе және оқу кітабын», Б.Ф.Бунаковтың «Әліппемен оқу кітабын», Тихомировтың «Грамматиканың элементарлық курсы» оқу құралы ретінде ұсына отыра, кейін солардың үлгісімен өзі де «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты екі оқу құралын бастырып шығарды.

Хрестоматияға Ыбырай, біріншіден, қазақ халқының ертегілерін, аңыз-әңгімелерін таңдап, талғап енгізуге зер

салса, екіншіден, өзінің дидактикалық ақыл-нақыл түрінде жазылған қысқа әңгімелерін енгізді, үшіншіден, К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, Паульсон, И.А.Крыловтардың тәлімдік мәні зор шығармаларын аударып кіргізді.

Ыбырай діни оқудың өзін адамгершілікті, гуманизмді насихаттауға бейімдеу қажет деп қарады. Осы мақсатпен 1883 жылы өзінің «Мұсылмандық тұтқасы» атты оқу құралын араб әрпімен жазып, оны Қазан қаласында өзінің досы Н.И.Ильминскийдің көмегімен бастырып шығарды.

Бұл еңбекті жазудағы мақсаты жөнінде кітаптың кіріспесінде «Қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, қазақтың жазба тілінде татар тілінің орынсыз етек алуына жол бермеу үшін осы оқу құралын құрастыруға кірістім» - дейді.

Ыбырайдың бұл кітабының құндылығы, біріншіден, мұсылман дінінің шариғат заңдарына ана тілінде түсінік беруі болса, екіншіден, діни терминдердің мән-мағынасын ашуға зер салуында, үшіншіден, (ең бастысы) шариғат заңын өмір тіршілігімен, адам тәрбиесімен тығыз байланыстыра талдауында болып отыр. Ол діннің өзін тәрбиенің құралы ретінде қарастырды.

Ы.Алтынсарин өзінің біраз уақытын қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ерекшеліктерін зерттеп, этнографиялық очерктер жазуға арнады. Ол 1870 ж. Ресей география қоғамының Орынбор өлкетану бөлімшесінің тапсыруы бойынша «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрлерінің очеркі» атты екі еңбегін жазып тапсырды.

Осы очерктерінде қазақтың құда түсу дәстүріндегі жеті атаға қыз алыс паудың қан тазалығы үшін мінділігін,

ал алыстағы елдермен құда болудың күнде шабысқан феодалдық заманда ел бірлігін күшейтуге әсері болғанын айтады. Сондай-ақ, құда түсу, өлген адамның жетісін, қырқын, жылын, асын берудегі ағайын арасының береке-бірлігін, олардың қуанышта да, қайғы да ортақтас болуының мәнін ашып көрсетеді.

Ыбырай сонымен бірге кісі өлгенде молдалардың өлген адамның күнәсін сатып аламыз деген сылтаумен мал-мүлкін «ысқатқа» талап алуын, оның артында қалған бала-шағасына ауыр тиетіндігін, ас бергенде ат жарыс, балуан күресі сияқты ұлт ойындарының болатынын, бірақ аттың, палуанның бәйгесін рулас ағайындардың талап әкетіп, ақы иесінің құр қалатынын айыптайды. Қазақтардың ас беруде аста-төк жасап ысырапқорлыққа жол беретінін, құдасын құдайдай сыйлай отырып, кейде оларды бақанға асып қою, өгізге теріс қаратын мінгізу, еркекке әйелдің кимешегін зорлап кигізу сияқты ойындарының дөрекіліктерін де сынады. Ағартушының қазақ халқының салт-дәстүрлерін зерттеудегі мақсаты дәстүрлердің озығы мен тозығын ғылыми түрде талдап, мән-мағынасын ашу, озық дәстүрді тәрбиенің құралы ету еді. Сонымен бірге қазақ мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі жөнінде орыс достарына ғылыми мағлұмат беруді де көздеді.

Ол кейбір орыс чиновниктері ойлағандай қазақтардың «ұры» және «тағы», «көшпелі, мәдениетсіз, жабайы» халық емес, өзіндік мәдениеті, өнері бар халық екенін білдіру үшін қазақтың салт-дәстүрлерін арнайы зерттеп, очерк жазған еді. Қазақ мәдениеті мен оқу-ағарту ісіне қабырғасы қайысып, жаны ашыған Ы.Алтынсарин «Қазақ халқы деген оқу-білімге

сусып отырған халық, әттең, бұл іске оқыған адамдардың жаны ашымайтыны есіңе түскенде кейде күйінесің. Кейбір ақылдысымақтардың «қазақ тентек, қанішер халық» деулері мәңгі бақи тек қағаз бетінде мағынасыз сөз болып қала бермек... Қазақтарды оқыту жөнінде бастықтарымыз бекіністердің жанынан мектеп салудан гөрі, үйлердің онсыз да ақ қабырғаларын ақтай түскенді тәуір көреді» - деп ел билеуші орыс әкімдеріне қатты реніш білдіреді. Өзінің оқу-ағарту ісін жүзеге асыруда Ыбырайға екі бірдей кедергілермен күресуге тура келді. Оның бірі – Ыбырайдың ағартушылық ісін көре алмай «шоқынған», «кәпір» деп ел арасында өсек таратушы қожа-молдалар болса, екіншіден, дөрекі, топас орыс чиновниктерімен де күресті. Ол өзінің досы В.В.Катаринскийге жазған бір хатында: «... Ең жаманы халықтың қараңғылығымен емес, қоғамның әл-ауқаты мен мәдениетін көтеруге көмектесу үшін үкіметтің өзі қойған білімді адамдарымен күресуге тура келеді», - дейді.

Ыбырайдың Орынбор генерал-губернаторы Проценко тарапынан құғынға ұшырауы, оның Ыбырай ашқан мектептерді жауып, өзін инспекторлық қызметтен босатпақ болып, ісін сотқа беруді ұйғаруы да осыған айғақ. Ыбырай өзінің орыс достары Н.И.Ильминский мен В.В.Катаринскийлердің қолдауымен ғана бұл істен аман-есен құтылады.

Патша үкіметінің осы отарлау саясатының ішкі мәнін терең түсінген Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты қазақтың демократ-ағартушылары халықты қапастан құтқарудың жолы тек өнер-білім деп қарады. Сол жолда аянбай еңбек етіп, бар өмірін сарп етті.

Ыбырай оқулықтарына енгізілген «Ұят кімде болса, иман сонда болады», «Алтын алма, ақыл ал», «Ісің ақ болса, тәңірің жақ болар», «Талапты ерге нұр жауар», «Қайырымсыз болса, пайдасыз болса, байдан без, панасыз болса, сайдан без», «Өнерлі өлмес, өнерсіз күн көрмес», «Оқу түбі – тоқу» сияқты асыл сөздерінен бүгінгі жастардың да ғибрат алатыны сөзсіз.

Бүгінгі нарықтық заманда жастарды имандылыққа, ізгілікке тәрбиелеудің аса қажеттігі туып отырған кезде Ыбырайдың ізгілік жөніндегі осы ойларын шәкірттердің жүрегіне ұялатудың, ал ұлт мектептерін Ыбырай дәстүрі негізінде қайта құрудың маңызы аса зор.

Осымен байланысты жастарды ұлттық рух негізінде тәрбиелеп, білім беретін төл оқулықтар жазу кезінде қазақ тілі мен әдебиетіне, тарихы мен географиясына, ұлттық кәсіпке байланысты қолөнері оқулықтарына Ыбырай тағылымдарын баса енгізуді ұмытпаған абзал.

Кезінде Ы.Алтынсарин ашқан қолөнер мектебін қазіргі нарықтық жағдайға лайықтап, ауыл жастары үшін Ы.Алтынсарин атындағы қолөнер мектебін ашып, немесе жоғары сынып оқушылары үшін арнаулы кәсіби пәндер енгізіп, куәлік беруді құптар едік. Онда ауыл шаруашылығын ұйымдастыру, тоқымашылық, зергерлік, тері өңдеу ісі мен тігу, жүргізуші-жөндеуші, программист т.б. мамандар әзірлесек, халық та, ұлы ұстаз рухы да риза болар еді.

Қазақтың оқу-ағарту саласының апостолы Ы.Алтынсарин мұраларын жеріне жеткізе зерттеп, оны ұстаздардың ұлы ұстазы деп әркез әспеттеп отыру – бәріміздің абыройлы борышымыз болмақ.

НЕПРЕХОДЯЩАЯ ЦЕННОСТЬ ХОРОШЕГО УЧИТЕЛЯ

Е.В. Бережнова

д.п.н., профессор

Московский государственный институт международных отношений
(университет) Министерства иностранных дел РФ, г. Москва, Россия

Аңдатпа. Мақала авторы Ы.Алтынсарин мұрасының ең бір маңызды қағидаларының бірі – жақсы ұстазды бәрінен де жоғары бағалау мәселесіне зер салады. Автор әдістемелік дайындықты жетілдіру арқылы ғана емес, сонымен қатар ғылыми ізденіс арқылы педагогтің мәдени деңгейін жоғарылату идеясының сабақтастығын көрсетеді.

Аннотация. Автор статьи обращается к одному из важных положений наследия И. Алтынсарина – ценить дороже всего на свете хорошего учителя. В статье аргументируется преимущество идеи не только улучшения методической подготовки, но и повышения культурного уровня педагога, чему способствуют занятия наукой.

Abstract. The author refers to one of the most important provisions of the heritage Y. Altynsarin – appreciate more than anything else a good teacher. Shows the continuity of ideas not only improve the methodological training, but also to raise the cultural level of the teacher, aided by the pursuit of science.

Тірек сөздер: ұстаз, тәлімгер, білім беру мазмұны, оқу пәнінің бағдарламасы, ғылыми зерттеу нәтижелері, әдіснамалық мәдениет.

Ключевые слова: учитель, наставник, содержание образования, программа учебной дисциплины, результаты научного исследования, методологическая культура.

Keywords: teacher, tutor, the content of education, the program of the discipline, the results of scientific research, methodological culture.

Деятельность в области образования несет в себе особенности времени. Вместе с различиями, которые оно привносит, в личности педагогов, в их опыте прослеживается всегда общее: высокий уровень профессиональных знаний, творчество, высокая эффективность труда, потребность в анализе и обобщении собственного накопленного опыта и опыта своих предшественников и современников.

Педагогический опыт раскрывает неисчерпаемые возможности совершенствования человека и общества, что всегда привлекает внимание выдающихся деятелей педагогики, представителей педагогической общественности на всем протяжении развития системы воспитания и образования. В современном образовательном пространстве все динамично меняется, и

необходимы постоянная рефлексия и взгляд не только в будущее, но и в прошлое, чтобы понять направления развития методов обучения и формирования человеческой личности, чтобы определить эффективность педагогического влияния на социальный прогресс. Только эта профессиональная рефлексия открывает ранее неизвестные педагогические ценности.

Обобщая опыт великого казахского педагога-просветителя Ибрая Алтынсарина, мы сталкиваемся в большей или в меньшей мере не только с педагогическими фактами, но и пережитым педагогическим опытом. Опыт великого просветителя имеет как аксиологическую, так и акмеологическую основу.

Казахский просветитель с юных лет, отдавший все силы и способности служению своему народу, подчеркивал всякий раз, что именно ему, казаху, небогатому знаниями, но богатому любовью к народу, выпала ответственная задача «освещать темную среду, насколько хватит сил и умений».

С открытием школ в Казахстане одним из важнейших педагогических вопросов в системе школьного образования является определение его содержания образования.

Одной из проблем содержания образования является взаимосвязь науки с учебными предметами, которая требовала научности образования в школах всех типов; протестовала против

многопредметности учебных планов и перегрузки программ, утилитарности содержания образования в народных школах.

Казахский просветитель взял за основу принцип единства гуманитарных и естественных предметов при составлении учебных планов и содержания программ для русско-казахских школ, о чем свидетельствует то, что в учебный план двухклассных училищ он включил следующие предметы: родной и русский языки, грамматику русского языка, географию, историю, арифметику, естествознание. Он считал, что естественные предметы должны составлять основное содержание школьного курса. И.Алтынсарин ходатайствовал также об открытии при школах ремесленных классов и об обучении детей ручному труду.

Он был сторонником обучения на родном языке, изучения родного языка как учебного предмета. Он отметил: «... киргизский язык настолько богат, что на нем можно написать какую угодно книгу».

Особое внимание было обращено на тщательный отбор и дидактическую обработку научных знаний, включаемых в содержание школьного курса в учебниках.

Отбор учебного материала для школы является первым шагом в решении проблемы содержания образования. Вторым, наиболее трудным шагом, была педагогическая переработка этого материала, то есть приспособление его к особенностям детского возраста. Говоря о научности содержания образования, И.Алтынсарин критиковал традиционные подходы к его определению, раболепное следование европейским образцам, отмечал необходимость учета не только общенациональных особенностей школ, но и местных, что

вполне созвучна современным требованиям к разработке содержания образования.

Были четко разграничены понятия «наука» и «учебный предмет». Учебный предмет не должен быть микрокопией науки, но, тем не менее, должен знакомить с основными категориями, законами, понятиями, фактами науки.

Были включены в школьную программу чтение, письмо, родной язык, география, арифметика, история.

И. Алтынсарин не оставил больших публицистических трудов или монографий, которые могли бы служить прямым источником для характеристики общественно-политических и педагогических воззрений. Но мы имеем составленные им учебные книги, которые дают полное основание говорить об И. Алтынсарине, как об авторе первых учебников 19 века. Эти книги, предназначенные для первоначального обучения детей казахов русскому языку, заняли особое место в истории культуры, как памятники письменной литературы и как учебные пособия, построенные по научно-педагогическому принципу.

«Киргизская хрестоматия» И.Алтынсарина – первая книга с реальным содержанием, которая явилась историческим событием в дореволюционной культуре жизни казахского народа и в развитии русско-казахского просвещения. «Книга, впервые появляющаяся на языке какого-либо народа, без сомнения составляет эпоху в деле просвещения этого народа. То же следует сказать и о «Киргизской хрестоматии» И. Алтынсарина, изданной им для единомышленников – киргизов».

В структурное содержание Хрестоматии вошли разнообразные учебные материалы: стихи, рассказы, устное народное творчество казахского народа.

Содержание Киргизской хрестоматии» делится на 4 части:

- рассказы из жизни детей, извлеченные из разных русских хрестоматий;
- рассказы из жизни взрослых;
- отрывки из лучших казахских песен и стихов;
- казахские пословицы и поговорки.

Киргизскую хрестоматию открывает стихотворение «Посвящение», где автор воспеваает силу знания и его значение для жизни человека. Это и неслучайно, так как основной целью казахского педагога явилось просвещение казахского народа. Стихотворение «Посвящение» служит психологическим настроением казахских детей к школе и к знанию.

Киргизскую хрестоматию исследователи как по тематике, так и по содержанию делят на семь разделов:

Раздел 1. Об учебе, науке и технике. Например: «Посвящение», «Наставление», «Сантемир хан», «Письмо Балгожи к сыну», «Польза любознательности», «Ученый человек», «Вежливость», «Польза знания» и другие.

Раздел 2. Поэтические произведения, рисующие пейзажи и картины природы: «Лето», «Река» и другие.

Раздел 3. О нравственном воспитании: о невежестве, отсталости и зазнайстве, «Неряшливость», «Невежество», «Не хвалитесь тем, что счастье ваш удел», «Колосья», «Золотой орех», «Гордость» и другие.

Раздел 4. О трудовом воспитании: «Кипчак Сейткул», «Сын бая и сын бедняка», «Избасты», «Щедрый человек», «Паук, муравей и ласточка», «Кибитка и дом», «Сметливость», «Жиренше шешен», «Бережливость и скупость», «Как можно разбогатеть», «Стрекоза и муравей», «Паршивый мальчик», «Мужик и придворец», «Отец и сын» и другие.

Раздел 5. О патриотизме, моральной устойчивости, честности, человечности: «Все люди равны», «Кара батыр», «Если беден, не дружи ты с воровством», «Глупый друг», «Чувство жалости сильнее боли», «Полкан», «Сын бая», «Мудрец Лукпан», «Сакып», «Садовые деревья», «Каракылыш», «Золотой чуб», «Жанибек батыр», «Кобланды» и другие.

Раздел 6. О коварстве и лживости представителей господствующих классов: «Золотой господин», «Ворона и червяк», «Сорока и ворона», «Добрая лисица» и другие.

Раздел 7. Нравоучительные назидательные рассказы из устного народного творчества: «Слово Нуржан бия», «Песня Орынбай батыра Ердуну», «Обращение батыра Алибека Оркана к хану» и другие.

Тематический обзор расположенных материалов учебника Ибрая Алтынсарина «Киргизская хрестоматия» позволяет сделать вывод, о том, что все труды его носят не описательный, а четко выраженный воспитательный характер в духе идей просветительства и гуманизма. Каждый раздел представляет интерес, является законченным целым и вместе с тем связанным с последующим разделом.

Материалы учебника расположены таким образом, что подводят к определенным выводам, к классификации отдельных предметов и сочетанию их в единую продуманную систему. Вышеназванные разделы включают материалы, охватывающие жизненные факты, явления, отношения, из которых складывалась жизнь народа: его быт, история, труд, этические и эстетические представления. Все это давалось на простом, ярком, доступном материале.

Анализ структурного построения показывает, что «Киргизская хресто-

матия» предназначена была не только для детей, но и для взрослых. Она была первой учебной книгой на казахском языке. Включение в содержание Киргизской хрестоматии учебных материалов, устных и письменных упражнений развития речи, а также стихотворений, рассказов, сказок обеспечило решение общеобразовательных и воспитательных задач – вооружение учащихся знаниями, умениями, навыками, развитие умственных способностей и нравственных качеств.

Учебник И.Алтынсарина дает яркое представление об огромной эрудиции автора в области народной педагогики и психологии. Одновременно с этим особо следует подчеркнуть, что содержание Киргизской хрестоматии построено на принципах реального отражения действительности, научности, доступности, последовательности изложения материала.

Рассказы из Киргизской хрестоматии не потеряли своего воспитательного значения и в наши дни.

В IV разделе автор дает пословицы и поговорки казахского народа, которые И.Алтынсарин расположил, сгруппировав по определенной тематике следующим образом: пословицы религиозного содержания, о власти, о человеке, о женщине, о детях, о родителях и родственниках, об учении и знании, труде, о добре и зле, о богатстве и бедности. Такое расположение и группировка автором вполне отвечают как психологическим, так и возрастным особенностям детей.

В Киргизскую хрестоматию включены также шедевры казахского эпоса, как отрывок из «Кобыланды-батыр и Тайбурыл», «Шалкииз жырау», «Жанибек батыр». Герои этих эпосов для казахских мальчиков служат образцом для подражания, воспитывая такие ка-

чества как храбрость, любовь к родной земле, борьба за справедливость.

Из устного народного творчества: «Обращение акына к справедливому султану», «Слово Нуржан-бия», «Песня Орынбай батыру Ердену» и так далее. Устное народное творчество очень близко и понятно казахскому народу, поэтому данный материал интересен и легок для восприятия.

С большой осторожностью И.Алтынсарин отнесся к отбору и включению в свои книги басен. Как отмечает в письме сам И.Алтынсарин, – «... басен не желаю вносить, так как киргизская натура, развивающаяся посреди суровой жизни, требует вообще предметов посерьезнее. Я по опыту знаю, с какою насмешкою и неохотно читают киргизские мальчики басни, а родители их бывали даже недовольны тем, что их детей учат, например, таким нелепостям, что будто бы сорока говорит с вороною и так далее».

И.Алтынсарин переработал их с учетом специфических особенностей кочевников, суровая жизнь и кочевой быт которых налагали особый отпечаток на характер детей и подростков.

В письме к В.В. Катаринскому от 7 апреля 1880 года И.Алтынсарин писал: «... Я намерен написать вторую часть «Киргизской хрестоматии». В этой части я намерен дать возможно полные, основательные понятия об естественной истории, географии, немного из химии, физики, технических производств; дай бог только жизни и сил успешно исполнить этот важный в настоящем положении киргизский труд - он много изменит в системе, если дастся хорошее применение».

В Ленинградском государственном историческом архиве найден документ, удостоверяющий, что И.Алтынсарин готовит к изданию свою хрестоматию,

содержание которой составляют статьи по истории, географии, физике и прочего из русской хрестоматии и популярных книг. Этот документ был написан 31 ноября 1885 года.

В центральном государственном историческом архиве Татарстана мы обнаружили письмо А. В. Васильева, преемника И.Алтынсарина, от 16 сентября 1936 года Балгабаеву А., где он писал, что высылает никем не изданную рукопись И.Алтынсарина.

Он подготовил ее для печати в качестве второй части его Киргизской хрестоматии – в виде учебного пособия для учащихся по естественной истории. Перевод был сделан при помощи русской транскрипции на 70-ти страницах шрифта рукою самого автора, что равняется 4,5 печатного листа.

Вторая часть Киргизской хрестоматии была закончена автором. И она найдена в библиотеке Академии наук РК.

Итак, вторая часть Киргизской хрестоматии начинается следующим образом:

1 класс. Сүтпен асыралатын жануарлар/млекопитающие/.

а) екі қолды жануарлар /подобно человеку/;

б) төрт қолды жануарлар /различные обезьяны/;

в) прочие животные в описаниях / лошадь, осел, зебра и другие. Корова, коза, овцы, олень, верблюды, собака, волк, лиса, кошка, тигр, лев, медведь, слон, носорог, барсук, горностаи, бобер, сурок, мышь, суслик, крыса, хомяк, заяц, тюлень, морж, кит.

2 класс. Птицы: беркут, страус, аист, жаворонок и прочие.

Продолжение второй части Киргизской хрестоматии А.В. Васильев 5 ноября 1936 года выслал в Публичную библиотеку города Алматы. Однако

рукопись Киргизской хрестоматии второй части не найдена.

Первая часть «Киргизской хрестоматии» до 1917 года издавалась два раза (1879, 1906 гг.). После смерти И.Алтынсарина часть его рукописи перешла в руки нового инспектора Тургайской области А.В. Васильева, включившего во второе издание книги «Киргизская хрестоматия», переизданной в 1906 году, сюжеты «Каракылыш», «Паршивый мальчик», «Золотой чуб», которые были также взяты из устного народного творчества.

В 1879 г. «Киргизская хрестоматия» была набрана и отпечатана в типографии издателя и редактора газеты «Оренбургский листок» И. И. Ефимовского-Мировского. Ее появление в свет оценила как важное общественно-культурное событие в жизни казахских степей. И. И. Ефимовский-Мировский в своей рецензии на эту книгу писал: «... В заключении не можем скрыть удовольствия, что нашей типографии выпала честь напечатать эту первую киргизскую книгу, которой, может быть, суждено положить основание литературы народа, отличающегося дарованиями и появляющегося на поприще общечеловеческой жизни неистощимым запасом поэтического творчества и свежей, еще девственной мысли».

Таким образом, логико-структурное построение учебника «Киргизская хрестоматия» И.Алтынсарина отвечало требованиям к учебникам и учебным пособиям второй половины XIX века, а именно: научно, последовательно, систематично, доступно учтены психологические, возрастные и национальные особенности казахских детей.

Идея национальной ценности всегда остается и будет оставаться насущной проблемой любого общества, поэтому в

период глобализации общества остро стоит вопрос национальной самоидентификации личности. Для раскрытия этой идеи И.Алтынсарина достаточно остановиться на общепедагогических основах учебника:

- реализация учения о целях воспитания;
- теория воспитывающего обучения и решение вопроса о соединении обучения с воспитанием;
- реальное образование;
- интеграция обучения с жизнью и трудовым воспитанием;
- практическое осуществление обучения на родном языке;

- соблюдение принципа природосообразности и культуросообразности;
- принцип дуального образования.

При освещении этих сторон общепедагогической концепции, положенных в основу учебника, мы должны иметь в виду, что Ибрай Алтынсарин рассматривал в составлении книг для первоначального обучения, прежде всего, самую большую и сложную педагогическую задачу, считая, что «наука – трудное дело», а «педагогическая переработка науки» еще труднее и серьезнее, и что, наконец, «хороший учебник – есть дело опыта».

Список использованной литературы:

- 1.Анасова А.Р. Педагогические основы учебников русского языка для русско-казахских школ в дореволюционном Казахстане.- Алма-Ата, 1988.- 26 с.
- 2.Обзор Тургайской области за 1893, Оренбург 1884, С.23
- 3.ЦГИАТ, ф.968, оп.1, д.84. л.6
- 4.Алтынсарин И. Киргизская хрестоматия.- Оренбург, 1879.
- 5.Алтынсарин И. Собр. соч. в 3 томах.- Алма-Ата: Наука, 10

Редакциядан

Белгілі Ыбырайтанушы, ақын, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры Серікбай Оспанұлы қазақтың ұлы педагогы Ы. Алтынсарин туралы «Сәнбес шырақ» атты іргелі еңбек жазып баспадан шығарды (Оспанұлы С. Сәнбес шырақ. – Қостанай: «Қарлығаш», 2016.- 474 б.).

С.Оспанұлы екі жүзден аса ән мәтіндерінің, отыздан астам әндердің авторы. Өлеңдері “Ана тілі”, “Қазақ тілі” оқулықтарына енген, орыс, тәжік, қырғыз және т.б. ТМД халықтары тілдеріне аударылған.

Қазақстан Жазушылары Одағының, Әлем халықтары Жазушылары Одағының мүшесі. “Еңбектегі ерлігі үшін” медалімен, А. Байтұрсынов атындағы қола медалімен марапатталған.

Торғай қаласының, Жанкелдин ауданының құрметті азаматы.

Журналымыздың Ы. Алтынсариннің 175 жылдығына арналған мерейтойлық санында сіздердің назарларыңызға осы кітаптан үзінді ретінде екі мақала ұсынып отырмыз.

«ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ» ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛДЫ?»

С. Оспанұлы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры, Қостанай қ.

1870 жылы Оқу министрлігінің «Ресейді мекен еткен бұратана халықтарды оқыту шаралары жөніндегі заңы» шыққаны, бұл заң Н.И.Ильминскийдің педагогикалық жүйесіне сүйеніп жазылғаны белгілі.

Осы жылы Н.И.Ильминский Оқу министрлігіне хат жазып, 1845 жылдан профессор Қазым-Бектен араб, татар тілдерін үйрене бастағанын, кейін Қазан талибтерімен (Талиб-студент-С.О), молдаларымен тығыз қарым-қатынаста болып, Қазанда тұрған бір жарым жылда оқымысты шейхтардың басшылығымен араб тіліндегі діни кітаптарды оқып зерттегенін айтады.

Одан әрі 1854 жылы Қазанға қайтып оралғаннан кейін де діни шығармаларды оқуына тура келгенін баян етіп: «... Орынбордағы үш жылдық қызметім де мені қазақтармен жақындастыра түсті, деп жазады. – Мұнда мені таң қалдырған бір мәселе – бұлар мәдениеттен шеткері, қараңғы, көшпелі халық бола тұра, олардың өте шебер, көркем сөйлей алатындығы деуге болады. Мен қазақ тілін қатты ұнаттым. Бұл тілдің өзінде, табиғатында ертедегі түрік тұрмысының көп іздері сақталған...бірақ қазақ даласына татар сауаттылығы тарап барады. Осыдан кейін қазақ тілінің диалектикалық ерекшелігін жойып, жа-

дағайлатып жіберу қаупі туындайды. Сол татарландырудан қазақ тілін сақтап қалудың бірден-бір жолы – орыс алфавитін енгізу деп санаймын. Мені қазақ даласы осыған тәрбиелеп, қазақтың ұлттық тілін сүйеге үйретті. Мен бұл тілге лингвистикалық зерттеудің негізгі құжаты деп караймын» [Қазан архиві. Ф. 968, оп. 1, 8, 72-73 беттер].

Жоғарыда аталған 1870 жылғы бұратана халықтарды оқыту туралы заңда орыс емес халықтар үшін үш түрлі категория белгіленеді. Оның біріншісінде сабақ ұлттың өз тілінде жүргізіледі, бірақ міндетті түрде орыс әліппесімен оқыту керектігі талап етіледі. Бұдан біз «Қазақ хрестоматиясын» құрастырудың қажеттілігі қалай туындағанын байқаймыз.

Ыбырай 1871 жылдың 31 тамызында Н.И.Ильминскийге жазған хатында оның қазақ арасына орыс алфавитін енгізу жөніндегі ойына «Бұл талассыз пайдалы пікір ғой» дей отырып, оны жүзеге асырудың қиындығын - бір адам атқарып шығатын жұмыс емес екенін, оның үстіне ата-аналардың күдігін тудыратынын, әрі орыс әрпімен жазылған кітап қазақ арасына тез сіңе қоймайтынын дәлелдей жеткізеді. «Бірінші жағынан,-дейді ол ойын тағы да үстемелей, санамалай айтып, - фанатизмнің салдарынан, екінші жағынан, орыс жазуына көзі үйренбегендіктен, оның таныс еместігінен, оның үстіне елімізге тарап отырған татар жазуының әсерінен – міне, осылардың бәрін еске ала келгенде жалпы оқуға арналған кітаптар мектептің есігінен шықпай, соның өзінде қала береді».

Ыбырай одан әрі шәкірттер мен мектеп бітірген жастар кітап мазмұнын халыққа түсіндіре қояды екен деп сенуге болмайтынын, өйткені олардың көбі ертең-ақ мойындарына артылған ауыр жүктен құтылғандай, кітаптары

қайда болса сонда лақтыра салатынын айтып, оқулықты араб әрпімен шығару керек деген ұсыныс жасайды. Қазақтың діни кітаптары араб әрпімен жазылғанын алға тартып: «...оқуға жетектейтін құралмен қазақтардың өздеріне таныс, оны ешкім де жек көрмейтін құралмен іс істеуіміз керек; бұл оқуымыз да, жоғарыда айтқанымыздай, сапалы болса, болғаны...оларды өздеріне таныс әріппен шығара білу керек. Сөйтсек, ол кітаптарды жұрт бірден қолға алып оқып, бұл кітаптар татар кітаптарымен қатар зор күш болар еді»,- дейді.

Ыбырайдың осы хатындағы «Сіздің тағы бір өтінішіңіз - оқу құралын құрастыруға қабілетті бір көмекші тауып бер дегеніңіз еді», - деуіне қарағанда, Н.И. Ильминский қазақ балаларына арналып орыс транскрипциясымен жарық көруге тиіс оқу құралын өзі құрастырмақ болып жатқандай сыңай байқатқан. Ильминскийдің бұл ісінен оның Ыбырай ойын білмек болып, тамырын басып көргені аңғарылады.

Ыбырай «Қазақ хрестоматиясын» жазуды 1873 жылы ойластыра бастаған. Өйткені, сол жылы 20 наурызда Н.И.Ильминскийге: «Сізге хат жазып, мазаңызды алуыма себеп болған бір нәрсе - жақын арада алынған мынадай хабар еді. Халық ағарту министрінің ұсынысы бойынша, біздің соғыс губернаторымыз қазақ балалары үшін Қазанда жазылатын орыс алфавитімен оқу құралын құрастыруға қатысу үшін мені Қазанға жібергелі отыр деген хабар еді»,- деп жазып, бұл мәселені көтеріп отырған Н.И.Ильминскийдің өзі екенін, құрастыру жүктелсе, өзін өте бақытты жан санайтынын, қазақ тілінде жазылған өлеңдерін қайта қарап, өңдеп әзірлеп қойғанын қуана жеткізеді.

Н.И.Ильминский орыс алфавитіне көшу туралы ұсынысы кеңінен сөз болып, талқылана бастаған кезде Оқу ми-

нистрлігіне тағы да хат жолдайды. Онда автор орыс елінің мақсатына бағыттала жүргізілетін қазақ тілінің түбінде қазақ елін басқарудағы арнайы тіл болып қалыптасатынын, ол үшін бірінші қазақ тілін татар ықпалынан шығарып, қазақ тіліне орыс алфавитін енгізу керектігін айтады. Мұны орыс чиновнигі іске асыра алмайтынын, сондықтан да қазақтардың өзі үгіт-насихат арқылы жүзеге асыруы қажеттігін ескертіп: «Шамамен айтқанда, екі жылда Алтынсарин Түркістан ведомоствосына қарасты қазақ даласына барып, соның бір шеткері, сауатсыздық жайлаған қазақтарының арасында өзі мектеп ашса, орыс елінің адамдары істетіп отыр дегізбей өзі ашқан болса, Алтынсарин өз еркімен өз жеке меншігіндегі мектеп есепті ашып, орыс алфавитін қолданса, орыс бастықтарының бастамасы деп халық ойламайтын түрде жүргізсе», - дейді.

Н.И.Ильминский Орынбордағы қазақ балаларына арналған мектепті бітірген Ы.Алтынсаринді білетінін, онымен екі жыл бірге болғанын, ол жоғары дәрежедегі қабілетті, білуге құмар, келбетті, кішіпейіл, адал, ақылды, ойлы, өз халқының патриоты екенін, ерекше ықыласпен жазылған хаттарын алып тұрғанын айтып: «Егер Алтынсарин өзінің сол кездегі жақсы қасиеттерін бойында сақтап қалса, Торғай облысының қазақ мектептеріне пайдалы, жарамды адам болар еді», - дейді [Қазан архиві, ф. 968, оп -1, іс -16, 1 -2 беттер].

Ы.Алтынсарин 1876 жылғы 8 желтоқсанда Н.И.Ильминскийге жазған хатында «Татар тілінде жазылған кітаптардан құтылу үшін қазақ тілінде оқуға арналған бастауыш кітабымды кеше ғана бастадым. Оны мынадай өлеңмен бастадым», - деп «Кел, балалар, оқылық!» өлеңін түгел келтіреді. Ыбырайдың осы хатының түпнұсқасында «Бір Құдайға сыйынып» деп жазылыпты. Бірақ, кеңес

дәуірінде аудармашылар бұл жолды алып тастаған.

Ыбырай хатында бірінші кітабын Паульсон жинағының құрастырылу тәртібімен балаларға лайықтап жазып шыққалы отырғанын, мысалдарды енгізгісі келмейтінін, өйткені, мысалды оқыған балалар оған күлетінін, ал ата-аналары «балаларымызға сауысқан мен қарға сөйлеседі» - деген сияқты «жоқ нәрсені үйретеді», - деп ренжитінін өз тәжірибесінен көріп жүргенін ескертеді. Сондықтан да балалардың ойына ой қосатын өлеңдерді мүмкін болғанынша қазақ өлеңдерінен іріктеп алатынын тәптіштей жеткізеді. Екінші кітабында да балаларға қызғылықты етіп табиғат құбылыстарын, тарихи және географиялық ғылыми әңгімелер енгізбек ойы бар екенін айтады [1876 жыл, 3 декабрь. Торғай қаласы].

Н.Ильминский жоғарыдағы айтылған Оқу министрлігіне жазған екінші хатының соңында Алтынсаринге ыстық ықыласты достығын айта отырып, қазақ халқына орыс алфавитінің қажеттігін түсіндіріп, көндіретінін, көнсе Ыбырай қазақтар арасындағы жақсы үгітші болатынын баян етіп: «Алғашқы әліппеден басқа тағы да екі оқулық керек. Мұны екі жылда істеуге болады. Бұл уақытта Алтынсариннің өзі де оқулық жазу дәрежесіне жетіп қалады. Міне, бұл оның Торғай облысындағы қазақ мектептеріне алғашқы қызметі болады» [Қазан архиві, ф-968, оп-1 іс-16, 2 б.б.], - дейді.

1883 жылдың 1 сәуірінде В.В.Катеринскийге жазған хатындағы «Хрестоматияның екінші бөлімін аяқтадым, енді географиялық суреттеме бөліміне кірісіп отырмын. Бірақ, тағы да бұл хрестоматияны араб әрпімен бастыру керек-ау деген ойдамын», - дегеніне қарағанда, алғаш кітапты орыс алфавитімен шығаруға қарсылық біл-

діргенімен, қалай да қазақ балаларын оқытуды алдына мақсат етіп қойған Ыбырай амалсыз көнген. Бұған «Қазақтар араб алфавитімен жазып отырғанда, ол қазақтарды өзінің шыр-мауынан шығармай, өзіне тарта береді», - деп қазақтарды араб алфавитінен бас тартқызуды көздеген Ильминскийдің көндіргені хаттарынан айқын аңғарылады.

Бұл пікірімізді кітаптың «Сөз басы» деп аталатын алғы сөзіндегі «...орыстың ғылыми және жалпы пайдалы кітаптарына тікелей жол салып беру үшін және сол орыс кітаптарына мағынасы жағынан да, әрпі жағынан да қайшы келмеуін көздеп, біз осы кітабымызды орыс әрпімен бастырғанды қолайлы деп таптық.

Жоғарыда айтылған қолайсыздықтарды оқу ведомствосының көптеген білімді қайраткерлері бұрын да көрсетіп келген болатын; сондықтан мен сол білімді адамдардың ақылын алып, екінші жағынан, өзім де солай құрастыруға кірістім» деген сөздер де растай түседі.

Ыбырай кітап кіріспесінде осылай деп көрсеткенімен, тек орыстың ғана емес, Шығыс, Батыс әдебиетінен де мәнді, мазмұнды, балаларға тәлім-тәрбие берерлік шығармалар іздеуіне тура келді. Оған бұл тұста орыс, араб, парсы тілдерін жақсы білетіндігі үлкен көмек болды.

И.И.Паульсоннан, К.Д.Ушинскийден Л.Н.Толстойдан т.б., Батыс, Шығыс, Еуропа әдебиетінен алған шығармаларды да өзі аударып, балалар ұғымына, таным-түсінігіне лайықтап қайта жазып шықты. Жас ерекшеліктерін ескере отырып балаларға арналған өлең, әңгімелер жазып қосты. Яғни, педагогтік пен жазушылықты ұштастырып, аудармашы да, сатирик те, тарихшы да, әдіскер де, ауыз әдебиетін жинаушы

да, географ та болуына тура келді. Бұл айтуға оңай болғанымен іс жүзінде көп ізденуді, тер төгуді, біліктілікті керек ететін ауыр еңбек еді. Ыбырай осы ауыр да қиын жолда таланттылық, табандылық танытып, таза қазақ тілінде жазылған тұңғыш оқулықтың бірінші кітабын 1878 жылдың соңында бітіріп, қолжазбасын Орынбор оқу округінің попечеліне тапсырады. Ол көп кешіктірмей Оқу министріне, Оқу министрі граф Толстой 1879 жылдың 17 ақпанында Қазан оқу округының попечеліне жіберіп, қолжазбаны оқушылар семинариясының статский кеңесшісі Ильминскийдің қарап шығуына беруін және оның жазған пікірін қолжазбамен бірге қайтаруын сұрайды. «Министрдің бұл өтініші тез орындалып, Н.И.Ильминскийдің ұнатқан пікірі мен қолжазба жоғары жаққа қайта оралады. Бұдан кейін ол министрдің сол жылғы арнаулы бұйрығымен Орынбор қаласындағы М.И.Ефимовский-Мировицкийдің баспаханасында басылып шығып, тұңғыш рет өзін аңсап күткен оқушыларының қолына жетеді» [Дербісәлин Ә. «Ыбырай. Алтынсарин өмірі мен қызметі жайында», - Алматы: 1965. -93-94 б.б.].

«Қазақ хрестоматиясын» құрастыру, оны кітап етіп бастырып шығару қиынның қиыны еді. Біріншіден, үлгі етерлік қазақта, тіпті бүкіл Азия халықтарында бұрын-соңды мұндай оқулық шықпаған; екіншіден, қазақ жазба әдеби тілі әлі қалыптаспаған; үшіншіден, қазақ тілінде кітап бастырып шығаратын баспа, полиграфия атымен жоқ; төртіншіден, атқарып жүрген қызметі де ауыр. Сондықтан да, ол 1877 жылдың 18 маусымында В.В.Катеринскийге жазған хатында: «Мен ел аралап кеткендігімнен міне, үш ай бойына оқу құралым баяғы күйінде қалып қойды; деп жазады. -Оны қазір де қолға ала алмаймын-ау деп отырмын. Өйткені уездік басқарма-

да жұмыстың көптігі сонша, күндіз де, түнде де бас көтере алмаймын».

Оның үстіне ол кезде қазақ тіліндегі кітапты оқып, редакциялау түгілі, әріп қателерін қарап, түзететін бірде-бір адам жоқ еді. Мұны Ыбырайдың Ильминскийге 1879 жылдың 28 шілдесінде жазған хатынан да білуге болады: «Маған тағы бір ой түсіп отыр. Қазан университетінде біздің Сүйіншәлиев және Шуақов бұл кітаптың карректурасын жүргізуден бас тартпас деп сенемін. Бұл жөніндегі ең маңызды нәрсе - кітаптың мәтінінде қате кетпеуі гой, ал Шуақов қазақ болғандықтан, ондай қателерді тез көре қояр еді...Николай Иванович (Ильминский - С.О) оған басшылық етсе, бұл іс жақсы оңғарылатын -ақ сияқты».

Сүйіншәлиев те, Шуақов та, Н.И.Ильминский де бұл оқулықтың корректурасын оқымаған сияқты. Баспаханада қызмет істейтіндер басқа ұлт өкілдері болғандықтан Орынбор қаласындағы Ефимовтың баспаханасынан жарық көрген хрестоматияда қате көп кеткен, алайда сөздері бұрмаланбаған.

«Қазақ хрестоматиясы» [«Киргизская хрестоматия»] әр үйдің төрінде тұруға лайықты рухани өшпес мұрамыз. Оның кейінгі ұрпаққа да берер тәлім-тәрбиесі, өнеге-өсиеті, үйретері көп.

Ұлы ұстаздың Ильминскийге 1879 жылдың 25 қарашасындағы хатында хатымен бірге өзі құрастырған «Қазақ хрестоматиясы» кітабын да жіберіп отырғанын айтып: «Сіз мұны, аса құрметті, баға жетпес Николай Иванович, менің Сізге ешбір қалтықсыз шын көңіліммен берілгендігімнің белгісі ретінде және Сіздің адал мақсатпен менің басыма салған адал ой-мақсатыңыздың далада қалмағанының белгісі ретінде қабыл алуыңызды өтінемін», - деп ізгі ниет-тілегін білдіреді.

«Қазақ хрестоматиясы» («Киргизская хрестоматия») осылай туып, халық қазынасына айналды.

Ол кейін Орынборда (1909), (Қазан қаласында араб әрпімен 1889) Қазанда (1913), Алматыда («Білім» баспасы 2003, 2007) басылды.

Оспанұлы С. Сөнбес шырақ. – Қостанай: «Қарлығаш», 2016. – 11-16 б.б.

ЫБЫРАЙ МЕН АБАЙ

С. Оспанұлы

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық
институтының профессоры, Қостанай қ.*

Екі ұлы тұлға – Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевтың өмірінде де, шығармашылығында да бір-біріне ұқсастық, үндестік көп.

Біріншіден, екеуінің де азан шақырып қойған шын аты – Ибраһим; екіншіден, Ыбырайдың атасы – шынжыр балақ, шұбар төс ірі шонжар Балғожа болса, «Абайдың өз әкесі – Құнанбай, атасы – Өскенбай, арғы атасы – Ырғызбай. Аталарының барлығы да ру ішінде үстемдік жүргізген адамдар» (Әуезов М. А., «Жиырма томдық шығармалар жинағы». «Жазушы», 1985. 20. т. – 26 б.). Үшіншіден, Ыбырай да, Абай да озбыр, зорлықшыл ата жолын құмай, ағартушы-демократтық бағыт ұстаған. Екеуі де жастай зейінді болып өсіп, ана мейірімі мен әже зердесін көкіректеріне құйып жетіледі, орыстың озық ойлы Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов т.б. сияқты революционер-демократтарының еңбектерін оқып, олардан үлгі-өнеге алады. Екеуі де Крылов мысалдарының негізінде өлеңдер шығарып, сол кездегі келеңсіз жайларды сынап-мінейді. Қазақ халқының болашағын, тағдырын шешуде орасан қызмет атқарған Шоқан, Ыбырай, Абай есімдері әрқашан бірге аталады.

Ыбырай халық қамын жеп «Менің үнемі ұмтылған тілегім – қалай да пайдалы адам болып шығу еді» (Алтынсарин Ы. «Таза бұлақ», А., «Жазушы», 1988. – 198 б.), – десе, Абай да «елге пайдалы, адамгершілігі бар, әділ басшы болсам ғана жақсы адам боламын» деп

(Әуезов М. «Жиырма томдық шығармалар жинағы». А., «Жазушы», 1985. 20. т. – 43 б.) «Сахараны басқан қара түн-түнекті қақ жарып, жалғыз қолда жалынды жалғыз шырақ ұстап, халқына бет нұсқап: «Таңың белден батады, күнің сонау жақтан шығады» деп кеткен ақын еді» (Әуезов М. «Абай еңбектерінің биік нысанасы». «Абай тағылымы», А., «Жазушы», 1986. – 6 б.).

Неткен ұқсастық?! Бұл үндестік халқын, ұлтын ұлағаттаудан, ел намысын өз пайдасынан жоғары қойып, оның ілгері басуын мақсат тұтқан ізгі ниеттен «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген жан түкпіріндегі ізгі ойдан туған үндестік. «Заманы бірдің амалы бір». Ыбырай қайтсем жеңілдетемін деп публицистикалық шығармаларына елінің басына түскен ауыртпалықты арқау етіп, газет беттеріне жарияласа, Абай қарасөздерінде халықты бірлікке, татулыққа шақырып, еңбексүйгіштікке үндеді.

Ыбырай «Өнер-білім бар жұрттардың» «Тастан сарай салғызып, айшылық алыс жерлерден көзді ашып-жұмғанша жылдам хабар алғызып» отырғанын айтып, Абай «Ғылым таппай мақтанба» деп халықты өнер-білім үйренуге шақырды.

Белгілі ғалым, жазушы Т.Нұртазин Абайдың орыс классикалық әдебиетінің нәрлі қуатын бойына сіңіруі оның поэзиясына үлкен әсер еткенін, Абай өлең қылған жылдың төрт мезгілі – қазақ поэзиясындағы соны жаңалық

екенін айтып: «Рас, Алтынсарин Ыбырай да:

*Сәуірде көтерілер нәубет туы,
Көрінер көл шетінде қаз бен қуы.*

Бір малы шаруаның екеу болып,

Жайылар жер жүзіне қырдың суы, –

деп жазғытұрым күнді өлең қылғаны бар. Алтынсариннің өлеңі жазғы күнді баяндайды, ырыздықтың молайып, малдың төлдейтінін айтады. Ал, Абайдың жазғытұрғы күнді сипаттауы мүлде басқа: ол баяндамайды, суреттейді, жаздың келбетін бейнелеп, көрсетіп береді» (Нұртазин Т. «Абай және орыстың классикалық әдебиеті». «Майдан» журналы, 1945. №2»), – дейді.

Абай – ұлы ақын, Ыбырай – ұлы ұстаз. Екеуі де орыстың классикалық әдебиетінен нәр алып қанаттанған.

М.Әуезов «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» атты монографиясында Ыбырайдың жоғарыда мысалға алынған «Сәуірде көтерілер рахмет туы» деген өлең жазып, қазақ поэзиясында ең бірінші рет реалистік пейзаж жасағанын айтып: «Мал шаруашылығын кәсіп еткен қазақ халқының көктемдегі тірлігін, шаруа салтындағы көркем ерекшеліктерін аса жақсы бейнелеп берді, – дейді. – Бұнда Алтынсарин Пушкин жазған, орыс тұрмысынан алынған жылдың төрт мезгілі турасындағы өлеңдерден көп үлгі алады. Еліктеу түрінде емес, классик ақынның стиліне ден қойып, соның дәстүрін меңгерді. Ыбырай осы көктем жайындағы жалғыз өлеңнің өзімен қазақтың пейзаж жайындағы болашақ реалистік поэзиясын бастап кетті деуге болады.

Абайдың кейін жазылған осы алуандас «Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс» дейтін өлеңдерінің бәрінен біз жаңағы айтылған, Алтынсарин салған тың жолдың түгелімен қабыл алынып, онан да ары көркейіп, дами түскенін білеміз» (Әуезов М. «Жиырма томдық шығарма-

лар жинағы» А., «Жазушы», 1985. 20. т. 212-213 б.).

Ыбырайдың шешесі Аймен халық ертегілері мен жырларын ұлының құлағына жастайынан құйып тәрбиелесе, екі ананы тел емген Абай әжесі Зеренің ертегілерінен нәр алып, анасы Ұлжанның ұтымды сөздерін бойына сіңіріп өскен.

Ыбырай да, Абай да аудармашы. Ыбырай И.А.Крылов мысалдары мен Л.Н.Толстойдың, К.Д.Ушинскийдің шығармаларын қазақшаласа, Абай да И.А.Крыловты, сондай-ақ А.С.Пушкинді, Лермонтовты, немістің ұлы ақыны И.В.Гетені аударды.

Ыбырай да, Абай да Шығыс әдебиетін жақсы білген. Фердауси, Хафиз, Сағди, Науаи, Физуллилер шығармаларынан сусындаған. Екеуі де Фердаусидің «Шахнамасын» қазақша сөйлеткен. Абай «Ескендір» поэмасын жазып:

*Осы жұрт Ескендірді біле ме екен,
Македония шаһары оған мекен.*

Филипп патша баласы, ер көңілді,

Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам

екен,-

десе, Ыбырай да «Өсиет өлеңдерінде» Ескендірді жағымсыз адам етіп көрсетіп, мәңгілік судан ішпек болғанда:

*Аһ, деді Қадыр-Ілияс қайтып келді,
Сонда да кеседегі суын берді.*

*Ішейін деп Ескендір ұмтылғанда,
Су Ескендір аузына бармай қойды,-
дейді.*

Абай:

«Түбінде баянды еңбек егін салған...»

2 т. 63 б.

Ыбырай: «... егінді әдет еткен халық қабырға суының бойында әлі көп. Жарлы болып, бөтен кәсібі жоқ кісілер Торғай жағында дереу егінмен айналысады, ерінбей азаптанса, бірнеше жылда түзеліп, халық қатарына қосылады». «Қыпшақ Сейітқұл»

Абай:

*«Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
Көп кітап келді алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөз айырмас»,-*

десе, Ыбырай Абай өлеңін әріқарай қара сөзбен жалғағандай: «Бұл кітаптар арасында белгілі зор кітаптар төртеу: Таурат, Забур, Инжил, Фурқан»,- дейді. («Мұсылмандық тұтқасы. 4 б.»)

Абай:

*«Өкінішті көп өмір кеткен өтіп,
Өткіздік бір нәрсеге болмай жетік.»
(«Өткінші көп өмір кеткен өтіп...»)*

Ыбырай:

*«Біз надан боп өсірдік
Иектегі сақалды».*

(«Өнер, білім бар жұрттар»)

Абай:

*«Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы.
Ойында жоқ олардың
Шариғатқа шаласы.
Орыс тілі, жазуы-
Білсем деген таласы.
Прощение жазуға
Тырысар келсе шамасы...»*

(«Интернатта оқып жүр...»)

1870-1880 жылдары қазақтардан алынған алым-салықтың есебінен Павлодар, Семей, Қарқаралы, Ақмола, Атбасар, Омбы, Қызылжар, Көкшетау қалаларында мектеп-интернаттар ашылған. Бұл оқу орындары қазақ халқының сауатын ашу үшін емес, өзінің ояздық, облыстық әкімшілік кеңселеріне тілмаштар, ұсақ чиновниктер дайындау ниетінде ашылған еді. Сондықтан да Абай олардың бұл ісіне наразылық білдіріп осы өлеңді жазған.

Ыбырай да, Абай да Ресей империясының бұл саясатына қарсы. Олар балалардың жан-жақты білім алып, елге пайдалы азамат болуын қалайды. Абайдың «қызмет қылма оязға, жанбай жатып сөнуге», «Ғылым таппай мақтанба»

дейтінінің себебі сол. Ыбырай да тайыз білім алысқа апармайтынын меңзеп «мектепте оқудан жөнді білім алмай, дұрыс түсінік алмай, олар адам болғанын, қазақ арасына барады да, өздерін көп білетін адам етіп, әсіресе зақуншік етіп көрсетеді. Алған азғантай білімдерін жауыздыққа жұмсайды»,-дейді. [Ильминскийге хатынан. 1860, 18 ноябрь].

Абай: *«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...»*

Ыбырай:

*«Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер, бір-біріңе қарасыңыз».*

Орыс тіліндегі шығармаларды да алғаш қазақшаға аударып, халық игілігіне жаратқан Ы.Алтынсарин мен Абай. Бұл дәстүрді «Түркістан уалаяты» (1870-1878) мен «Дала уалаяты» (1888-1902) газеттері де қолдап, әріқарай дамыта түсті.

Ғасырдан ғасырға жалғасып, ұрпақтан ұрпаққа баға жетпес таусылмас қазына болып келе жатқан ауыз әдебиетін жинаушылардың да алдыңғы қатарында Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаев тұр. «Халық әдебиетін жоғары бағалаған Абай өзінің шәкірттеріне, жолдастарына тапсырма беріп, ел арасынан асыл мұраны жинатып, оны халыққа таратуға мән берсе» [Ғабдуллин М. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті». – Алматы: «Мектеп», 1958. – 19-20 б.б.], Ы.Алтынсарин ақын, жырау Марабай Құлжабайұлынан «Қобыланды батыр» жырын жазып алып, оның үзіндісін «Тайбурылдың шабысы» деп 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» жинағына енгізді. Осы кітаптағы «Ізбасты», «Қара батыр», «Жиренше шешен» т.б. әңгіме, ертегі, аңыздар, мақал-мәтелдер де ұстаздың халық ауыз әдебиетін сүйіп, одан сусындап өскендігін аңғартады.

Ыбырай мен Абай шығармаларының әсерімен қазақтың жазба әдеби тілі қалыптасып, дами түсті.

Ыбырай да, Абай да қазақтың, жалпы халықтың тілін ұлттық әдеби тіл етуге ерен еңбек сіңірген. «Абай Құнанбаев, сондай-ақ Ыбырай Алтынсарин өз шығармаларын белгілі бір диалектіге немесе бірнеше диалектіге сүйенбей-ақ, қазақтың бұрыннан ауызша өмір сүріп келген байырғы әдеби тілінде жазған және грамматикалық нормаларын таяныш еткен. Сонымен қатар, қазақ әдебиетінің бұл классиктері кітәби тілдік элементтерді де, ауыз екі тілдегі қарапайым сөздер мен диалектілік элементтерді де, өзге тілдерден енген шет сөздерді де жатсынбай, керегінше пайдаланған» (Ысқақов А. «Абай және қазақ әдеби тілі». А., Жазушы, 1986. – 311 б.).

Ыбырай «Саны көп сапасы жоқ, сапырылысқан, Он үйге бір би болған келді кезге», – деп өзі өмір сүрген заманның кемшілігін айтып өтсе, Абай: «Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын», – деп «надандықты мазақ етеді» (М.Әуезов).

Ыбырайдың өз атасы – Балғожа да, нағашы атасы – Шеген де, аталас туысы Наурызбай да би, шешен. Осы сияқты Абайдың да Қараменде, Кеңгірбай аталары, қаз дауысты Қазыбек пен Бекболат нағашылары дана, ділмәр адамдар. Абайдың шешесі «Ұлжанда тұқымының тауып айтқыш қалжыңшылдығы әбден болған. Анда-санда әлдеқалай айтып қалған сөздері қалжың болып, ел есінде ұмытылмай сақталады. Кесек қалжың, әжуаға да Ұлжан көнтөрлі, созымды, тапқыр болған» (Әуезов М. «Жиырма томдық шығармалар жинағы». А., «Жазушы», 1985. 20 т., – 30 б.). Екеуіне де шешендік ана сүтімен дарыған, көр-

ген-білген, тәлім-тәрбие алған кісілері сөзді өнер деп таныған от ауызды, орақ тілді дарын иелері.

Ыбырай уездік басқарманың ісжүргізушісі әрі басқарма бастығының көмекшісі, ол жоқта тіпті уезд бастығы қызметін де атқарған. Яғни, билік айтуына тура келген. Абайдың бірнеше рет «Төбе би», яғни болыстар арасындағы дауларды шешуші болып сайланғаны белгілі.

Ыбырай бір хатында екі немере туысы болыстыққа таласып, он жыл бойы бір-бірімен араздасып жүргенін, сондықтан халық туысқандарын татуластыр деп үміттеніп өзіне қолқа салғанын, бірақ олардың мұның татуластыр дегеніне көнбегенін баяндай келіп: «бұл таласып жүрген адамдарды болыс сайламаңдар, басқа бір адамды сайлаңдар, деуіме тура келді» («Алтынсарин Ы. «Таза бұлақ». «Н.И.Ильминскийге» – 270 б.), – деп нали жазады.

Келісім бойынша, көпшілік басқа бір беделді ақсақалды болыс сайлайды. Ақыр соңында жаңағы туысқандарының біреуі әр түрлі қас адамдардың тіліне еріп губернаторға, ішкі істер министріне «қызмет адамдарын сайлауға орынсыз қол сұқты... тіпті бұл үкіметке қарсы ойы бар бір социалист болар дейміз, өйткені, бұл іске келіп қол сұғуына басқа себеп болуға тиіс емес еді» деп өтірік қаралауға дейін барды» (Сонда. – 270 б.).

Абайдың да болыс болған себебі – елге пайдасын тигізуді ойлаған. «Бірақ оның игі ниетіне ел жуандары жол берген жоқ. Олар Абайдың өзіне өтірік пәле-жала жауып, жарға жықпақ болады. Солардың кесірінен Абай 1876 жылдан 1886 жылға дейін, яғни 10 жылдай сот тергеуінде болып, ақыры өзінің адалдығы және халыққа инабаттылығы арқасында ақталып шыққаны белгілі»

(«Бекхожин Х. «Абай және «Дала уалаяты», «Тіл және әдебиет» жинағы. А., 1950).

Ыбырайдан Абай төрт-ақ жас кіші. Екеуі бірін-бірі білді ме екен?

М.Әуезов 1870-1880 жылдар шамасында Орынбор, Тройцк, Омск сияқты қалаларда аздап бұратана елдердің балаларын орысша оқытатын Неплюев училищесі мен кейін Ыбырай Алтынсариннің талабымен ашылған орыс-қазақ училищесінің бәрі халық қаражатымен ашылғанын әңгімелей отырып Ыбырай ашқан оқу орны Абай өлеңінде «Интернат» деп аталатынын айтады [Әуезов М. 20 т. 11 б.] Бұл бәріміз білетін «Интернатта оқып жүр, Талай қазақ баласы» деп басталатын өлең екені даусыз. Ыбырай ашқан мектеп жайында өлең жазған Абай Ыбырайды білуі де мүмкін ғой... Екінші бір жайт – Абайдың «Жазды күн шілде болғанда» өлеңі 1889 жылдың ақпанында (№7) «Дала уалаятының газетінде» жарық көрген. Бұл тұста Абайдың да, Ыбырайдың да көзі тірі (Ыбырай сол 1889 жылы 17 шілдеде қайтыс болған – С.О.) Ыбырайдың Абай өлеңін оқуы ғажап емес.

1884 жылы «Оренбургский листок» газетінде (№15) Ыбырай шәкірттері мен ізбасарлары «Біздерге, көшпенділер үшін Ы.Алтынсарин қандай қымбат болса, оның шығармалары да сондай қымбат, мұны Россияда зиялы әдебиеттің қандай зор роль атқарғанын білетін адам ғана түсіне алады. Біз Алтынсариннен бүтіндей бір халықтың, оның бүкіл өмірінің ақыл-ойын, рухын, мінез-құлқының бейнесін көреміз», деп жазды. Сондай-ақ, Ыбырайдың 1880 жылдары «Оренбургский листок» газетінде мақалалары жиі жарияланып тұрған. Орысша-қазақша бірдей сауатты Абайдың бұл материалдарды оқымауы мүмкін емес сияқты. Оның үстіне Абайдың елі – Семей Торғаймен

аралас-құралас. Торғай – Ырғызбай, Торғайбайлар туған мекен. Мұны өмірден ертерек кеткен Ыбырай білмесе де, Абай білген болар?

Белгілі тарихшы, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Ыбырай Алтынсариннің үш томдық шығармалар жинағын шығаруға атсалысқан Бегежан Сүлейменов те Ы.Алтынсарин мен А.Құнанбаевтың таныстығы күдік тудырмайтынын, олардың творчестволық толысу кезеңдері хронологиялық жағынан тұспа-тұс келетінін, екі ағартушының қазақ жерінің түкпір-түкпірінде танымал болғанын айтып, «Ы.Алтынсарин болса Торғай облысы мектептерінің инспекторы сынды аса жауапты қызметте болды, оның «Қазақ хрестоматиясы» мен «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастапқы құралы» тәрізді кітаптары бүкіл қазақ жеріндегі орыс-қазақ мектептеріндегі оқу құралына айналған, – дейді. – Бұл екі жайттың Абай назарына ілікпеуі мүмкін емес. Сондай-ақ, Қарқаралыға көршілес Торғай уезінде өмір сүріп, қызмет еткен Ыбырай да Абай сынды атақты ақын әрі «төбембиді» білмеуі мүмкін емес. Оның үстіне олардың поэзиялық шығармалары сюжеттік әрі стильдік жағынан көп жағдайда ұқсас болып келеді» (Сүлейменов Б. «Ыбырай Алтынсариннің өмір жолы және қызметі» «Ыбырай Алтынсарин тағылымы». А., «Жазушы», 1991. – 37-38 б.).

Журналистика тарихын зерттеуші белгілі ғалым Х.Бекхожин де 1950 жылы «Тіл және әдебиет» жинағында жарық көрген «Абай және «Дала уалаяты» («Абай тағылымы». А., «Жазушы», 1986. – 355 б.) мақаласында газетте Ыбырайдың өмірі мен ісі туралы толық мәлімет басылғанын айтып, Абайдың оны оқымауы мүмкін еместігін айтады.

«Ыбырай мен Абай бір-бірін білген бе?» деген сұрағымызға жауапты

М.Әуезовтің 1950 жылы 11 сәуірде «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрген «Ыбырай Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері» мақаласынан таптық.

М.Әуезов Абайдың Ыбырайды білгенін, Абайдың өзі қадірлегендіктен Абай қолжазбаларында Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларынан жасалған аудармаларымен бірге Ыбырай өлеңдерінің де көшіріліп жазылып жүргенін айтып: «Абайдың өзінің тапсыруы бойынша солай болса керек. Бұл тегіннен тегін емес, – дейді. – Бұқар, Дулат, Шортанбай Абайдың қолжазбаларына жалғыз ауыз өлеңмен тұмсық сұғып кірмегенде, Ыбырайдың әрқашан Абай атымен бірге жазылып, жатталып, таралып жүруі бұл екеуінің үні бір, үміті

бір, арман-бағыты және болашақ тағдыры бір ақын екендіктерін танытушы еді... Олар кейде баяғыдан бері өткен шөл ғасырлардың соңғы дәуіріндегі зор мұнарадай көрінсе, кейде еңбегі, бағыты бірлікпен айқасып аққан қос өрімдей, шөл өлкені суарып, дән бітіріп айқасып ағып келе жатқан қос өзендей танылды» (Әуезов М. «Ыбырай Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері». «Социалистік Қазақстан», 1950, 11 апрель).

Бүкіл қазақ халқына нұр – сәулесін шашып, өлмес, өшпес із қалдырған Ыбырай мен Абай әлемі – парасаттылық пен пайымның, ұлылық пен ұлағаттылықтың ізгілік пен ізеттің, сұлулық пен іңкәрлықтың, достық пен туысқандықтың әлемі.

Оспанұлы С. Сөнбес шырақ . – Қостанай: «Қарлығаш», 2016. – 67-74 б.б.

ЫБЫРАЙ ТАНЫМЫНДАҒЫ ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Е. Арыққара

Филология ғылымдарының кандидаты, «Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры» бөлімінің ғылыми қызметкері,
Ұлттық академиялық кітапхана, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада ұлт ұстазы, қазақ балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсариннің өлеңдері мен әңгімелеріндегі Ислам құндылықтары мәселелері қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы Исламских ценностей в стихах и рассказах учителя нации, основателя казахской детской литературы Ибрая Алтынсарина.

Abstract. The article deals with the Islamic values in the poems and stories of the teacher of the nation, the founder of Kazakh literature for children Ibrai Altynsarin.

Тірек сөздер: оқу, тәрбие, ұстаз, ұлт, мұсылманшылық қағидалары.

Ключевые слова: образование, учитель, нация, мусульманские принципы.

Keywords: education, teacher, nation, Muslim principles.

XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ руханиятының көгжиегіне шоқ жұлдыздай жарқыраған алып үш тұлғаны берді. Ұлт тарихында аты мәңгі өшпейтін кемел тұлғалар – хакім Абай, ғалым Шоқан, ұстаз Ыбырайлар қоғамдық ой-пікірдің көшін бастаушы үш шыңы биігіне көтерілді.

Бұл заман – қазақ халқының отаршылдық бұғауына әбден шырмалып, ұлт зиялылары осы қапастан құтылу жолы оқу-білім игеру деген көзқарасқа келген кезең еді.

Халқымыздың ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу ісін жаңғырта отырып жүзеге асырған ұстаз Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» (1879, Орынбор) оқулығының жазылуы да замана сұранысынан туған еді. Қолына қалам алып, қазақ балаларының ұғым-танымына лайықтап, өлеңдер мен әңгімелер жазғанда, суреткердің сәуегей танымы аумалы да төкпелі аласапыран заманның алдағы күйін

аңдап, әуелде, туған тілдің тазалығы мұратымен бірге жас қазақ жеткіншектерінің балаң санасын ұлттық уызбен ұйыта білу, иманды да мұсылманшыларда буынның асыл қасиеттерін ұлағат етуді мақсұт тұтты.

Ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсарин: «Заман осылай болған соң, амалын тауып, мүмкіндігі бар жерде қазақ халқының елдігін бұзып, болашағын бүлдіріп жатқан жауыздыққа қарсы күресе білу керек» [1], – деп айтқандай, қазақ даласына дендеп еніп келе жатқан рухани отарлау, миссионерлік саясатқа қарсы күресе отырып, осыларға қарсы тұруда халықтық салт-дәстүрлерді, ауыз әдебиетін бала санасына сіңіруді, тіл тазалығы үшін күресуді мұрат етті.

Бір оқығанда оқу мен өнерге талаптануға, еңбекке шақырған өлеңдер мен әңгімелердің саналуан астарлы терең мағынасына бойласаңыз көкірегіңіз саф, тұма «таза бұлақпен» сусындағандай дегдар бір күй кешеді.

Ол бір тылсым әлем. Жұмбақ күй.
Бір Құдайға сиынып,
Кел, балалар, оқылық.
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық [1,5].

Өлең Алланы еске алумен басталады.

Бала жанының бағбаны ұлы ұстаз жеткіншектерді ең әуелі имандылыққа шақырады. Иmandылықпен бірге білім алуға, өнер үйренуге шақырады.

Хакім Абайда да сөз басы «Әуелі аят, хадис-сөздің басы», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп келетінін ескерсек, Абай үшін де, Ыбырай үшін де алдымен Алла, Құдай сөзі – елді жақсылыққа, ізгілікке, адамдыққа жетелеудің басты құралы.

Адамзаттың асылы болған, айтқан сөзі амалымен ұштасқан пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Қолыңнан келгенше адамдарға өз мінез-құлқыңның ең жақсы жақтарын көрсет» [2], – деп өсиет еткен. Бұл кемелдік жолын іздеген әрбір адам үшін бағдаршам сияқты.

Ыбырай ұстаз ұлағатының кемел тұсы да – ең әуелі иман, иман негізінде келетін білім мен ізгі қасиеттерді, көркем мінезділікті ұлықтауында жатыр. Жазушының асқан парасатын, білімінің кең эруидиясын танытатын тұсы да осы мәселелер төңірегінде.

Бүгінде әлем әдебиетінің алтын қорына қосылған мұсылман шығыс сөз өнерінің асыл жауһарлары осы діннің ықпалында дүниеге келгені аян.

Ыбырай ұстаздың да әдеби мұрасының құндылығы – оның рухани бастау көздерінің күрделілігінде. Ең алдымен, ол – өзі өсіп өнген қазақ жұртының халықтық мұрасын терең меңгеріп, Ислам құндылықтарын сіңіріп, асылын бойына жинақтай отырып одан рухани нәр алған ақын.

Ұлы ұстаздың балаларға арналған туындыларынан аңғаратынымыз балаң шағынан-ақ танымының негізін, тінін мұсылман дінінің кәусар бұлағынан ұйыта мейірін қандырған ғұлама жазушы болғандығы.

Ұстаздың туындыларының басты өзегі тәрбиелік мақсатта болатындығы да, мұсылманшылық ұлағатын ұлықтай отырып, шеберлікпен өрнектелген өлеңдері де, әңгімелері де жақсылыққа сүйсіндіріп, адам бойындағы ізгі қасиеттерді оятады.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір үшін тыным таппай еңбек ететінін бала ұғымына лайықтап қарапайым да мағыналы мысалдармен үлгі етсе, «Әке мен бала» шығармасы арқылы да балаларды жастайынан-ақ бойкүйездікке, жалқаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлген.

Жазушы «Жомарт» әңгімесінде қайырымдылық пен қанағатшылдықты, рақымшылық пен адалдықты дәріптейді.

Бұл ел аузында ертегі-жыр болып кеткен, ежелгі араб жұртының әңгімесі еді. Ыбырай осы ертегіні балаларға арнап, әңгіме ретінде ұсынды. Есепсіз бай бола тұрып күн сайын еңбектеніп жұмыс қылатын Атымтай Жомарттың қарапайымдылығына таңданып, «жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мәні не?» деп сұрағандарға қарата айтқан сөзі: «Әуелгісі: Әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең көңілге жел кіргізеді. Сол желіккен көңілмен бейшараларға көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. ...Құдай тағаламның берген дәулетін өзімсініп, өзім тұтынсам мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын», – дейді. Әңгіменің идеясы – Атымтайдың жомарт

көңілін үлгі етіп, адалдығын, тазалығын танытады.

Ыбырай «Бай баласы мен жарлы баласы» атты әңгімесінде бала тәрбиесінің ерекше маңызы туралы суреттейді. Үсен бейнесі арқылы тапқырлық пен талаптылықты, қанағатшылдықты үлгі етеді.

Жазушының айтпағы Үсен – өмір қиыншылығымен сан мәрте бетпе-бет келген, өз еңбегімен күн көруге дағыланған кедей баласы. Бала жастан еңбекке үйренген бала қандай күн келсе де тіршілік көзін таба біледі, тығырықтан шығатын жол іздей алады дегенді меңзейді де, ал тек тоқшылықта өскен Асан тіршілік түйткілдерімен күресуге қауһарсыз, табиғаты әлсіз адам болып қалыптасады.

Сондай-ақ еңбек сүймей, жалқау болып өскен адамдар қулық-сұмдықпен күнкөруді өзіне мақсат ететінін, ал мұның өзі барып тұрған жаман қасиет екендігін, олай болса үлкендер балаларды кішкентайынан еңбекке баулу қажеттігін естерінен шығармауын ескертеді. Бұл әңгіме тек жеткіншектерге ғана емес, ересектерге де ой салары сөзсіз әрі күні бүгінге дейін мағыналық маңызы зор.

Ыбырай ұстаз қазақ жастарын оқытып тәрбиелеу мәселесін ең негізгі, басты мәселе деп есептеді, жастарды оқытып, тәрбиелеуден, тәрбие ісінің құдіретінен артық ешнәрсе жоқ деп түйеді.

Ыбырай адамның жан-жақты қалыптасуының негізгі көзі тәрбие екендігін «Бақша ағаштары» әңгімесінде өте жақсы көрсеткен: «Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу

кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық біткен ағаштай қисық өсерсің», – дейді.

Әкесінің баласына айтқан ақылын баяндайтын осы әңгімеде үлкен мән бар. Адам – тәрбиенің нәтижесі.

Бала жанының зергері, ұстаз Ыбырай шығармаларында көтерілетін адами құндылық мәселелері – бүлдіршіндердің жан дүниесіне әсер етерліктей көркем, тілі жеңіл, мазмұны тартымды суреттеледі. Жасөспірімдерді адамгершілік қасиеттерге баулиды, түрлі жақсы қасиеттерді үлгі етеді, жаман қасиеттерден жирендіреді.

Махаббат, мейірімділік, қайырымдылық туралы, әсіресе, «Мейірімді бала», «Шеше мен бала», «Аурудан аяған күштірек» әңгімелерін алуға болады.

Мәселен, «Аурудан аяған күштірек» әңгімесінде адамның шыдамдылық, төзімділік сияқты тамаша ерік-жігер қасиеттері, олардың сыр-сипаты сөз болады. Абайсызда бір баланы арба қағып кетіп, аяғын сындырады. Шешесі мұны көріп есінен танады. Осыны сезген бала жалма-жан жылағанын қойып, тіпті сынған аяғын салып жатқанда да дыбысын шығарып, қабағын шытпайды. Бұған қайран болған сынықшы: – Аяғың ауырмай ма, қабағыңды да шытпадың ғой, – депті. Қасында шешесінің жоғын көрген бала: – Ауырмақ түгіл жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып жүдемесін деп, шыдап жатырмын – дейді.

«Мейірімді бала» әңгімесінде жас қыз патшаның үкімі бойынша қолы кесілуге бұйырылған әкесі үшін патшаға арыз етіп, өз қолын кесуге ұсынады.

– Тақсыр, патшам, – деді қыз, – менің әкем жазаға лайық болғаны рас, ол үшін қолынан айрылуы керек болды,

мінекей, тақсыр, әкемнің қолы, – деп өзінің қолын көтерді.– Бұл қол да менің жазықты болған атамның қолы, бірақ мұнымен бала-шағаларын асырауға шамасы келмейді», - дейді. Патша баланың атасына мейірімділігін көріп төренің күнәсін кешеді. Мұнда жас қыздың тек қана атасы емес, анасы мен бауырларына деген махаббаты да суреттеледі.

Сабырлылық, шыдамдылық, ұстамдылыққа шақыратын «Асыл шөп» әңгімесі ақылды қыздың құрбысына: – Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын, аты «сабыр», – деген сөзімен түйінделеді де бүлдіршіндерге ой салады.

Ұстаз өлеңдері мен әңгімелеріндегі философиялық, педагогикалық көзқарастардың негізгі түйін, арнасы құлықсана (мораль) мәселелері төңірегінде шешімін тапқан. Ол қоғамда жас жеткіншектерді қалай дұрыс қалыптастырудың, қалай дұрыс өмір сүрудің жолдарын көрсететін, адам өміріндегі тәрбиенің мәні, адам баласының баянды ғұмыры, адамдармен қарым-қатынас мәдениеті, ар-ұят, адамгершілік, қайырымдылық, сабырлылық, рақымшылдық, адалдық т.б. адамдық ізгі қасиеттерді ұлықтайды.

Ыбырай ұстаз өз еңбектерінің негізінде қазақ халқы әдеби туындыдан рухани қуат алатынын ескере отырып ұлтқа, халыққа имандылық негіздерін уағыздап, жас буынды қайырымды, ізгі адам етіп тәрбиелеудің құралы ретінде негізге алған. Сондықтан да ол халқын ізгілікке, адамгершілікке, білімпаз-

дыққа баулуға өзінің төл туындыларын бағыштады.

Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин шығармалары – тәрбиенің алтын діңгегі.

Ұлы далалықтардан асқан ақылымен әлемге әйгілі болған Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың: «Адамға тәрбиесіз берілген білім қауіпті» деген дана сөзі бар.

Ұлы ағартушы 1884 жылы қыркүйекте Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан ешуақытта қайтпаймын. Құдайым тек адам баласының жауыздық қылықтарына қарсы тұруға, нақақ жала-жапсардың күйігінен арманда кетпеуге дем берсін», – деген екен.

Кезінде «Оренбургский листок» газеті Алтынсарин туралы пайымды пікірлерді ылғи жариялап отырды. Осы басылымның 1894 жылғы №15 санында ұлы ағартушының бір топ шәкірттері қол қойған мақала жарық көреді. Онда: «Біз, көшпенділер үшін, Алтынсариннің еңбегі өте қымбат. ...Біз Алтынсарин арқылы өз халқының ақыл-ойын, мінезін және жалпы бар өмірінің рухын сипаттайтын адамды байқаймыз», – делінген.

Туған халқының болашағы қазақ жастарын таза бұлақтай саф туындыларымен сусындата білген ұлы ұстаздың өлшеусіз ерен еңбегі заманалар көшіне ілесіп, талай толқынды үлгілі істерге бастай берері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Кел, балалар оқылық. Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. – Алматы: Атамұра, 2006.–186 бет.*
2. *Уразов А. Исламдағы көркем мінездің мән - маңыздылығы.*

ҰЛТ БОЛАШАҒЫН БОЛЖАЙ БІЛГЕН

С. Әмірғазин

жоғары деңгейлі білікті маман-мұрағатшы,
Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада Ы.Алтынсариннің ағартушылық саласында қолжеткізген табыстары мен көтерген мәселелері, болашақты көрегендігі және соңына қалдырған өшпес ізі қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматриваются достижения И.Алтынсарина в области просвещения, а также видение будущего и наследие педагога.

Abstract. In article I. Altynsarin's achievements in the field of education, and also vision of the future and heritage of the teacher are considered..

Тірек сөздер: ағартушы, тәрбие, ұстаз, педагогика.

Ключевые слова: просветитель, воспитание, наставник, педагогика.

Keywords: educator, education, mentor, pedagogics.

Ақиық ақын, терең ойшыл, өз қоғамына жаңа ұстаздық-философиялық ұстанымдарымен танымал болған Ыбырай Алтынсарин өз халқына, оның жастарын оқу-өнерге, еңбекке баутуда, олардың бойындағы өзіндік қасиеттерін жетілдіре отырып заманына сай тұлға қалыптастыру жолында ағартушылықтың сара жолын салып кетті. Ұлы ағартушының бар саналы өмірінің осындай құдіретті де қасиетті миссияға арналғаны тарихи ақиқат. Егер ғұлама Абай бабамыз баршаға «адам бол!», «пайда іздеме арлы бол!» деп жар салса, Ыбырай «білікті де көпшіл бол!» деген гуманистік принципті ұсынды. Бұл қазіргі заманғы жаһандық ұстанымдардың өзекті мәселелерінің тұтқасындай ұсыныстармен парапар құбылыс. Атап айтқанда, Елбасы, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қазақ халқына ұсынған «Мәңгілік Ел» жалпыхалықтық идеясымен сарындас, үндес болып тарихи сабақтастық дәстүрмен жалғасып жатыр.

Ол арнайы тек қазақ балалары үшін мектеп ашып, оқулық құралдар жа-

зып, орыс классиктерін аударып, өзінің өлеңдерін тек бір мақсатқа – оқу-ағарту ісіне арнады. Сөйте тұра оның мұраларының әлі де болса да толық жинақталмағаны, оның үстіне бұл саладағы зерттеулердің арнайы бағдарламамен жүйеленбегені көпшілікке мәлім. Ыбырай мұраларын мұқият зерделеп, зерттеумен шұғылданып жүрген жекелеген әртүрлі ғылыми саладағы ғалымдар тобы баршылық. Бірақ, ғылыми ізденістерді сапалы түрде талдауға, жинақтауға және қорытындылауға қажетті нұсқаушы ғылыми орталықтың болғаны ұтымды қадам болар еді.

Ыбырай Алтынсариннің өмірі туған халқы үшін шынайы үлгі нұсқасы тәріздес болды. Ол біздің қазіргі күндері қолдап жүрген рухани-мәдени, діндер аралық, ұлтаралық толеранттылық ұстанымдардың алғашқы қозғаушысы ретінде қазақ халқын орыс халқымен достыққа шақырды, алдыңғы қатардағы орыс педагогтерін өзіне ұстаз етті. Сол кезеңнің алдыңғы қатарлы педагог-ұстазы Ушинскийдің оқыту әдісін шебер меңгеріп, нақтылы тәжірибе жүзінде қолданды. Алтынсариннің

оқыту әдісінің негізі халықтық болды, яғни, дәл қазіргі кезеңдегі патриоттық ұстанымдардың арқауы болып отырған әлеуметтік құбылыстарды: көп ұлтты Отанымызды сүюді, еңбек пен өнерге құштарлықты арттыруды, қоғамдық болмыс пен тұрмысты, сырт дүниеге сын көзбен қарап барып бағалауды, әлеуметтік және қаржы-экономикалық тоқырауларды тұтастық пен бірліктік ұстанымдармен игеруді насихаттады. Бұл оның таза философиялы-педагогикалық идеяларының арқауы еді. Бұл арадағы ең басты идеялық басымдығы сол кезеңдік діни уағыздау, иландыру мен бопсалаулардан бөлек ғылыми диалектикалық принциптерді оңтайлы қолдануында. Баршамызға таныс: «Кел балалар оқылық, Оқығанды көңілге ықтиярмен тоқылық...» өлеңінің жалпы ортақ бітімі диалектиканың «мән мен мазмұн» категориясының талаптарына толығымен жауап беріп тұр.

Сонымен қатар, Ыбырай өзінің жанындай ұнатқан елі Ресейде туып келе жатқан революцияшыл қозғалыстарды, патшалық әлеуметтік құрылымды түбірімен өзгертіп, оның орнына жаңа қоғам орната алатын қоғамдық күшті, яғни Ресейдің жұмысшы партиясының идеяларын сол замандық ұсыныстарға сәйкес қабылдап, қолдаған болатын. Соған орай кейбір орындалмаған үміттеріне қатысты «Біз болмасақ – Сіз барсыз, үміт еткен достарым!» деп ол өз халқының келешек ұрпақтарына сенім артуы да оның позитивті гуманист болғандығының нақтылы дәлелі болатыны анық. Яғни, Алтынсариннің ағартушылық тұрғыда жазған еңбектері мен тұжырымдамалары қазіргі кездегі болып жатқан жаһандық өзгерістерге байланысты ерекше маңызға ие болуда. Әсіресе еліміз егемендікке ие болып ұлттық бағыттағы патриоттық тәрбие беру бетбұрысы басталғаннан бері Ыбырай Алтынсарин сияқты ұлы ғұла-

малардың шығармаларының өзектілігі де арта түсуде.

Өз заманының талабына сай жан-жақты дамыған ақыл-ой иесі Ыбырайдың есімі уақыт сындарынан мүдірмей өтіп, өз халқымен бірге ғұмыр жасап келеді. Оның өмірі мен қызметі өз Отанын шын ықыласымен сүйіп, бүкіл жан-тәнімен беріліп қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып саналады. Ағартушы-ұстаздың үлгілі өмірі мен көкжиегі кең ұстанымдары өз кезеңінде қаншалықты биік те нанымды қасиеттерімен ерекшеленіп, халық руханиятының даму барысында айқын таңбаларын қалдырса, қазіргі заманда да сол кезеңдік ерекше құндылықтық еңбектерінің бойында толығымен сақталуда. Бұл кез келген қоғамдық дамудың диалектикалық заңдылықтарына сәйкес әлеуметтік-мәдени құбылыс болып табылады. Себебі, қайдай да бір дана ғалым болсын адамзаттың жалпы ұстанымдарымен қабаттаса бірге дамитын, оны алға жетелейтін, жігерлендіре түсетін тың ұсыныстарды алға тартады. Рухани мәдениетіміздің даму барысында Ыбырай Алтынсарин нақтылы білім саласындағы алғашқы көшбасы, жолашар, санаулы ғалымдардың бірегейі болған еді. Ол өзіндік барлық шығармашылық ғұмырын ұлы ағарту мақсатына арнады. Ол мақсаттың мәні: қазақ халқын заман әуеніне сай ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың құрсауынан арылтып, ғылым-білімді және мәдениеті ілгері дамыған елдердің қатарына жеткізу еді.

Ыбырайдың ағартушылықтық алқапта біршама кедергілерге жолығып, көптеген уақыттар бойы өз мақсатына жете алмай, кейбірде, тіпті уақытша сәтсіздікке де ұшырап жүрген кезеңдері болғаны тарихи шындық. Сонда да, алға қойған мақсатынан көз жазбай, керісінше діттегеніне жігерлі ынтамен кірісіп, талмай ізденуінің өзіндік та-

рихи себебі де бар еді. XIX ғасырдың 60-80 жылдарында қазақ қоғамының қандай мәселелерге әсіре мұқтаж болып отырғандығын ағартушының өзі де талай рет үлкен мән бере отырып айтқан болатын. Өткен XIX ғасырдың 70-жылдардағы ісқағаздарының бірінде ол: «Қазақ халқының арасында өзінің көрші халықтарының тілін білуге, олардың жазуын үйренуге ұмтылушылық күшейіп келеді, өйткені, біріншіден, олардың қазіргі экономикалық және саяси жағдайының өзі аяқтарын аттап басқан сайын дерлік, мысалы, орыс тілін, орыс жазуын білуді қажет етіп отыр», - деді. Ал, республикамыздағы қазіргі замандық «үш тілділік» мәселесінің біздің мемлекетіміздің геосаяси және мәдени-рухани даму барысындағы ойып алатын орны айтпасақ та түсінікті жайт. Ең бастысы «үш тілдік» тұжырымдаманың принципті ұстанымының қоғамдық қажеттіліктен туындап отырғаны объективті құбылыс. Заманауи прогресс дами берген сайын ғылыми талаптардың формасы мен мәнінің өзгеруі соңғы жылдары үдей түскені анық байқалуда.

Ағартушылық ұстанымы, көзқарасы нақты қалыптасқан Ыбырай мектеп ашу жұмысымен қанша мұқият шұғылданса да, ол тек 1864 жылдың қаңтар айында ғана ресми түрде ашылды. Дала тұрмысында бұл тұңғыш жаңа мектептің ашылып, іске кірісуі Ыбырайдың өміріндегі ең бір салауатты кезеңі болып саналады. Бұл айрықша оқиға оған аса маңызды қуаныш әкелді, алдағы болашақ іс-әрекеттерге қуатты шабытпен айналысуына қолайлы жағдай қалыптастырды. Ағартушының: «Менің үнемі ұмтылған тілегім қалай да пайдалы адам болып шығу еді. Ал қазір осыған қолым жетіп отырғанын ойласам, көңілім толық жұбаныш табады», - деп жазуы осының нақтылы дәлелі болды. 1864 жылдың 8 қаңтары - қазақ халқының мәдени даму

тарихында жаңа тұрпатты халықтық мектептің дала өмірінде алғаш рет ашылып, жұмысқа кіріскен атақты күні болып қалды. Білім беруге айтарлықтай дайындығы да болмаған бұл жаңа мектепте Ыбырай бүкіл педагогикалық жұмысты өз ұстанымына ғана сүйеніп, өзінің орыс мектебінен алған білімі мен тәжірибесі негізінде жүргізді.

Сонымен, ұлы дала өміріндегі бүкіл оқу-ағарту жұмысының болмыс тағдырын өз қолына алып, оның ұшы-қиыры жоқ жұмысын дұрыс жолға қою міндеті қазақ мәдениетінің тарихында алғаш рет Ыбырай сияқты әрі ұстаз, әрі шын патриот, ойшыл азамат ұлдың үлесіне тиіпті. Ыбырайдың 1879 жылы Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып жаңа қызмет орнына тағайындалуы оның ағартушылық қызметінің кең көлемде өріс алуына мүмкіндік туғызады. Бұл қызметке өзін жоғарыдағы басқарушы орындардың ресми бекітілуін күтпей-ақ, ол сол жылдың 1 қыркүйегінен бастап қазақ даласынан жаңа тұрпатты мектептерді көптеп ашу мәселесімен тікелей, төтенше түрде жүзеге асыруға кіріседі.

Қажымай-талмай ізденудің нәтижесінде Ыбырай, 1883 жылдың 15 қарашасында, Торғай қаласынан қолөнер мектебін ашуға қол жеткізеді. Бұл мектеп қазақ даласындағы техникалық мәні бар тұңғыш оқу орны болып саналады. Ыбырай қазақ даласында ашылып жатқан «мектептер қоғамдық өмірмен тығыз байланыста дами отырып, өзінің оқыту, тәрбие беру жұмыстарын заманның озық талаптарына сай құра білуі керек», - деп таныды. Мектеп бітірген жастардың қоғамның әлеуметтік өміріне тікелей, батыл түрде араласуын талап етті. Сонымен қатар, ең бастысы мектептің өзі оларды осындай бағытқа нақтылы тәрбиелей алуы қоғамдық қажеттілік деп санады. Ол «Қазақ балаларын ұқыптылыққа,

тазалыққа, отырықшылық тұрмыстық ағартуға үйретудің өзі қазақ даласында тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін», - деп тұжырымдады.

Ағартушылық саласында Ыбырайдың қолжеткізген табыстары мен көтерген мәселелері оның орыстың прогресшілдік бағыттағы ағартушылары мен жазушыларынан шығармашылықтық санатта үйреніп, сол игерілгендерін қазақ қоғамының жағдайына сәйкес ұтымды пайдалана алғандығының нәтижесі болып табылады. Ыбырай қазақ даласында тұңғыш рет орыстың халықтық мектептерінің тұрпатында жаңа мектептер ашып, орыс халқының тілі мен өнер-білімін, алдыңғы қатарлы озық дәстүрлері мен мәдениетін ыждахатты түрде насихаттады. Ірі ағартушы, салиқалы саналы әлеуметтік қайраткер, ақиық ақынның соңына қалдырған игілікті өшпес ізі, қасиетті даңғал жолына бажайлай қарасаң, заманына бойлай енсең көңілімізге шексіз ризашылық, алғысқа толы ойлар келеді.

Ыбырай Алтынсариннің сан қырлы, терең бай мұрасын тереңдей зерттеуге Қазақстан ғалымдары XX ғасырдың басында толық мүмкіндік алды. Мұндағы басты міндеттер:

- Ыбырай Алтынсариннің дүниеге көзқарасындағы болмыстық ұстанымдық бағытын анықтау;
- оның ғұмыр кешкен дәуіріндегі қоғамдық болмыс пен сана арасындағы қайшылықтардың бетін ашу;
- ұлы педагогтің қалдырған мұраларын қазақ халқының сол кезеңдегі талап-тілектері мен мұң-мұқтаждықтары тұрғысынан қарастыру;
- өткендегі заманның мәдени-рухани қозғалысының үлгі-өнегелік, әсер-ықпалына байланысты тұрпатта талдау болды.

Ыбырай Алтынсарин мұраларын зерделеудегі бірден-бір дұрыс жол осы деп танылды да қазақ ғалымда-

ры осы жолды таңдады. Әрбір нақты тарихи дәуірдегі қоғам өмірінің аса маңызды салалары ішінде барлық халықтарда да жаңа өспірім, жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлінгені белгілі жайт. Сондықтан сол кезеңдік халқымыздың әлеуметтік-рухани өміріндегі өзекті мәселелердің барлығы Ыбырай Алтынсариннің озық ой-пікірлері мен мәдени тұжырымдары арқылы толыққанды өзіндік философиялық-педагогикалық жүйе болып қалыптасты. Сөйтіп, ол жүйе белгілі бір тарихи кезеңдегі ауыспалы әлеуметтік дәуірдің ахуалын объективті тұрпатта ашып көрсетті.

Ұлы далалық ізденушілерінің зерттеулерінде Ыбырай Алтынсариннің қоғамдық саяси және ағартушылық қызметі, сондай-ақ оның әдеби мұралары жан-жақты терең қарастырылады. Соңғы он жыл ішінде мұрағаттардан аса маңызды материалдар табылып, олар Ыбырай Алтынсариннің еңбегі мен қызметін ғылыми тану әдістемесі тұрғысынан терең де толық зерттеуге мүмкіндік берді. Өз халқының кемел болашағы үшін жанқиярлықпен күресудің қиырлы жолдары және жоғары деңгейлік идеалды ұсыныстар туралы Ыбырай Алтынсариннің кейде шолақ қайырып, қысқа айтқан, немесе үзінді-үзінді қалыптық сілемі ғана қалған сөздері жүйелі түрде зерттеулердің, шынайы танымдық ұмтылыстың арқасында логикалы заңдылықтар негізінде ұғынылып түсіндірілетін және тұжырымды қорытындылайтын дәрежеге жетті.

Ыбырайдың тағы бір нақты адами қырытуғандамыздағы оқу-ағартумен мектептерді дамытудың түбірлі мәселелерін қазақ халқының қоғамдық-саяси өмірімен байланыстыра білуі. Бұл үшін орыс педагогикасының алдыңғы қатарлы озық идеяларын қазақ халқының шаруашылық және әлеуметтік болмыс-

тық ерекшеліктеріне орай асқан шеберлікпен жүзеге асырды. Ондағысы жаңадан ашылып жатқан мектептердің қазақ халқының саяси-әлеуметтік және қоғамдық даму үдерістеріне өзіндік ықпалды әсерлерін жүргізе алатындай қалыпқа жетуін, олардың кең-байтақ ұлы қазақ даласында нағыз мәдени-рухани орталықтарға айналуын аңсады. Сондықтан болса керек, ең алдымен Ыбырай Алтынсарин балаларды зайырлы түрде тәрбиелеу арқылы оқытудағы басты мақсаты – жас өспірімдердің әлі тың да алаңсыз ашық ой-саналарына, қажетті де тиімді аңсардағы идеялық бастауларына қозғау салып жетілдіруді көздеген болса керек. Ондағысы түпкі философиялық мүдделерін жүзеге асыру мақсатында өзіндік педагогикалық идеяларын жаңаша тұрпаттағы қазақ балалар әдебиетін жасаумен ұштастыра дамытты. Мұндай гуманистік қағидаларға сүйенген ұмтылыс қазақ халқы үшін атқарылған аса маңызды игілікті іс қана емес жаңашыл, қазіргі замани тілмен айтсақ білім саласындағы реформалық тың бастама болды.

Мүлдем орыс тілін білмей өскен дала балалары орысша оқытылатын мектептерге алынған кездері тілдік мәселенің басты кедергіге айналары анық. Оның үстіне оларға орыс тілін оқытып-үйретуде арнайы жетекші оқыту әдістемелік құралдардың болмауы да өзіндік қиындықтар тудыратыны тағы бар. Сондықтан, бұл бастамада объективті түрде философиялық «ақиқаттың екі жақтылығы» принципі пайда болады. Яғни, оқушылар көретін «құқай» құбылысты үндестік заңына

сәйкес оқытушылар да міндетті түрде бастан өткереді. Өйткені, қандай да қоғамдық іргелі бастамалар болмасын алғашқы қадамдарында қосымша әдіс-амалдарды пайдалануға мәжбүр болады. Сондықтан да сонау заманғы Ыбырай Алтынсарин бастаған ұстаздар тобының қоғамдық белсенді іс-әрекеттері қазіргі кезеңдік өзіндік дамуында тарихи сабақтастық, үйлесімдік, үндестік принциптерімен жалғасуда деп қорытындылай аламыз.

Ыбырай өзі оқып-тоқыған білім-ғылымға толық қанағаттанбай өз бетінше ізденуін тоқтатпаған, философиялық-педагогикалық пайымдарын үнемі толықтырумен болған. Әсіресе, шығыстанушы ғалым В.Григорьевтің үлкен кітапханасына барып, дүниежүзі классиктерінің шығармаларын, тарихи, этика-эстетикалық, философиялық еңбектерді терең зерделеуді өмірлік салтқа айналдырған. Шиллер, Гюго, Гоголь, Толстой, Белинский, Герцен, Салтыков-Щедрин, Достоевский, Тургенев, Шевченко, Руссо, Гегель, Бокл, Фирдоуси, Низами, Бируни, Сағди, Науайи шығармалары Ыбырайдың ғылыми ізденістеріне бағыт-бағдар берген. Соның әсерінен классиктердің рухани қазынасын ана тілімізге аударған. Соған орай, «Оренбургский листок» газетінің 1884 жылы 4-сәуірінде санында «Біз Ыбырай Алтынсаринді Шекспир, Байрон, Гете, Пушкин, Лермонтов, Крылов, Некрасов және басқа орыс, Европа әдебиеттері классиктерінен тәлім-тәрбие алған халық ақыны деп білеміз» деп аталып көрсетілуі ғылыми жетістіктерінің нәтижесі деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жармұхамедов М. «Ыбырай Алтынсарин тағылымы» (әдеби – сын мақалалар мен зерттеулер). Алматы: «Жазушы», 1991ж.
2. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдияров А. «Педагогика». Алматы: «Дарын», 2004ж.
3. Сыдықов Ә. «Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі». Алматы, 1969 ж.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ЫРҒЫЗДАҒЫ ІЗІМЕН

Р. Қ. Қуанова

*Қостанай облыстық Ыбырай Алтынсарин мемориалдық музейі
директорының орынбасары, Қостанай қ.*

Аңдатпа. Мақалада Ыбырай Алтынсариннің ықпалдасуымен Ырғыз жерінде ашылған мектептің өткені мен бүгіні жайлы баяндалады.

Аннотация. В статье рассказывается о прошлом и настоящем школы в Иргизе, открытой при содействии Ибрая Алтынсарина.

Abstract. In article it is told about the past and the present of school in Irgiz, opened with assistance of Ybray Altynsarin.

Тірек сөздер: ағартушы, ұстаз, мектеп, түлектер.

Ключевые слова: просветитель, наставник, школа, выпускник.

Keywords: educator, mentor, school, graduate.

Қостанай өңірінде туып, еліне өлшеусіз еңбек сіңірген ұлы тұлғалар аз емес. Солардың бірі, әрі бірегейі педагог-ағартушы, жерлесіміз – Ыбырай Алтынсарин.

Музей қызметкерлері атамыздың мектеп ашқан Ақтөбе облысы Ырғыз ауданында іссапарда болды.

Ыбырай Алтынсарин – ғасырлар толғатып сирек туылатын тау тұлға, көрнекті ағартушы, жаңашыл ұстаз, орыс графикасының негізінде қазақ алфавитін құрастырушы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушыларының бірі, дарынды жазушы, тамаша ақын, публицист, аудармашы, қоғам қайраткері.

Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен педагогикалық қызметі Қазақстанның Ресей қоластына кіруінің аяқталған кезеңінде өтті. Ресей құрамына кірмей тұрғанда Қазақстан аумағында негізінен мұсылман мектептері болған еді. Мектеп мешіттер жанында салынып, ауыл балалары молдалардан сабақ алды. Мұндай мектептерді жеке

адамдар, діни қоғамдар еншіледі. Мұсылман мектептері шағын, тек қыс мезгілдерінде жұмыс істеді, бірақ нақты оқу мерзімі, оқу бағдарламасы, жоспары, оқу және әдістемелік оқулықтары болмады. Балалар арабша сауат ашты және мұсылман дінінің негізін оқыды.

Ресейге қосылғаннан кейін, қазақ даласын басқару аппараттарына білімді қазақ шенеуніктер керек болды. Сол себептен, патша үкіметі өз жағдайын ойлап, қазақ байларының араб, татар, қазақ тілдерінде сөйлеп-жаза білетін балалары үшін тілмаштар дайындайтын мектептер аша бастады, оларды дәулетті қазақтар жинаған қаражатқа салды. Соның бірі - Орынбор шекаралық комиссия мектебі. Осы мектепті тәмәмдаған Ыбырай Алтынсариннің атасы Балғожа би: «немерем орыс тілін білсе – орыс көпестерімен араласып, байлығыма – байлық қосылады», - деп есептеді. Сөйтіп, Балғожаның мақсаты орындалып, Ыбырай тілмаш қызметін атқарды.

Бірақ, көзі ашық, көкірегі ояу Ыбырайдың түпкі мүддесі өз қандастарын оқыту, жоғары білімді ету, бөтен халықтармен терезесін теңдестіру еді. Осыған орай, дарынды педагог оқулықтар жазып шығарып, Торғай өңірінде бірінші мектеп те ашты.

Торғай уезінің орталығы Торғай қаласы болды, Орынбор губерниясының құрамында 1868 жылы ашылды. Торғай облысы Ырғыз, Ақтөбе (Елек), Қостанай (Николаев) уездерін қамтыды.

Ыбырай Алтынсарин Торғай қаласында 1864 жылы 8 қаңтарда мектеп ашса, сол жылы 25 қазанда Ақтөбе аймағында алғаш рет Ырғызда да бастауыш қазақ мектебі ашылған. Бұл мектеп Ыбекеңмен Орынбор шекаралық комиссия мектебін оқып тәмәмдаған Шахмұрат Құлыбековтың ұйымдастыруымен салтанатты түрде ашылды.

Кезінде уезд орталығы болған Ырғыз селосы қазір Ырғыз ауданының орталығы, Ақтөбе облысының оңтүстік шығыс бөлігінде орналасқан.

Барша қазақ даласы Ырғыз өңірінде көне шежіренің куәсі. Ол тек Ырғыз өзенімен ғана емес, сол аймақтағы ата-бабасының өткен тарихымен де тікелей байланысты.

Көзбен көріп, суын ішіп, жерін басқан Ырғыздан қалың қазағына жаңға жайлы қоныс іздеп, желмаясымен арман қуып Асан Қайғы баба да өткен екен.

Қазақтың өз Тәукесі мен әйгілі Әйтеке биі, тәкаппар басын имей өткен көкжал Кенесары хан да осы далада шатырын тіккен деседі.

Орыстың озық туған ұлдары Даль, Добросмысловтар осы дала дастарханнан дәм татып, Украинаның ұлы кобзарі Тарас Шевченко Ырғыз даласының құдыретін «Ырғыз қаласы» картинасы арқылы әлемге танытқан болса, осы елді мекеннің тіршілігінен сыр шер-

тетін тыныс-жайлары көз тартарлық екен.

Ырғыз жері өзіміздің Торғай сияқты көрінді, кең дала, Ырғыз өзені. Ауыл тұрғындары да қонақжай, бауырмал екен. Ырғызда Ыбырайдың көшесімен жүріп, Ырғыз аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері Досанова Самал Қарымсаққызы музей мен мұрағатқа апарып, аудан орталығы тарихымен таныстырды. Ыбырай Алтынсарин мектебінде келесі оқу жылына қызу дайындық жүріп жатты.

«Қазақстанның тәуелсіздігін аңсап, қолдарынан келгенше жерімізді қорғап қалған ата-бабамыздың арманы орындалып, егеменді ел болдық. Жәй ғана армандап қоймай, білімді ұрпақ болсын, оқу-жазу білсін деген оймен ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин сол уақытта шалғайда жатқан Ырғыз қаласында мектеп ашуға өзі белсенді араласыпты», - дейді мектеп директоры Зейнолла Мұхайысұлы Сәуірбай.

Алтынсариннің тікелей өтінішімен Ырғыз қаласындағы оқу орындарында Тимофеев, Григорьев, Спиридонов, Сахарова, Царегородцев, Васильева деген білімді әрі тәжірибелі мұғалімдер қызмет істеген.

1864 жылы мектеп Ресей халық ағарту Министрінің 1879 жылғы №4146 жарлығымен Ырғыз қаласында екі кластық орыс-қырғыз училищесі болып қайта ашылыпты. Училищені ұстау үшін 2600 сом қаржы бөлініпті. Оқуға 23 қазақ, 25 орыс, 2 еврей балалары қабылданыпты.

Ал 1972 жылдан мектеп Ыбырай Алтынсариннің атымен аталады. Алтынсарин мектебі бүгінгі таңда Ақтөбе облыс көлеміндегі тарихы мол, іргелі білім шаңырағы болып саналады.

Мектеп ұлттық тәрбиедегі білім, экономика негізіндегі бағыттар бойынша

жұмыс жасайды. Мектепте мультимедиа қондырғысымен жабдықталған компьютер сыныбы, халықаралық интернет жүйесі іске қосылған. Мектеп оқушылары жылма-жыл, облыс көлеміндегі түрлі білім бәсекесінде топ жарып, аудандық пәндік олимпиадаларда жеңімпаз атанады. Шәкірттерге сапалы білім, саналы тәрбие беруде мектептің педагогикалық ұжымы Білім Заңын басшылыққа ала отырып, жаңашылдықпен, шығармашылықпен жұмыс жасайтыны көрінеді.

Ыбырай Алтынсарин мектебінің түлектері әр жылдары «Алтын» және «Күміс» медальдарымен марапатталып, «ерекше үздік» атестатпен бітіргендер де аз емес. Осындай жетістіктермен қатар әр жылы мектеп табалдырығынан үлкен өмір жолына шыққан түлектер қазірде түрлі салада жұмыс жасап, атақ-абыройға, ғылыми атақтарға ие болған көптен-көп азаматтар баршылық. Мектеп түлектері оқуға деген ынталарымен көп бағдарламалар бойынша Ұлыбритания, Қытай елдерінен білім алуға.

Кейбір деректерге сүйенсек, Қазақстанда Кеңес үкіметі орнаған соң, 1920 жылы Ырғыздағы Алтынсарин ашқан мектептің алғашқы директоры қызметіне Иван Киселев тағайындалып, мектеп «Совет еңбек мектебі» деп аталған. Онда 150 бала оқып білім алыпты. 1920-1940 жылға дейін мектепті Иван Киселев, Мұса Дайрабаев, Оспан Сарбатыров, Огофия Назаренко және Төлеп Баудияров сынды азаматтар басқарған. Аталған кісілерден кейін 1941-1947 ж.ж. - Аяп Тәлкеев, 1947-1954 ж.ж. - Бердібай Баудияров, 1961-1969 ж.ж. - Итемген Байманов, 1969-1982 ж.ж. - Кәрім Әмірхан, 1982-1987 ж.ж. - Куаныш Айтқұлов, 1987-1989 ж.ж. - Сейілхан Оразымбетов, 1989-1992 ж.ж. - Мейрамбек Бектұрғанов, 1992-2007

ж.ж. - Болат Аймановтар мектеп басшысы болған.

Аудандық, селолық кеңестеріне депутат болып сайланған, «Ырғыз ауданының жыл адамы - 2009» атағының иегері, көп жылдар ұстаз болып, орта мектептерде оқу ісі жөніндегі орынбасар қызметін атқарған, 2007 жылдан бері Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп директоры Зейнолла Мұхайысұлы Сәуірбай: «Шәкірттерге терең білім беруге өздерінің ерен еңбектерімен көрініп, мемлекеттік наградалармен марапатталғандар көп. Олардың қатарында «Қызыл Жұлдыз» және «Құрмет белгісі» орденінің иесі, математик Бердібай Баудияров, 1954 жылы алғаш «Ленин» орденін алған ұстаз Әмір Тұңғашин, «Құрмет белгісі» орденінің иегері Алдан Жарылғапов, көп жылдар мектеп басқарған «Құрмет белгісі» орденінің иесі Итемген Байманов және осы ұлағатты ұстаздардың ісін жалғастырушы, бүгінде аудандағы білгір математик, 1981 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған Күләйім Ізетқызы және 1986 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған бастауыш сынып мұғалімі Айымкүл Жұмабаевалар да бар», - деді.

Ыбырай Алтынсарин салған мектеп ХХ-ші ғасырдың басында құлап қалады да, оның құрылыс материалдарынан кітапхана салынады. Сонымен, 1905 жылы Ырғызда қалалық кітапхана ашылады. Негізінде, Ыбырай Алтынсарин Ақтөбе облысы бойынша 1883 жылдың күзінде ең алғашқы кітапхананы Ырғыз қаласындағы училище жанынан ашқан, онда 300-400-дей кітап қоры болған. Оның сырты үнемі ақталып, бертін келе заманға сай кірпішпен қапталған.

Сонымен бірге, Ыбырай қазақ қыздарын оқыту, сөйтіп оларды мәдениетке және қоғамдық өмірге тікелей тарту мәселесінде де феодалдық ескі әдет -

салттарды батыл ығыстырып, әлеуметтік маңызы зор істерді жүзеге асыра алған тамаша жаңашыл адам.

Ол 1887 жылы 15 қыркүйекте Ырғыз қаласында Қазақстанда тұңғыш рет қазақ қыздар мектебін ұйымдастырып, жастарды оқуға тартты. Ырғыз қалалық бір кластық әйелдер мектебінің ашылуы үлкен оқиға ретінде қабылданып, 1888 жылы мектептің жанынан қазақ қыздары үшін 18 орындық интернат ашылады. Осы мектептің жанынан қыздар үшін интернат ашу мәселесімен Ыбырай 1888 жылдың 6 қаңтарында Орынбор оқу округінің көмекшісіне жолығып, өтініш жасайды.

Қазақ халқы тарихында әйелдердің теңсіздігін тұңғыш көре білген және оны сол ауыр халден шығарып, өнер-білімге тарту жолында алғаш қол ұшын берген қайраткер – Ыбырай болды.

Ырғыз перзенті Әлмұхамед Сейдалин қазақ қыздары үшін осы мектепті ашуға құлшына кірісіп, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсаринге көмектескен көрнекті тұлға.

Бұл жөнінде Ы.Алтынсарин досы Н.И.Ильминскийге 1889 жылы ақпан айында жазған хатында: «Ырғызда бітімші сот және тергеуші болып Әлмұхамед Сейдалин істейді. Ол қазақтарды оқыту ісіне өте ынталы адам. Биыл ол қазақ қыздары үшін Ырғызда қазақ сахарасындағы алғашқы 20 кісілік қыздар мектебін ашуыма көмектесті», - дейді.

Ыбырай Алтынсарин ырғыздықтардың мәңгі естерінде. Қазақтарға білім сәулесін сепкен Ыбырай Алтынсарин жаққан бір шырақ – мектеп қиын-қыстау, өтпелі кезеңдерден өтіп, одан сайын жарқырап, жайнап тұр.

Қазақ елінің келешегі білімді ұрпақта! Ондай ұрпақ Ырғыз қасиетті мекенінде, киелі топырақта баршылық!

Ал, баяғыда Ыбырай салдырған мектеп – киелі шаңырақ. Ол жылдар сайын қоңырауын сыңғырлата береді. Білім ұясынан елге таңылар талай айтулы адамдар тәрбиеленіп шығатынына еш күмән жоқ. Бұл – ақиқат.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ШӘКІРТТЕРІ МЕН ІЗБАСАРЛАРЫ

З.Қ. Балтабаева

Қостанай облыстық Ыбырай Алтынсарин мемориалдық музейінің бас қор сақтаушысы, Қостанай қ.

Аңдатпа. Мақала ағартушы Ыбырай Алтынсарин шәкірттері мен ізбасарларына арналған.

Аннотация. Статья посвящена просветителю Ибраю Алтынсарину и его ученикам и последователям.

Abstract. The article is devoted educator Ybyrai Altynsarin and his disciples and followers.

Тірек сөздер: ағартушы, ұстаз, шәкірт, ізбасар.

Ключевые слова: просветитель, наставник, ученик, последователь.

Keywords: educator, instructor, student, follower.

Қазақ қоғамында білім беру ісінің көшбасшысы ретінде танылған ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы қазіргі кезеңге дейін әр қырынан ғылыми зерттеулер нысанына айналды. Демократ-ғалым, аудармашы, публицист, ақын, жазушы, педагог-ағартушының есімі өз халқымен бірге жасап келеді. Ұлы Ыбырайдың өмірі өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан-тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып табылады. Ыбырай Алтынсариннің тәлім алған ортасын, дәлірек айтқанда өрісін кеңейтудің ғылыми, тәрбиелік және танымдық маңызы зор. Ол орыс, қазақ халықтарының адал достығын барынша терең баяндаудың негіздерін қалауға жәрдемдеседі. Алтынсариннің ізбасарлары мен шәкірттері ұлы педагогтің өзі бастап енгізген оқу жүйесін жалғастырды, оның қалыптасып, дамуына белгілі дәрежеде елеулі еңбек сіңірді, оқу-ағарту саласындағы идеяларын кеңінен насихаттады. Ұрпақтарға үлгі өнеге болар із қалдырды.

Қазақ жастары үшін арнайы оқытушылар мектебін ашу ісіне де Ыбырай зор көңіл бөліп, көп мән берді. Талмай іздену, тиісті орындарға жалықпай өтініш жасау арқылы осы білім ұясының елді мекендердегі ағарту ісі үшін айрықша қажет екендігін нақтылы дәлелдеудің нәтижесінде ол 1881 жылы Орск қаласынан қазақтың тұңғыш оқытушылар мектебін ашты. Бұл мектепке артқан үмітін және оның қоғамдық өмірі үшін маңызын Ыбырай өз сөзімен былайша сипаттайды: «Оқытушылар мектебі оқушыларымыздың барып түсетін мектебі еді, бұлар сонда белгілі бір білім алып қазақ халқының тұрмысына, шынында да, пайдалы болған болар еді. Қазақ халқының ақыл - ойы мен экономикасының дами беруіне көмектесе алатын адамдар болар еді».

Қазақ қоғамы жағдайында бірден үлкен оқу орнын ашудың бүкіл қиындығын жақсы түсінген Ыбырай осы жалғыз оқытушылар мектебі мен уездік, болыстық мектептер арқылы қазақ арасындағы оқу-ағарту ісін

алғашқы кезде дұрыс жолға қоюға болады, келешекте не істеудің керектігін уақыттың өзі көрсетеді деп ойлады.

Ыбырайдың өзінен тәлім-тәрбие алған шәкірттері санаулы ғана, алашқан мектептерінен түлеп ұшқан қазақ балалары көптеп саналады. Бүгінгі тақырып аясында ұлы педагог-ағартушының кезінде көзін көрген, одан оқып, пікірлес болған және мектебін бітіріп, ел мақтанышына айналған тұлғалар жайлы әңгіме қозғалады.



Қорғанбек Бірімжанов
1852-1919 ж.ж.

Ғұлама-педагог Ыбырай Алтынсариннің арманы бүкіл қазақ халқы үшін білімнің алғашқы ошақтарын ашу еді. Жас ұрпақтың өмірінде маңызы зор бұл іске сол кезде жергілікті орындар салқын қабақпен қарады. Ол кездескен уақытша қиыншылыққа мойымады. Ауыл-ауылды аралап, үгіт жұмыстарын белсенді жүргізді. Тұрғылықты халық арасында әріп танып, сауат ашудың, білім жолын қуудың қаншалықты қажет екенін түсіндірді. Ыбырай Торғайға келген бетте нағашы жұртының көмегімен мектеп құрылысын салуға кірісті. Мектеп салу кезінде жергілікті

адамдар түгел атсалысып, қолдан келген көмегін аяған жоқ. Орыстың халық мектептері үлгісімен қазақ даласындағы тұңғыш мектептің жобасын жасады. Мектептің тұрған жері ауқымды еді, ондағы еңселі, шатырлы, сынып бөлмелері кең, дәлізі ұзын болды. Ол балалардың оқуына қай жағынан болсын қолайлы еді. Білім ордасының іргесі тастан қаланды.

Ыбырай Алтынсарин 1864 жылы Торғай қаласында қазақ балаларына арналған алғашқы мектеп ашты. Сол ұлы ағартушының қуанышын тілмен айтып жеткізу қиын да болар. Ол өзінің Н.И.Ильминскийге хатында: «Қаңтардың 8-і күні менің көптен күткен мақсатым орындалып, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы қабылданды, бәрі де талапты, есті балалар. Мен оларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай, белсене кірістім. Бұл балалар да менің көңілімнен шығып, небәрі үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды», - деп жазды.

Ыбырайдың әкесі Алтынсары өз елінде өте беделді, батыр, би атанған Шегеннің қызы Айманға үйленген еді. Ыбырайдың нағашысы Шегеннің балалары мектепті қаражатпен қамтамасыз етіп қана қойған жоқ, Бірімжан деген ұлынан туған Қорғанбек атты немересін Ыбырайдың мектебіне берді. Мектеп құрылысына дайындық пен оны салу барысында Ы.Алтынсарин аудармашылық қызмет атқара жүріп, өз үйінде төрт баланы оқытады. Шәкірттерінің оқу құралы – қазақтарға арналған орыс тілін өздігінен үйрену кітабы болды. Олардың ішінде Қорғанбек Бірімжанов та бар еді. Ол ұлы ағартушы оқытқан алғашқы он төрт баланың ең үздігі атанып, Торғай мектебін бітірді. Бұл

жөнінде Ыбырайдан тәлім алған дарынды педагог Ғабдолғали Ыбырай Алтынсарин туралы естелігінде: «Торғай уезінде жұмыс істеген жылдары Ыбырай Алтынсарин арғынның белгілі ұрпағы Бірімжанның балалары Дәуренбек, Қорғанбек, Әбдібектермен жиі араласып, өзі Торғайға келісімен оларды әуелі өз үйінде жатқызып оқытты, содан кейін мектеп ашылған соң, мектепте білім алуды жалғастырды», - дейді.

Сол Бірімжанның екі баласы Қорғанбек пен Әбдібектің есімдері Ыбырай Алтынсариннің мұражайы қорындағы құжатта көрсетілген емтихан тізімінде аталады. Онда Қорғанбектің жазу мен оқуға қабілеті де айтылады. 1865 жылдың 22 мамырында Торғайдағы қазақ мектебінің оқушылары тұңғыш сыннан өткізіліп, жазғы демалысқа шығады. Сын қорытындысында сыйлық алған төрт оқушының бірі Қ.Бірімжанов болатын. Ол әділ, адал, қарапайым азамат болып өсті.

Қорғанбек Бірімжанов кейін орысша оқып, гимназияда білім алды. Ол мектептердің өзекті мәселелері көтеріліп жатқанда Торғай уезі бастығы Я.П. Яковлевтің кіші көмекшісі қызметін атқарып, Орынбор генерал-губернаторлығының номенклатурасына енді. Ол бұл қызметке патшаның келісімімен тағайындалды және басқа да басқару жұмыстарында істеді. Торғай қазақ мектебінің кітапханасын жабдықтауға Қорғанбектің көп ықпалы тиді. Саналы азамат кітапхана жұмысына тек Ыбырайдың туысы болғандықтан ғана көмектеспейді, осы іске ресми адам ретінде салысады. Өйткені Торғай облысының әскери губернаторы Қорғанбекке кітапхана ісінің

жауапкершілік міндетін тапсырған. Қазақ еліндегі ағарту мәселелері жайлы белгілі шығыстанушылар В.В.Григорьевпен, В.В.Катаринскиймен хат жазысып тұрды. Қорғанбек от ауызды, орақ тілді алғыр да батыл кісі болған деседі.

1895 жылы Торғай қазақтарынан құрылған өкілдер Ұлы мәртебелі императорды неке қию салтанатымен құттықтау бақытына ие болды, онда олар торсыққа құйылған қымызды алтын жалатылған күміс табақпен алып барды. Осы топты басқарған Торғай облысының әскери губернаторы, генерал-лейтенант Я.О.Барабашпен Александр III патшасы жатқан қабіріне күміс гүл шоқтарын қойды. Сол жолы үкіметке адалдығы, қызметіне жауапкершілікпен қарайтындығымен ерекшеленген, арғын руының ең көрнекті өкілдерінің бірі Қорғанбек Бірімжанов Торғай уезінен өкіл болып сайланды.

Қай жерде жүрсе де, ол әлсіздердің қамқоршысы, әділдіктің жақтаушысы ретінде көпшіліктің құрметіне бөленді, осы қасиетімен Ыбырайдың шәкірті, әрі қимас досы болды.

Інісі Әбдібек Бірімжанов та Торғай облысында мектеп ашты. Ал ағасы Дәуренбек Бірімжанов қырық жылдан аса Торғайдың өзі туып-өскен жері Тосынның болысы атанды. Уақ Жұмабай ақын жырлағандай, ел аузында да, жазба деректерде де Қорғанбек пен Дәуренбектің аты қатар аталады.

Міне, Ыбырай Алтынсарин іргесін қалаған тұңғыш мектеп, уақыттың сынақтарынан өтіп, көптеген шәкірттерді біліммен қаруландырып, түлетіп ұшырды.

Шежірелі, тарихи Торғай жерінен шыққан Қорғанбек Бірімжанов 1852 жылы туып, 1919 жылы қайтыс болды.

Қорғанбек оқыған Торғай мектебі бұзылып, кейін уақыт өте Ыбырай атындағы мектеп түлектерінің үндеуімен қалпына келтірілді. 1988 жылы халықтың қаржысымен Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық-мемориалдық мұражайы ашылды.



Ғабдолғали Балғымбаев
1867-1943 ж.ж.

Артында өшпес із қалдырған Ғабдолғали Балғымбаев 1867 жылы киелі Торғайдан 50-60 шақырым жердегі Тұзды ауылында (қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданы) қарапайым шаруа отбасында дүниеге келді. Әкесі Балғымбай көзі ашық, арабша сауатты кісі болған. 1875-1876 жылдары Ғабдолғали 8 жасынан бастап Торғайдағы бір сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқып жүргенде Ыбырайдың елі мен халқына сіңірген еңбегін біле бастады. Сол кезде ұлы ағартушы Торғай уезі басқармасының іс жүргізушісі болып істейтін. Кейде уездік соттың қызметін, енді бірде уездік бастықтың орынбасары және ара-тұра бірінші басшының да қызметін уақытша атқаратын. Кейіпкерім 1879-1881

жылдары Торғайда бір сыныптық мектептің курсын бітірген соң отбасына көмектесу үшін Торғай уездік басқармасында хат жүргізуші болып қызмет атқарды.

Ежелгі Торғай облысының қазақ мектептерінің алғашқы инспекторы Ыбырай Алтынсариннің кеңесі бойынша Ғабдолғали 1883 жылы Орск қаласында ашылған қазақ оқытушылар мектебіне түсіп, оны 1886 жылдың маусым айында бітірді. Сол жылы Ғабдолғалидың әкесі қайтыс болып, мұның үйіне қайғыларына ортақтасып, көңіл айтуға Ыбырай Алтынсарин келді. Ұлы ағартушы мұны Қостанайға мұғалімдік қызмет істеуге шақырды. Содан Ыбырай Ғабдолғалиды осындағы екі кластық орыс-қазақ училищесіне бірінші сынып оқытушысының штаттан тыс жәрдемшісі етіп тағайындады. Ыбырай Алтынсарин дүниеден өткеннен кейін орнына Торғай облысының халық училищелерінің инспекторы болып бекітілген А.В.Васильевтің өтініші бойынша бұл 1890 жылы Қарабұтақтағы бір сыныптық училищесінің меңгерушісі болды.

1902-1907 жылдары ол «Торғай облыстық ведомостары» газетінің редакторы, әрі ісжүргізуші қызметін атқарған кезде Ыбырайдың көнекөз қариялардың аузынан жинаған әңгіме-шежірелері және «Боз жігіт» дастаны мен ғашықтық жырларын, Әбубәкір, Күдері өлеңдерін, қыз бен жігіт айтыстарын да инспектор А.В.Васильев екеуі орыс тіліне аударды. Ал 1907-1917 жылдары Торғай облыстық халық училищелерінің инспекторы болып жұмыс істеді. Инспекторлық қызметін атқарған кездері 22 мектеп ашқаны белгілі. Оқудың ғылыми негізіне ерекше мән берді. Мектептерде еңбек, дене шынықтыру сабақтарын оқу жоспарына енгізді.

Ғабдолғали Балғымбаевтың қолжазба өмірбаянында жазылғандай, ол 1920 жылы Торғай уездік ревкомының жанындағы халық ағарту бөлімінің, содан кейін Торғай уездік Кеңесінің экономикалық бөлімінің меңгерушісі болды. 1921 жылы уездік халық шаруашылығы кеңесінің бастығы қызметін атқарды. Келесі жылы уездік атқару комитеті оқу-ағарту бөлімінің меңгерушісі, 1924 жылы уездік атқару комитеті Кеңесінің ұсынысы бойынша онда алғашқы бас бухгалтер және шаруашылық бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Төрт жылдан соң уездік атқару комитеті аудандарға бөлініп, тарағаннан кейін Торғай аудандық атқару комитетінде есепші болды.

Дарынды педагог 1930 жылдан бастап Торғай мектептерінде мұғалімдік қызметін одан әрі жалғастырды. Көп өтпей, Алматы өлкелік кеңсесіне жұмысқа орналасты. Содан кейін, Қазақ халық ағарту комиссариатының әдіскері және халық ағарту бөлімінің меңгерушісі сияқты жауапты қызметтерді атқарды. 1933 жылдың 1 маусымынан жеңіл өнеркәсіп саласына қарайтын шұға фабрикасының жанындағы ФЗУ (фабрика-зауыт оқуы) мектебінің директоры, әрі 7 жылдық мектептің меңгерушісі болып тағайындалды. Алайда ФЗУ мектебі жабылып, оған 1936 жылы Алматыға ауысуға тура келді. Мұнда ол ұлттық мәдениет институтында ғылыми қызметкері және аудармашы қызметін атқарды. Кейін орталық мұражайда библиограф, Қазақ КСР Ғылым академиясы қазақ филиалында ғылыми қызметкер болып істеді.

Өмірінің соңғы жылдарында Ыбекең туралы көлемді естелік жазып

қалдырды. Ұлы педагог-ағартушы Ы.Алтынсариннің шәкірті, әрі әріптесі болған Ғ.Балғымбаев оқу-ағарту, ғылым салаларында жемісті еңбек етіп, 1943 жылы 28 қаңтарда қайтыс болды.

Ғабдолғали Балғымбаев артына мол рухани, мәдени мұра қалдырды. Мұрағаттарда сақталған әдеби еңбектерімен қатар, Торғай облысында жаңа үлгідегі орыс-қазақ мектептерін ашып, олардың материалдық базасын нығайтып, мұғалімдермен үнемі толықтырып отырды. Оқу және әдістемелік еңбектерді жазды. Сөйтіп, даңқты жерлесіміз бар күш-жігерін өзі өкілі болып табылатын халықтың жарқын болашағына жұмсады. Ол сонымен қатар мәдениет саласын дамытуға да айрықша үлес қосты.



Ахмет Бірімжанов
1871-1927 ж.ж.

Қазақ зиялыларының өмірбаяндық деректері, атқарған ауқымды қызметтері егеменді ел азаматтарына әрқашан үлгі, өнеге.

Белгілі қоғам қайраткері, заңгер, саясаткер, «Алаш» партиясы және «Алашорда» Халық Кеңесінің мүшесі

Ахмет Бірімжанов 1871 жылы Торғай уезі Тосын болысының №1 ауылында дүниеге келді. Оның әкесі Қорғанбек педагог-ағартушы Ыбырай Алтынсариннің шешесі Айманмен бірге туған. Ахмет Ыбырайдың нағашы інісі. Ол алғаш Торғайда Ыбырай ашқан мектепте, кейін Орынбор ерлер гимназиясында дәріс алады. 1896 жылы Қазан университетін алтын медальмен бітіріп, заң қызметкері мамандығын меңгереді. Ондағы басты мақсаты – терең білім алып, бодандықтағы, құлдықтағы халқының құқығын қорғау еді. Ол университеттен кейін Орынбор және Троицк округі, Ақтөбе, Торғай, Бұзылық уездерінде сот қызметкері болып жұмыс істеп, біраз жыл іс-тәжірибе жинақтайды. Талай адамның теңдігі үшін күресіп, қолдан келген көмегін аямайды. 1905 жылдан бастап Ахмет Бірімжанов Орал, Семей, Орынбор қалаларында өткен жалпы қазақ съездеріне қатысып, алты Алаштың арын арлап, жоғын жоқтайды. Алашорда партиясының мүшесі болады. Торғай облысы қазақ өлкесінен 1-ші Ресей Мемлекеттік Думасына депутат болып сайланады. Әсіресе, ол дума мәжілісінде сөйлеген сөзінде Қазақстан жерін жаппай тартып алуға, осы аймаққа орыс шаруаларының қоныс аударуына қарсылық білдіреді. Ахаңның қазақ халқының мүддесін қорғауға негізделген пікірін бірінші шақырылған Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланған шағын ғана қазақтар тобынан басқа ешкім де қолдамады. Алайда оның айқын да батыл, әділ айтылған сөзі азаттық аңсаған халықтың ояна бастағанын аңғартып өткендей еді.

I Мемлекеттік Дума таратылғаннан кейін Ахмет Орынбор қаласына қайта оралып, Орынбор округтік сотының тергеушісі қызметін атқарады.

Көп ұзамай II Мемлекеттік Думаға сайлау 1907 жылы 12 ақпанда Ақтөбе қаласында өтеді. Торғай облысынан 106 адам сайланады, бәрі бір ауыздан А.Бірімжановқа дауыс береді. Басқа да депутаттармен бірге қазақтар да Мемлекеттік Думаға құрылған комиссиялар құрамына кіреді. А.Бірімжанов әскери дала соттарын жою туралы заң жобасын жасау комиссиясының құрамында болады. 1907 жылдың 3 маусымында II Мемлекеттік Дума таратылып, одан кейінгі Думаларға қазақ даласынан депутаттар сайланбайды. Осы жылдары Ахмет «Алаш» партиясының көрнекті қайраткері ретінде оның Жарғысын жасауға да атсалысты. Әсіресе, алаш басқарушылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтармен жақсы таныс, пікірлес, идеялас дос-жаран болады. Алашорда үкіметі мүшелерінің Уфада өткен кеңесіне қатысып, Алашорда әділет министрі болады.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін ол отбасымен өз еліне оралады. 1917 жылы Ахмет Бірімжанов Уақытша үкіметтің Торғай уездік комиссары, кейіннен Қостанай уездік комиссарлығына тағайындалады.

1920 жылы оны Орынборға арнайы шақырып, заң жағынан жауапты қызметтер ұсынады. Ахмет Бірімжанов Қазақ ССР мемлекеттік халық комитетінің алқасында мүше бола жүріп, заң бөлімдерін басқарады. Ол өз қызметінде, өмірде адал, биязы, мейірімді және ақылды, адамгершілігі мол азамат ретінде көзге түседі.

Оның жары – Гүлжауһар Әлмұхамет Күнтөреұлы Сейдалиннің қызы. Әлмұхамет Сейдалин Ыбырай Алтынсариннің Торғай, Қостанай, Ырғызда мектеп ашуына үлкен көмек көрсеткен жан. Белгілі кісінің аты-

жөні Ыбырай жазған хаттарында және де басқа да ісқағаздарында жиі кездеседі. Ыбырай Алтынсариннің Н.И.Ильминскиге 1889 жылдың ақпан айында жазған хатында: «Ырғызда бітімші сот және тергеуші болып Әлмұхамет Сейдалин істейді. Ол қазақтарды оқыту ісіне өте ынталы адам. Биыл ол қазақ қыздары үшін Ырғызда қазақ сахарасындағы алғашқы 20 кісілік қыздар мектебін ашуыма көмектесті...» деп, ол кісінің еңбегін ерекше бағалап өткен. Ырғызда қыздар мектебін ашуға және оның ары қарай қаз тұрып кетуіне сенімсіздік көрсеткен жергілікті әкімшілік орындарының әрекеттеріне қарама-қарсы Ыбырай Алтынсарин В.В.Катаринскиге 1888 жылы 5 қарашада жазған хатында: «Ал мен, әсіресе Сейдалиннің және құрметті қамқоршы болып тағайындалып отырған уезд бастығының көмегімен бұл жұмыстың Ырғызда жақсы жүретініне көзім жетіп отыр», - деп нық сеніммен атап айтқан. Әлмұхамет Ырғызда қыздар мектебін ашуға көмектескен әрі басқаларға үлгі-өнеге ретінде өз қызын да оқуға берген. Сөйтіп, қызы Сейдалина Гүлжауһар Ырғыздағы қыздар мектебін ойдағыдай бітірген. Тарихи деректерге әріден қозғайтын болсақ, Әлмұхамед 1867 жылдан 1869 жылға дейін Орынбор облыстары қазақтарының Батыс бөлігінің басқарушы сұлтаны да болған. Кейін Қостанай, Ырғыз, Торғай уездерінде бітімші сот қызметтерін атқарған. Стат кеңесшісі шенін алып, 4 дәрежелі әулие Владимир орденін иеленген. болған Әлекең 1837 жылы дүниеге келіп, 1898 жылы Ырғызда қайтыс болған және сонда жерленген.

Бүгінгі басты кейіпкеріміз Ахмет Бірімжанов ұзақ ауыр науқастан 1927 жылы қаңтар айында өмірден озды. Ол

Ленинград қаласы Волков зиратында мұсылмандар жағына жерленген.



Нұрғали мен Нәзипа
Құлжановтар

Қазақ зиялыларының бірі, ерлі-зайыпты Нұрғали Құлжанов пен Нәзипа Құлжанова Ыбырай жолын қуып, халық ағарту саласының дамуына үлкен үлес қосты.

Нұрғали Құлжанов 1877 жылы Жанкелдин ауданы Қошалақ ауылында дүниеге келді. Алғашқы білімді Ыбырай ашқан мектептен алды. Қостанай гимназиясын бітіріп, Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқыды. Оның болашағына А.Байтұрсынов ерекше әсер етті. 1905 жылы мұғалім болды. Семейде мұғалімдер училищесінің директоры қызметін атқарды. 1906 жылы 1 қаңтарда 3 дәрежелі Святой Станислав орденімен марапатталған. 1908 жылы Батыс Сібір география қоғамы Семей бөлімшесіне мүшелікке қабылданған. Тексеру комиссиясының құрамында болып, ежелгі тарихи, музыка,

фольклорлық мұраларды бөлімше мұражайына жинақтап тапсырған. Бір айтар жай, Алыптарымыз Қ.Сәтпаев, М.Әуезов, С.Бегалиннің ұстазы болды.

Әдебиет, мәдениет, оқу-ағарту ісіне ерте араласқан Нәзипа Құлжанова 1887 жылы Торғай қаласында, суатшы Сағымбайдың отбасында дүниеге келді. Сондағы Ыбырай Алтынсарин іргесін қалаған мектепте дәріс алды. Кейін Ыбырай Алтынсарин ұйымдастырған Қостанайдағы орыс-қазақ қыздар гимназиясына оқуға түсті. 1898 жылы бұл білім ұясына орыс қыздарымен бірге бес қазақ қызы оқуға қабылданған еді, соның бірі – Нәзипа Сағызбайқызы болатын.

Сағызбаева Нәзипа гимназияның төрт жылдық курсына үздік бітірген соң Торғайдағы қыздар училищесіне көмекші мұғалім болып тағайындалады. Оның ата-анасы қазақтың әдет-ғұрпымен қызын ертерек айттырып, қалың малын алып қояды. Нәзипа бұрын танып білмеген адамға күйеуге шыққысы келмейді. Қалың малын қайтарып беруге қаражаты болмады. Сол себептен Нәзипа облыстық әскери губернаторға арызданып, көмек сұрайды. Ол осы жағдайдан біржола құтылып, ерікті түрде Жітіқара-Шұбар болыстық мектебінің мұғалімі болады. Кейін Орынбор мұғалімдер мектебінде орысша білім алады. Оқу орындарына есімі белгілі Нұрғали Құлжановпен сөз байласып, тұрмыс құрады. Орыс білімі – қазақ әйелдерінің ой-санасына әсер етіп, өзгеріс енгізді. Дегенмен, айналадағы бай ағайындары олардың алаңсыз еңбек етіп, мұғалімдік қызметтерін абыройлы атқаруына мүмкіндік бермеді. Сөйтіп, туған жер Қостанайдан Семей өңіріне кетуге мәжбүр болды. 1904 жылы Құлжановтар Абай еліне келісімен ақынның бай әдеби мұраларын

зерттеп, туған-туыстарымен жақын араласып кетті. Туыстарын қонаққа шақырған кездерінде Нәзипа Абай әндерін шырқап беретін. Ерлі-зайыпты екеуі Семейдегі мұғалімдер семинариясында ұстаздық қызмет етті. Өздерінің арманы – жас шәкірттерді оқытып, тәрбиелеу ісіне белсене кірісті. Құлжановтардың ағартушылық қызметтері Сәкен Сейфуллин назарына да ілігіп, «Самұрық» атты өлеңінде Нәзипаның еңбегін паш етсе, ал «Қызыл сұңқарлар» атты өлеңінде Нұрғалиды атаған. Бұл ерлі-зайыпты мұғалімдер үйі қазақ зиялылары бас қосатын орталықтардың бірі болған.

Назипа ұстаздық жұмысты атқара жүріп, этнография тақырыбын зерттеді, мақалалар жазды. 1913 жылы Орыс география қоғамының Семей бөлімшесіне, «Азамат серіктестігі» ұйымдарына мүше болды. 1914 жылы 26 қаңтарда ерлі-зайыпты Құлжановтар Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына 10 жыл толуына арналған әдеби кеш ұйымдастырды. Нәзипа орысша баяндама жасап, Абайдың әдеби мұраларын халыққа кеңінен таныстырды. Бұл кешке жазушы Мұхтар Әуезов те қатысты.

Олар кештер ұйымдастырып, одан түскен қаржыны мұқтаж студенттерге бөліп беріп тұрған. Қазақтың ұлт ойындарын халыққа көрсету мақсатында әскери губернатордан рұқсат сұрап, 1915 жылы 13 ақпанда Нәзипа тағы бір ойын-сауық өткізеді. Бұл кешке қатысып, өнер көрсеткендердің көбі – Абайдың туыстары мен жақындары. Мұнда Ыбырай Алтынсариннің «Жаз» өлеңін Нәзипа жатқа айтады. Ойын-сауықты ұйымдастырушы Нәзипаның мақсаты – қазақ әйелдерінің бетін ашып, мәдени-ағарту жұмысына қатыстыруға баулу бастамасы еді», -деп бағалады.

Қазақтың аяулы қызы орыс-қазақ тілін жетік меңгерген ұстаз болғандықтан, Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», Ыбырай Алтынсариннің «Көктем» өлеңдерін орыс тіліне өзі аударды. Қазақ қыздарының теңдігін жақтап, «Қадірлі Қайша», «Есіл қыз-ай», «Маржан» секілді көркем шығармалар жазды. В.И.Ленин дүниеден өткенде қазақ әйелдері атынан жоқтау шығарып, газет бетіне жариялады. Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі дәуірде газет-журналдармен тығыз шығармашылық байланыста болды. 1930 жылы Мәскеуге барған сапарында Н.К.Крупскаямен кездеседі. Бұл айрықша кездесу Нәзипаның өмірінде өшпес із қалдырып, қаламын одан сайын ұштай түсті.

Нәзипа Ахмет Байтұрсыновпен екеуі бір жерде туып, бір өзеннің суын ішкен адамдар. Ізденімпаз, ізгі, еңбекқор, талантты жасты Ахаң қолтығынан демеп, үнемі қолынан келген жақсылығын аямаған. Соның бір айғағы оның 1923 жылы «Мектептен бұрынғы тәрбие» деп аталатын кітабына алғы сөз жазды. Оған дейін

бұл салада еңбек жазып, ата-аналарға педагогика ғылымының қыр-сырын түсіндірген ұстаздар болған жоқ еді. Екінші «Ана мен бала тәрбиесі» деп аталатын кітабы Қызылорда қаласынан 1927 жылы жарық көрді. Нәзипа Құлжанова – өзінің саналы ғұмырын туған халқының рухани игілігіне арнаған, алғашқы орысша оқып білім алған аяулы қыздардың бірі, қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш журналист.

1919 жылы Нұрғали Құлжанов саяси қызметкерлер қолынан қаза табады. Бірақ ерік-жігері мол Нәзипа ауыр қайғыдан соң есін жинап, мектепке дейінгі тәрбиеге негізделген бірқатар кітаптар жазды. Орыс авторлары туындыларын қазақ тіліне аударды. Ұзақ жылдар бойы Қазақстанның алғашқы басылымдарында журналист болып қызмет еткен Нәзипа Құлжанова 1934 жылы Алматыда ұзаққа созылған сырқаттан көз жұмды.

Құлжановтар қазақ өнері мен әдебиеті тарихына өздерінің қолтаңбасын мәңгі қалдырған, халқына адал қызмет істеген белгілі жандар.



Ә.Б.Алдияров отбасымен, 1930 ж.

Әбубәкір Бермұхамедұлы Алдияров 1878 жылы Торғай облысы Николаев уезінің (қазіргі Қостанай облысы, Қарабалық ауданы) Сарыой болысында ауқатты отбасында дүниеге келді. Әкесі осы аймаққа белгілі адам болған, атасы Қаумен ел басқарған. Осындай отбасында өскен Әбубәкір Алдияровтың білім алуға мүмкіндігі мол еді. Ауыл молдасынан сауатын ашып, араб тілін меңгерді. Ол қазақтың көрнекті педагог-ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің алғашқы шәкірттерінің бірі болды. Торғай қаласындағы Ыбырай ашқан қолөнер мектебі қазақ даласындағы өзіндік мәні бар тұңғыш оқу орны болып саналды.

Әбубәкір сол қазақ балаларына арналған Торғай қолөнер училищесінде оқып жүріп, 1889 жылы ұстазы Ы.Алтынсаринмен бірге суретке түскен. Ол Алтынсариннің кеңесі бойынша 1891-1899 жылдары Орынбор ерлер гимназиясында оқып, жан-жақты білім алды. Гимназияда оқып жүргенде Торғай облысы қырғыздарына арналған шәкіртақыны пайдаланды. Тұрмысы жақсы, мәдениетті отбасында өскен Ә.Алдияров жастайынан зерек болады. Ол гимназияға орыс тілін еркін меңгеріп келді. Бұл оның гимназияны қиналмай аяқтап шығуына көп көмек етті. 1899 жылы Әбубәкір Алдияров Қазан императорлық университетінің медицина факультетіне түсті. Әкесі көмек көрсетуден бас тартып, генерал – адъютант Крыжановский атындағы шәкіртақыны алып оқыды. Бірақ шәкіртақыны тұрақты алып тұрмағандықтан көп қиыншылық көріп оқыды. Ауруханаларда кезекші болып қосымша жұмыс істеуге мәжбүр болды. Және осы тәжірибесі сот-дәрігерлік сараптамасында жұмыс істегенде пайдасын тигізді. Университетте жүргенде Ә.Алдияров

барлық пәндерден, әсіресе негізгі медициналық сабақтар – фармакология рецептурасынан, дәрігерлік диагностикадан, хирургиялық патология мен терапиядан жоғары бағалар алып оқыды. Ә.Алдияров университетті бітіріп, туған елге қайта оралады да, Ақтөбеде қалалық ауруханасына дәрігер болыптағайындалады. 1905 жылы қызмет бабымен Қостанай қаласына ауысып, 1908 жылы Троицк 2-ші қалалық төрт сыныптық училищесінің дәрігері болады. Троицк қаласында ол талантты хирург ретінде танылады, халық алдында және өзінің қызметтес жолдастары арасында зор беделге ие болады. Қазақтың көрнекті ақыны, ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыровқа көзіне жасаған күрделі отасы сәтті шығады. Сөйтіп, Ә.Алдияровтан көптеген адамдар емделіп шықты және оның алдына медициналық көмек алу үшін жұрттар ағылып барды.

Оның жары – Сейдалина Ажар Сұлтанқызы Троицкідегі қыздар гимназиясында білім алып, біраз уақыт мектепте бастауыш сынып оқушыларына орыс тілінен сабақ береді. 1916 жылы ол өмірлік серігі Ә.Алдияровпен «Алаш-Орда» партиясының ерікті мүшелері ретінде Белоруссияның Пин деген батпақты аймағына барады. Онда тылға жұмылдырылған қазақ солдаттары жұмыс істеді. Осы адамдардың әлахуалдары құлдық сияқты батпақты климатта, эпидемияда, тілді білмей, мардымсыз дұрыстап тамақтануға үйренбеген ауыр жағдайда болды. Осы сапарда Ә.Алдияровтың табандылығы, жұмысқа берілгендігін, әркімге көмектесу, жақындарына деген рақым, қайырымы байқалды. Қазақ солдаттарына дәрігерлік көмек көрсетеді және елдеріне оралуға билет, жолдарына азық-түлік алып

береді. 1917 жылы елге оралған соң Алаш қозғалысына белсене араласты. Қостанай «Алаш» қоғамының төрағасы және Торғай облыстық қоғамынан Алаш партиясының 2-ші съезіне делегат болып сайланды. 1918 жылы қазанның 14-17 аралығында өткен Қостанай уезі қазақтарының төтенше съезінде Алашорда автономиясы туралы баяндама жасады. Баяндама бойынша съезд «Қостанай уезі Алаш автономиясына қосылып, тек Алаш және Бүкілресейлік үкіметтердің билігін мойындайды» деген қарар қабылдады. Кейін әскерден Троицкіге қайта оралып, 1928 жылдың аяғына дейін ауруханада дәрігер болып еңбек етті. 1925 жылы ол төрт айлық білім жетілдіру курсынан өтеді. Алаш қозғалысына белсене араласқаны үшін 1928 жылы Өскеменге жер аударылды, ал атасы Алдияр Бермұхамедов және әкесінің мүліктеріне жеке акт жоқ деген сылтаумен оның 24 жыл дәрігерлік қызметте адал еңбегімен тапқан дүние-мүліктері тәркіленді. Кейін заңсыз түрде алынған мүліктерінің бір бөлігі қайтарылды. Ол Өскемен қаласында терапевт, балалар ауруханасында меңгеруші, жұқпалы аурулар емханасында дәрігер болып істеді. Сол жылдары аурудың асқынған түрі безгектің өршіп тұрған кезі еді. Қаланың дәрігерлері осы қауіпті жұқпалы аурумен күресу туралы насихат жұмыстарын жүргізді. Сонда безгектің алдын алу және ойдағыдай емдеу бойынша Ә.Алдияров қалалық денсаулық бөлімінен алғыс хат алды. Денсаулық бөлімінің меңгерушісі мен Алдияровтың арасында түсінбеушілік, әрі көреалмаушылықта болды. Қазір диагностиканың алғашқы элементі болып саналатын зертханалық анализдердің өрістемеген кезі болса да, ол қатесіз және дәл диагноз қоя білді.

1936–38 жылдары Қырғызстанның Қаракөл қаласында және Тараздағы теміржол ауруханасында қызмет істеді.

Алдияровқа 1938 жылы жала жабылып, ату жазасына кесілді. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірі. 1956 жылы 20 қыркүйекте ақталды. Ол талантты хирург ретінде танылды, халық алдында және өзінің қызметтес жолдастары арасында үлкен беделді иеленді. Қазақстанда денсаулық сақтау ісінің қалыптасуы жолында зор еңбек сіңірген талантты, байырғы дәрігердің жүрек соғуы 59 жасында тоқтады.



Біләл Аспандияров
1886-1958 ж.ж.

Ы.Алтынсариннің шәкірті, көрнекті педагог, ғалым, тарихшы және лингвист, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі Біләл Аспандияров 1886 жылы 22 наурызда Қостанай облысы, Қарабалық ауданында туған. Қостанайдағы Ыбырай Алтынсарин ұйымдастырған екі кластық, Орынбордағы мұғалімдер мектебінде оқыды.

Оқу-білімді талмай іздеп, меңгерген, үлгілі жастық шағын оның өзі ерекше ілтипатпен еске алады. «Өз өмірімде менің екі рет атқа мініп, алыс жол жүруіме тура келді. Мұның бірі – 1904 жылы кезінде Ыбырай Алтынсарин

ашқан Қостанайдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебін бітіріп, Торғайдың губернаторы Ломочевскийге бардым. Ол кезде әр облыста оқушыларға шәкіртақыны алуға рұқсат берілгенде ғана оқуға түсе алатын. Бірақ мұндай жәрдемді алу үшін қандай азапқа түсіп, қаншама жалбарыну керек еді? Қостанайда отырып жазып, мұғалімім Григорьев түзетіп берген, қалтама салып мәпелеп әкелген арызымда не жазылғаны әлі күнге есімде. Қаншама жалынғаныммен, шәкіртақы ала алмадым. Сондықтан да, Қазандағы мұғалімдер семинариясына түсуіме мүмкіндік болмады. Кейін көп азап шегіп жүріп, Орынбордағы мұғалімдер мектебіне түсіп, оқуға және шәкіртақы алуға құқық алдым. Алайда, 1905-1907 жылғы революциялық күндерде патша үкіметіне қарсы жасалған демонстрацияға қатыс-қандығым үшін бұл мектептен де шығарылған болатынмын».

Жиырмамыншы жылдардың басында Аспандияров қазақ өлкесінде халық ағарту ісін ұйымдастыруға тікелей араласады. Федоров уездік ағарту комитетінің мүшесі болған ол ауыл-ауылдарға мектептер ашу, қазақ балаларын оқуға тарту жұмыстарына белсене кіріседі. Ғалым қазақ мектептеріне арналған «Русская книга для казахских школ», «Учебник русского языка для начальной школы» және «Учебник русского языка для военно-обязанных казахов» атты алғашқы оқулықтар мен әдістемелік құралдарын жазды. Аса көрнекті педагогтердің шығармаларын, «Логика» оқулығын қазақ тіліне тұңғыш рет аударды, алғашқы «Орысша-қазақша сөздік», «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» құрастырды.

1909-1923 жылдары Қостанай уезінде ауылдық мектептің мұғалімі болды. Бұл жылдары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Омарұлы, Смағұл Сәдуақасов секілді Алаш арыстарымен тығыз қарым-қатынас жасады. Жиырмамыншы жылдардың басында уездік оқу-ағарту комитетінің мүшесі болып тағайындалады. Қостанай өңірінде жаңа мектептер ашуға белсене қатысқан Біләл Аспандияров мұғалім кадрларын даярлайтын арнайы оқу орны қажет екенін алға тартып, 1923-1925 жылдары Қостанай педагогикалық техникумының ұйымдастырушысы, оның директоры болып тағайындалады. Кейін Алматыда Жетісу халық ағарту губерниялық бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. 1931 жылы Қазақ педагогикалық институтының тарих-экономика факультетін бітірген.

Мәскеуде өткен халық ағарту бөлімдері меңгерушілері Бүкіл Ресейлік съезіне делегат болып қатысқан. Кейінгі жылдары Ағарту институтының, жоғарғы оқу орындарының оқытушысы, КСРО Ғылым Академиясы қазақ филиалының, Қазақ ССР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институтының аға ғылыми қызметкері қызметтерін атқарады.

Аспандияров 1945 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі деген атақ алса, 1950 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

Ғылыми еңбекті оқытушылық қызметпен ұдайы ұштастыра жүргізген Біләл Аспандияровтың қолынан талай мыңдаған қазақ жастары тәлім-тәрбие алып шықты.

Біләл Аспандияров «Бөкей Ордасының құрылуы мен таратылуы» атты ғылыми еңбегі негізінде кандидаттық диссертациясын да сәтті қорғайды.

Онда қарастырылған мәселенің ғылыми негізділігі, объективтілігі жоғары дәрежеде болғандықтан, бұл өте сирек кездесетін ғылыми еңбек ретінде бағаланды.

XIX ғасырдың аяғында қазақ даласында Шоқан, Ыбырай, Абай, Салық Бабжановтар ұстанған халық ағарту идеясын XX ғасырдың басында ұлттық-демократиялық зиялылар қауымы ұлы ұран дәрежесіне көтерді. Кеңестік саясаттың тар шеңберіне шырмалып, ойлаған мақсаттарын іс жүзіне асыра алмаған асылдар күрестің жаңа бір тәсіліне – ғылым, білім майданына ауысты. Осы жылдары қазақстан халық ағарту саласы мен ғылымында үлкен өзгерістер болғаны баршаға аян. Ал осы бір оң нышанның қоғамда көрініс табуы ең алдымен А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Садуақасов және тағы басқа ұлт зиялыларының қызметтеріне тікелей қатысты болғаны белгілі. Біләл да сол бір тар заманда осы кісілермен дәмдес болып, қоян-қолтық қызмет жасаған еді. Есімдері аңызға айналған ағалар тәлімін көрген ол сол жылдары халық ағарту саласының жандануына белсене араласты. Ы.Алтынсарин ашқан қасиетті мектептен түлеп ұшқан, Алаштың асылдары салған сүрлеуден өз жолын тапқан Біләл ғұмырының тең жартысы халық ағарту салаларын ұйымдастыру мен басқару жұмыстарына кетті. Халқының неге мұқтаж, неге зәру екенін көзімен көріп, көкірегіне түйген Біләл жаңа мектептер ұйымдастырып, қараңғыда қарманған халқына жарықты көрсетуші ретінде баға жетпес еңбек атқарған қайраткерлердің бірі болды. Өзінің ғылыми-көпшілік еңбектеріне негізінен ұлттық тарихты арқау ете отырып, шын мәнінде ұстаздарының қызметін жалғастыра берді. Ұлттық

рухтың үзілмеуін, ұрпақтың өткен күндерді ұмытпай, келешек күрестерге дайын болуын жан-дүниесімен қалады.

Ол Ы.Алтынсарин мен Л.Толстойдың адамгершілік педагогикасының өкілі болды. Оның әдептілік және азаматтық позициясының негізі – әр адам ар-ұждан, ұят, намыс, міндет, кәсіпқойлық секілді қасиеттерді өз бойына сіңіріп, еш уақытта құбылмалы болмауы.

Қайтпас қайсар тұлға, белгілі ағартушы-ғалымның кейінгі жылдардағы өмірі мен ғылымдағы үздіксіз қызметі де ел өмірі, ел тарихымен тікелей байланысты еді. Соның ішінде, әсіресе, Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің «Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» деп аталатын атақты қаулысынан кейінгі кез... Соның ізінше тарихшы-ғалым Ермұхан Бекмахановтың «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» атты ғылыми еңбегі төңірегінде өршіген дау-дамайдың кезінде, білікті, адал, өжет ғалым, тарихшы, лингвист, ана тілінің тамаша білгірі, көсемсөзші, ағартушы Біләл Аспандировтың есімі ерекше айқын естілді.

Халқының келешегі жолында еңбек еткен есіл ерлер еңбегі мен мұралары жұртымен бірге жаңғырып, ұрпақтарымен бірге жасайды.

Ұлағатты ұстаз ізбасарларының бәрі де өз ісіне үнемі адал, еңбекқор, ізденімпаз.

Ыбырай Алтынсарин және оның ісін жалғастырушылардың игілікті еңбектері арасындағы сабақтастық әрқашан жалғасын табады. Кезінде Торғай облысында білім алған, сауатты жастар Ыбырайды өзіне ұстаз тұтып, оның ұлағатты жолымен жүруді,

175 ЛЕТ ВЕЛИКОМУ ПРОСВЕТИТЕЛЮ КАЗАХСКОГО НАРОДА И. АЛТЫНСАРИНУ

ісін ілгері қарай апаруды өздерінің азаматтық борышы деп есептеді.

Қазақ балалары, ұядағы ұрпақ қамы жолында білімнен сәулелі шырақ іздеген, бүкіл ғибратты ғұмырын елді

жаппай сауаттандыруға жұмсаған ағартушы ұстаз Ы.Алтынсарин шәкірттер үшін ғана емес, егеменді елдің рухани әлемінде ұлы тұлға болып қала бермек.



ADDRESSING LANGUAGE DIFFICULTIES IN AN INCLUSIVE CLASSROOM

Y. A. Baizhanov, S. A. Kadyrova

Nazarbayev Intellectual School of Physics and Mathematics direction in Aktobe

Аңдатпа. Мақалада инклюзивті білім беру ортасын құрудың жоғары класс оқушыларының лингвистикалық қиындықтарын шешудегі тиімділігі қарастырылады. Жасөспірімдердің жаргондарды қолдануы, тілдерді ауыстыра сөйлеуі, қарапайым тіл мен жай сөйлемдерді қолдануы, сөздік қорының аздығы және сөздердің орынсыз қолдануы жиі кездесетін лингвистикалық қиындықтар ретінде талқыланады. Сонымен қатар, авторлар оқыту процессінде осындай қиындықтармен кездесетін мұғалімдерге ұсыныс жасайды.

Аннотация. В статье рассматривается эффективность создания инклюзивной образовательной среды в решении лингвистических затруднений у детей старших классов. Использование подросткового жаргона, смешивание языков, ограниченный словарный запас, использование простого языка и слишком коротких структур предложения, а также неправильное использование слов рассматриваются в этой статье, как часто встречаемые лингвистические затруднения учеников подросткового возраста. Кроме этого, авторы статьи дают некоторые рекомендации для учителей, которые сталкиваются с такими же трудностями в своих классах.

Abstract. This study explores the effectiveness of inclusive classroom setting in addressing language difficulties at a senior school phase. The use of teen jargon, mixing languages, limited vocabulary, the use of simple language and short sentence structures, and the incorrect use of words are considered in this article as commonly used by teenage students at the senior stage. Besides, the authors provide some recommendations for those teachers who encounter the same difficulties in their classrooms.

Introduction

There has been a shift towards promoting greater attention to inclusive education practice in the educational system of Kazakhstan in recent years. Ministry of Education and Science and government officials are paying more attention to this situation currently. The legislation of the Republic of Kazakhstan according to fundamental international documents in the field of education provides the principle of the equal rights for education for children with special needs [1].

One thing to note is that educators and society mostly consider health and mental impairments as a concern for promoting inclusive education. Debates and discussions in the mass media or society predominantly circle around these types of disability. However, nowadays inclusivity is studied in a broader definition rather than

physical and cognitive disabilities. According to the Inclusive Design Research Center at OCAD University, inclusivity also comprises the full range of human diversity with respect to ability, language, culture, gender, age and other forms of human differences [2]. Therefore, in this article, we would like to consider language barriers as an issue to study within inclusive education.

As teachers, in everyday teaching practice we face the situations where some students have special language barriers, which is also a subject to inclusive education. Unfortunately, some of these students are not recognized by teacher and even parents as learners with special needs. Hamre and Pianta consider inclusion as “welcoming all students, recognizing their multifaceted identities, and reconfiguring an educational space that capitalizes on everyone’s unique qualities, experiences,

and strengths” [3]. Accepting all students with different social, economic, cultural and learning backgrounds causes many issues for educators in providing academic and language support. We do believe that our mission as teachers is to help such learners not only in getting knowledge but also in becoming full members of society.

This article comprises three main sections: defining language barrier, understanding language barrier, addressing language barriers in inclusive class with follow up conclusion. In order to give readers a fill – in the authors give the definitions to language barrier by citing several researchers. In the theoretical framework the authors provide an overview of the components of language and the main types of language difficulties that learners may present in senior school phase such as the use of teen jargon, mixing languages, limited vocabulary, the use of short sentence structures and the incorrect use of words. Afterwards the authors list thorough examples of how language difficulties could be minimized within an inclusive classroom context.

Defining language barrier

Language barrier is a group of conditions which is characterized by the late appearance or slow development of language in children who do not have sensory, motor, emotional, or general intellectual deficits that might be considered basic to their difficulties [4].

According to National Institute on Deafness and Other Communication Disorders of the USA, language barrier is a language impairment that delays the mastery of language skills in children. It is also called developmental language delay. It is one of the most common childhood learning disabilities, affecting approximately 7 to 8 percent of children in kindergarten and then its impact persists in adulthood [5].

Another definition is given by Hallberg, who stated that language barrier is a kind of “psychological barrier in which language is a psychological tool that affects the communication being put across” [6].

Understanding language barrier

Language barriers are problems with

age-appropriate reading, spelling, and/or writing. These impairments are not about how intelligent a learner is. Most learners diagnosed with learning difficulties have average to superior intelligence. However, as teachers of senior classes we would like to scrutinize specific manifestations of spoken language difficulties in senior school phase. Besides, the decision made recently by the Ministry of Education and Science about gradually introducing trilingual education in schools across Kazakhstan makes this issue topical [7]. Studying several natural-scientific disciplines in English in grade 11 and 12 will be challenging for students as well as for teachers.

To begin with, language difficulties that teenage students have are less noticeable at this stage. According to Dednam, teenage students could have the following language difficulties: the use of teen jargon, mixing languages, limited vocabulary, the use of simple language and short sentence structures, and the incorrect use of words [8]. Teenagers are very sensitive and try to hide the impairments in order to avoid mockeries from their peers. In most cases they use teenage jargons or slangs that are understandable only among them and refuse from the help, especially from teachers. Therefore, before correcting or attempting to help, a teacher should become a friend for a child in order to establish liaison.

As mentioned above, teachers could hardly identify the impairments as teenagers usually use slangs instead of standard language. Usage of slangs disturbs teaching as well as learning processes even though some common expressions are quite familiar among schoolchildren. However, permanent usage of slangs could become an obstacle in getting future carrier.

Moreover, bilingualism or mixing languages is a norm for Kazakhstani students as more than hundreds nationalities live here. Even in Kazakh classes learners used to speak Russian sometimes. Mixing languages is a huge problem not only for senior students, but for the whole nation. Also, with the growing number of various

gadgets and social sites children stop reading; they are not motivated to discover anymore, sometimes they just lose interest to learning. They use only limited vocabulary for daily life; their sentences are basic and short. However, there are some students who do not remember some words and in order to explain what they want they use synonyms [8].

Addressing language barriers in an inclusive classroom

This section provides the information on how to address language barriers in an inclusive class. To begin with, on a school basis it is recommended to talk to the parents and relatives as long as possible. Actually building a good rapport with parents is a key in facilitating their children in order to work collaboratively. Another thing is holding a discussion with the learners themselves about their difficulties. Building trustful relationships with them is also essential; otherwise they would accept it as a criticism. Other steps are described in greater details:

- Before doing something teachers should become enough qualified, in other words, to visit professional development courses, talk to fellow colleagues, consult with speech therapists, read appropriate materials. Creating the Learning Support Team is an option in providing a supportive learning environment, which could identify learners' strengths, weaknesses and interests, favorite subjects and even outside school preferences [9].

- School administrators should also encourage the beginnings of the teacher by providing Professional Development courses and facilities. Pre-service trainings are another option of the preparation of prospective teachers and practitioners.

On the countryside level, some special clubs could be organized by local governmental organizations, in which children can read the scenario of poems and perform them. Moreover, local authorities could organize meetings where famous experts could give motivational speech for teachers, students and parent. In addition,

mass media could be implemented to draw society's and stakeholders' attention on language barriers.

The idea of full inclusion classes requires budgeting, facilities supplying and highly-qualified practitioners. However, in our opinion the initial task of the government should be organizing public education about the inclusiveness in our society. Secondly, highly-qualified specialists and tutors, who could help children with physical impairments to move at school, are needed to be to prepared [1].

Conclusion

The improvement of the system of inclusive education is one of the priority directions of the State program of the Republic of Kazakhstan. The aim of this article has been to discuss the language impairments which are met among teenage students in high school; to present recommendations that address the language barriers in senior school phase with a view to promote inclusivity.

However, these language impairments should be addressed not only in a classroom setting, but also on the governmental level. Based on the theoretical framework and personal experience the authors suggested the ways of addressing language barriers. Firstly, on a school basis to create Learning Support Team that helps to identify student's strengths and weaknesses. Secondly, one of the good outcomes for learners with language difficulties could be achieved through close partnership and interaction between parents and professional on a community level. The support on the governmental basis in the form of the preparation of the whole school starting from the classrooms and ending the yard of the school could help to implement inclusiveness in mainstream schools. The pre-service trainings and professional developments of qualified teachers are also crucial in this case. Finally, the propaganda and mass media could attempt to change the attitude of people to the issue of inclusiveness.

References

- 1 *Inclusive education in Kazakhstan, 2015. Electronic government of the Republic of Kazakhstan, <http://www.egov.kz>*
- 2 *What is Inclusive Design? Inclusive Design Research Centre. OCAD University. <http://www.idrc.ocadu.ca>*
- 3 Hamre, B. K., & Pianta, R. C. *Learning opportunities in preschool and early elementary classrooms. In R. Pianta, M. Cox, & K. Snow (Eds.), School readiness & the transition to kindergarten in the era of accountability. Baltimore: Brookes. 2007. - pp. 49-84.*
- 4 Evans C., Ryan D., McCullough A. *Speech, Language and Communication Difficulties, Resource Pack for Special Educational Needs, 2011. pp. 403-405.*
- 5 *National Institute on Deafness and Other Communication Disorders. U. S. Department of Health & Human Services, 2011. Retrieved From <http://www.nidcd.nih.gov/health/voice/pages/specific-language-impairment.aspx>*
- 6 Hallberg, D. *Sociocultural and Cognitivist Perspectives on Language and Communication Barriers in Learning. International Journal of Behavioral, Cognitive, Educational and Psychological Sciences, 2010. Vol.5, № 8. - pp. 533-542.*
- 7 *Trilingual education implemented in 117 schools in Kazakhstan – MES RK. <http://www.primeminister.kz>*
- 8 Dednam, A. *Addressing barriers to Learning. A South African Perspective. First Language problems, In: Lansberg, E. (Ed.). 2005. Pretoria: Van Schaik.*
- 9 *Professional Development for Teachers. 2013. [Video file] Retrieved from <https://www.youtube.com/watch?v=OHq5ujbvwRM>*

1. Басылымдарға қазақ, орыс және шетел тілдерінде педагогикалық бағытта жазылған мақалалар қабылданады. Шетел тілінде жазылған мақалаларды жариялау жағдайында, нотариус арқылы расталған, мәтіннің қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріледі. Қолжазбаны автор мұқият тексеріп, редакциялап шығуы тиіс.

2. Ғылыми дәрежесі жоқ авторлардың мақалаларына ғылым докторының немесе кандидатының, философияның PhD докторының рецензиясы қоса берілуі тиіс.

3. Компьютерде терілген қолжазба мақалалар 1 данада, жол аралығы бір интервал, парақтың бір жақ бетіне басылған, парақтың жол жиегі: сол жағы - 30 мм., оң жағы – 15 мм., үстіңгі және астыңғы жолағы – 20 мм. және «Windows үшін Word 7,0 (97. 2000)» мәтіндік редакторында электрондық нұсқада қабылданады.

4. Қолжазбаның көлемі (кестелерді, әдебиеттер тізімін, суреттердің жазбаларын, суреттерді қосқанда) **3 беттен** кем болмауы және **10 беттен** аспауы тиіс.

5. Суреттер көлемі мақаланың 1/4 көлемінен аспауы тиіс.

6. Мақала қатаң түрде келесі **ережелерге** сәйкес ресімделуі керек:

- әмбебап ондық жіктеме кестесі бойынша **ӘОЖ**;

- **мақала атауы** мақаланың мазмұнын нақты ашуы тиіс және 8-10 сөзден аспауы керек; техникалық параметрлері: кегль – 14-пункт, қаріп түрі – **Times New Roman** бас әріппен, қалың шрифтпен, азат жол ортаға дәл келтірілуі тиіс;

- **автор(лар)дың аты-жөн(дер)і**, сондай-ақ **мекемелердің толық атауы** келесі техникалық параметрлерге сәйкес келуі керек: кегль – 14-пункт, қаріп түрі – Arial, азат жол ортаға дәл келтірілуі тиіс;

- **андапта** кіріспе сөздерді қамтымай, мақаланың басты ақпаратынан түйін беруі тиіс, көлемі 15 қатардан аспауы керек, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде келесі параметрлерге сәйкес жазылуы қажет: кегль – 12-пункт, қазақ тілі үшін қаріп түрі – KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдері үшін қаріп түрі – Times New Roman, оң жақ-сол жақ шегінісі – 1 см., жол аралығы бір интервал;

- **тірек сөздер (8-10 сөзден аспауы керек)**: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, кегль – 12-пункт, қазақ тілі үшін қаріп түрі – KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдері үшін қаріп түрі – Times New Roman, оң жақ-сол жақ шегінісі – 1 см., жол аралығы бір интервал;

- **мақала мәтіні**: кегль – 14-пункт, қазақ тіліндегі мақалалар үшін қаріп түрі – KZ Times New Roman, орыс, ағылшын және неміс тілдеріндегі мәтіндер үшін қаріп түрі – Times New Roman, жол аралығы бір жарым интервал;

- мақала **кіріспеден** басталады, онда тақырыптың өзектілігі қысқа, ықшам әрі нақты көрсетіледі, ғылымилығы (міндеттері) тұжырымдалады;

- мақала негізгі **қорытындымен** тұжырымдалады, онда кіріспеден қозғалған мәселеге нақты жауап болуы тиіс;

- **мақаладағы сілтемелер және/немесе пайдаланылған әдебиеттер** 2003 жылғы МЕМСТ 7.1-тармағы бойынша ресімделуі тиіс. Библиографиялық жазба, библиографиялық сипаты. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережесі (2003 жылғы МЕМСТ 7.1-тармағы, стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық Кеңес қабылдаған). Жұмыстардың тізімі оларды мәтінде ескеру тәртібімен ұсынылады. Барлық сілтемелер түпнұсқа тілінде көрсетіледі (латын қарпін пайдаланбайтын жапон, қытай және басқа тілдердегі атаулар орыс тіліндегі транскрипциясымен жазылады. Ең алдымен қазақ тіліндегі, содан соң орыс тіліндегі және әліпбилері туыстас (украин, болгар және т.б.) тілдердің, келесі кезекте латын әліпбиімен берілген еңбектер көрсетіледі. Қолжазбадағы сілтемелер мен ескертулер реттік нөмірмен белгіленеді және төрт бұрышты жақшаларға алынады;

- мәтіндегі **кестелер** сілтемелерден соң орналастырылады, мәтінде оларды ескеру тәртібімен нөмірленеді, әр кестенің өз тақырыбы, атауы болуы тиіс. Диаграммалар мен графиктер кестені қайталамауы тиіс. Кестелердегі материалдар мәтінге қосымша мәліметсіз түсінікті болуы тиіс. Кестеде пайдаланылған барлық қысқартулар кестенің астында орналастырылған ескертуде анық берілуі қажет;

- **суреттер** TIFF (*.TIF) немесе JPG форматында (Word-қа орналастырудың қажеті жоқ) жеке файлмен ұсынылады. Әр суретке мәтінде бір сілтеме болуы тиіс, суреттер реттік нөмірмен белгіленеді, суреттердің астындағы жазбалары толық ақпаратты қамтуы тиіс;

- қысқартулардың тек жалпы қабылданған нұсқаларына ғана рұқсат етіледі – өлшемдердің, физикалық, химиялық және математикалық шамалар мен терминдердің және т.б. атаулары;

- Математикалық формулалар Microsoft Equation ретінде терілуі тиіс (әр формула – бір объект).

7. Редакция мақалаға әдеби және стилистикалық өңдеу жүргізбейді. Қолжазба авторларға қайтарылмайды. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес ресімделмеген мақалалар журнал бетіне жарияланбайды.

8. Мақала қолжазбасын және электронды нұсқасын келесі мекенжай бойынша жолдауларыңызға болады: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Орынбор к-сі, 4, «Алтын Орда» БО, 15-қабат, каб. 1507. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

9. **Байланыс тел:** 8 (7172) 57-66-49

E-mail: bilim-edu.2003@mail.ru

// жазылу индексі 75754

10. **Автор туралы мәліметтер бөлек бетте** (қағазды және электронды нұсқада) жазылады:

- толық Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, жұмыс орны (журналдың «Біздің авторлар» бөлімінде жариялау үшін);

- толық пошталық мекенжайы, қызметтік және үй телефондарының нөмірлері, E-mail (редакцияның авторлармен байланысуы үшін, электронды мекенжай журналға жарияланбайды);

- мақала атауы және автор(лар)дың аты-жөн(дер)і қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылуы тиіс («Мазмұны» үшін).

ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

1. К публикациям принимаются **статьи** на казахском, русском, иностранных языках. В случаях, когда статьи публикуются на иностранном языке, прилагается нотариально заверенный текст перевода на казахский или русский язык. Рукописи должны быть тщательно выверены и отредактированы авторами.

2. Статьи авторов, не имеющих ученой степени, должны сопровождаться **рецензией** доктора или кандидата наук, или доктора философии PhD.

3. Рукописи статей принимаются в 1 экземпляре, набранных на компьютере, напечатанных на одной стороне листа с одинарным межстрочным интервалом, поля: левое - 30 мм, правое - 15 мм, верхнее - 20 мм, нижнее - 20 мм, а также электронный вариант со всеми материалами в текстовом редакторе «Word 7,0 (97, 2000) для Windows».

4. **Объем рукописи** (включая таблицы, список литературы, подписи к рисункам, рисунки) не должен превышать 10 страниц.

5. **Объем рисунков** не должен превышать 1/4 объема статьи.

6. Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими **правилами**:

- **УДК** по таблицам универсальной десятичной классификации;
- **заглавие статьи** должно точно отражать содержание статьи и состоять из не более 8-10 значащих слов; технические параметры: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, заглавные, жирные, абзац центrovанный;

- **инициалы и фамилия(-и) автора(-ов)**, а также полное **название учреждения** должны соответствовать следующим техническим параметрам: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Arial, абзац центrovанный;

- **аннотация** должна быть лишена вводных фраз, содержать только главную информацию статьи, не превышать объем 15 строк, выполняться на казахском, русском и английском языках по следующим параметрам: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа - 1 см, межстрочный интервал - одинарный;

- **ключевые слова (не более 8-9 слов)**: на казахском, русском и английском языках по следующим параметрам: кегль - 12 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка), курсив, отступ слева-справа - 1 см, межстрочный интервал - одинарный;

- **текст статьи**: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, межстрочный интервал - полуторный;

- статья начинается с **введения**, в котором очень кратко, сжато и лаконично отражается обоснование актуальности темы, формулировка научной проблемы (задачи);

- статья завершается формулировкой основного **вывода**, которая должна содержать конкретный ответ на вопрос, поставленный во введении;

- **пристатейные ссылки и/или списки пристатейной литературы** следует оформлять по ГОСТ 7.1 - 2003. Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления (ГОСТ 7.1 - 2003 Принят Межгосударственным Советом по стандартизации, метрологии и сертификации (протокол № 12 от 2 июля 2003 г.). Список работ представляется в порядке упоминания их в тексте. Все ссылки даются на языке оригинала (названия на японском, китайском и других языках, использующих нелатинский шрифт, пишутся в русской транскрипции). Сначала приводится список работ на казахском, русском языке и на языках с близким алфавитом (украинский, болгарский и др.), а затем - работы на языках с латинским алфавитом.

Ссылки и примечания в рукописи обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки;

- **таблицы** помещаются после ссылки в тексте, нумеруются в порядке упоминания их в тексте, каждая таблица имеет свой заголовок. Диаграммы и графики не должны дублировать таблицы. Материал таблиц должен быть понятен без дополнительного обращения к тексту. Все сокращения, использованные в таблице, должны быть пояснены в Примечании, расположенном под ней;

- **рисунки** (только черно-белые) представляются отдельными файлами с расширением TIFF (*.TIF), или JPG (не встраивать в Word). На каждый рисунок должна быть одна ссылка в тексте, нумерация у рисунков - сквозная, подписи к рисункам должны содержать достаточно полную информацию;

- **сокращения** разрешаются применять только общепринятые - названия мер, физических, химических и математических величин и терминов и т. п.;

- **математические формулы** должны быть набраны как Microsoft Equation (каждая формула - один объект).

7. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются.

8. Рукопись и электронный вариант с материалами следует направлять **по адресу**: 010000, Республика Казахстан, г. Астана, ул. Орынбор, 4, БЦ «Алтын Орда», 15-этаж, каб. 1507. Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина.

9. Контакты:

Тел. (8 7172) 57 66 49

Е-mail: bilim-edu.2003@mail.ru

// подписной индекс 75754

10. На отдельной странице (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе: - Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание, место работы (для публикации в разделе «Наши авторы»);

- полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, Е-mail (для связи редакции с авторами, не публикуются);

- название статьи и фамилия (-и) автора (-ов) на казахском, русском и английском языках (для «Содержания»).

CONTENT

**175 YEARS OF THE GREAT EDUCATOR OF KAZAKH
PEOPLE YBRAI ALTYSARIN**

<i>Welcome speech of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan E. K. Sagadiyev.....</i>	3
<i>Welcome speech of the rector of Kazan federal university Ilshat Gafurov.....</i>	5
<i>Welcome speech of the director of National institute of education of the Republic of Belarus S. A. Vazhnik.....</i>	6
<i>Zh. Zhilbav</i>	
<i>Example of a great teacher (To the 175th anniversary of Altynsarin).....</i>	7
<i>A. Mirazova</i>	
<i>In the footsteps of Ybrai.....</i>	11
<i>S. Kaliuly</i>	
<i>Y. Altynsarin – founder of education in Kazakhstan, the great educator, a Democrat, educator.....</i>	15
<i>E. Berezhnova</i>	
<i>The intrinsic value of a good teacher.....</i>	19
<i>R. Basharuly</i>	
<i>The environment in which grew Ybrai Altynsarin: sample beneficence and historic relationship.....</i>	23
<i>N. Asipova</i>	
<i>The viability of pedagogical ideas and activities of Y. Altynsarin.....</i>	27
<i>E. Abil</i>	
<i>Consonance educational ideas of Ybrai Altynsarin modern trends in the modernization of the education system of the Republic of Kazakhstan.....</i>	35
<i>K. Kalkeeva</i>	
<i>Ybrai Altynsarin – the founder of the national education paradigm.....</i>	39
<i>S. Ospanuly</i>	
<i>«How the «Kazakh anthology» was written?».....</i>	45
<i>S. Ospanuly</i>	
<i>Ybrai and Abay.....</i>	50
<i>E. Arykkara</i>	
<i>Islamic values in understanding of Ybrai.....</i>	56
<i>S. Amirgazin</i>	
<i>Expecting the future of the nation.....</i>	60
<i>R. K. Kuanova</i>	
<i>In the wake of Ybray in Irgiz.....</i>	65
<i>Z. Baltabaeva</i>	
<i>Students and followers Ybrai Altynsarin.....</i>	69

THEORY AND PRACTICE OF TEACHING

<i>Y.A. Baizhanov, S.A. Kadyrova</i>	
<i>Addressing language difficulties in an inclusive classroom.....</i>	83
<i>Rules for authors.....</i>	88

Журналдың құрылтайшысы:

*«Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.*

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2008 жылғы 30 желтоқсанда №9838-ж куәлігімен тіркелген.

Құрметті оқырмандар мен авторлар!

Журналда жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына, сондай-ақ стилистикалық қателерге авторлар жауапты.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Меншік иесі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК.
2000 жылдың мамырынан шыға бастады.
Басылым 3 айда бір рет шығады.

Мекенжайы:

010000, Астана қ., Орынбор көшесі, 4 "Алтын Орда" БО, офис-1500.
Тел.: 8 (7172) 57-66-49

E-mail: bilim-edu.2003@mail.ru

Басуға 28.10.2016 ж. қол қойылды.
ш.б.т. - 4,75 RISO басылым.
Таралымы - 300 дана.

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-ның баспа орталығында басылып шығарылды

Учредитель:

*РГКП «Национальная академия образования им. И. Алтынсарина»
Министерства образования и науки Республики Казахстан*

Поставлен на учет Министерством культуры и информации РК. Свидетельство № 9838-ж от 30.12.2008 г.

Уважаемые читатели и авторы!

Опубликованные в журнале материалы не отражают точку зрения редакции.

Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях, а также за стилистические ошибки несут авторы.

Перепечатка материалов, опубликованных в журнале, допускается только с согласия редакции.

Собственник: РГКП «Национальная академия образования им. И. Алтынсарина»
Министерства образования и науки РК.
Журнал издается с мая 2000 года.
Периодичность 1 раз в 3 месяца

Наш адрес:

01000, г. Астана,
ул. Орынбор, 4,
БЦ "Алтын Орда", офис 1500.
Тел.: 8 (7172) 57-66-49

E-mail: bilim-edu.2003@mail.ru

Подписано в печать 28.10.2016 г.
Усл.печ.л. - 4,75. Печать RISO.
Тираж - 300 экз.
Отпечатано
в издательском центре
НАО им. И. Алтынсарина.